А. бұрын сотталмаған, ҚК-нің 28-бабының бесінші бөлігімен, 189-бабы төртінші бөлігінің 2) тармағымен кінәлі деп танылып, ҚК-нің 50-бабында көрсетілген лауазымдарды атқару құқығынан өмір бойына айырылып, 7 жылға бас бостандығынан айыруға, жазасын қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемесінде өтеуге сотталған.

ҚК-нің 74-бабының бірінші бөлігі қолданылып, жас балалары бар әйел болғандықтан жазасын орындау үш жылға дейінгі мерзімге кейінге қалдырылған.

Т.-дан мемлекет пайдасына 15 609 теңге баж салығы және сыбайласы Д.-дан ортақ тәртіппен 520 288 теңге материалдық залал, Қазақстан Республикасының Жәбірленушілерге өтемақы қорына 53 020 теңге мәжбүрлі төлем өндірілген.

Іс бойынша заттай дәлелдемелердің мәселесі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 118-бабында белгіленген тәртіппен шешілген.

Сот үкімімен Т. мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген лауазымды адам бола тұрып, адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті аса ірі мөлшерде иемденіп, талан-таражға салуға көмектескені үшін кінәлі деп танылған.

Осы үкіммен Д. мен С. да сотталған. Оларға қатысты сот актілерін кассациялық тәртіпте қайта қарау туралы өтінішхат келтірілмеген.

Қызылорда облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылғы 6 қазандағы қаулысымен сот үкімі өзгеріссіз қалдырылған.

Бірінші сатыдағы сот іс бойынша заң талаптарын сақтай отырып, сот тергеуін жан-жақты жүргізіп, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы жинақтаған және сот отырысында тікелей зерттеліп, объективті бағаланған, дәйектілігі жағынан күмән келтірмейтін дәлелдемелер жиынтығын негізге алып, Т. үкімде сипатталған қылмыстық әрекетті жасағаны үшін кінәлі деп дұрыс тұжырым жасаған.

Іс материалдарынан анықталғандай, Т. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Байқоңыр қаласындағы өкілдігі Қаржымен қамтамасыз ету бөлімінің жетекші маманы қызметіне тағайындалғанда осы бөлімде қызмет атқаратын Д. қылмыстық әрекетін одан әрі жалғастыру мақсатында өзінің қылмыстық ниетімен бөлісіп, Т.-ға ұсыныс жасаған. Т. өз кезегінде ұсынысты қабылдап, Д.-ның тапсырмасына сай қызметкерлерге жалақы төлеу құжаттарын әзірлеу кезінде өзінің және Д.-ның есепшоттарында артық ақшалай қаражаттарды көрсетіп, аударуды өз міндетіне алған.

Осылайша, Т. 2018 жылдан бастап 2020 жылдың наурыз айы кезеңінде сыбайласы Д.-ның 10 881 102 теңгені жымқыруына жәрдемдесіп, өзінің есепшотына 1 531 716 теңгені заңсыз аударып, осы ақшаны өз пайдасына жаратқан.

«Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі № 8 нормативтік қаулысының 15-тармағына сәйкес, заңсыз иемденген бөтеннің мүлкінің мөлшері айлық есептік көрсеткішке шаққанда еселеніп анықталатындықтан, саралау кезінде қылмыстық құқық бұзушылық жасалған сәтте Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген айлық есептік көрсеткіш қолданылады.

Басты сот талқылауында Т.-ның сыбайласы Д.-мен бірге құқыққа қайшы іс-әрекеттерін 2020 жылдың наурыз айына дейін жалғастырғаны өздерінің біркелкі айғақтарымен қатар қылмыстық қудалау органы ұсынған дәлелдемелердің жиынтығымен объективті расталады.

2020 жылғы қаңтар - сәуір кезеңінде айлық есептік көрсеткіш 2 651 теңге болып белгіленген. Осы себепке орай бірінші сатыдағы сот Т.-ның қылмыстық іс-әрекеті арқылы келтірілген залалдың көлемін «аса ірі мөлшер» деп дұрыс анықтаған.

Бірінші сатыдағы сот әрбір дәлелдемені оның қатыстылығы, жарамдылығы, анықтығы, ал барлық жиналған дәлелдемелерді өз жиынтығында қылмыстық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан бағалап, Т.-ның қылмыстық іс-әрекетін ҚК-нің 28-бабының бесінші бөлігімен, 189-бабы төртінші бөлігінің 2) тармағымен дұрыс саралаған.

Сот Т.-ның жасаған қылмыстық құқық бұзушылығының сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесін, жеке басының деректерін, қылмыстық жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін мән-жайларды ескеріп, әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру мақсатында сот актісінде жаза түрі мен

мерзімін тағайындаудың уәждерін толық көрсетіп, ол кінәлі деп танылған қылмыстық заңның санкциясы шегінде әділ жаза тағайындаған.

Апелляциялық сатыдағы сот айыптау үкімінің заңдылығы мен негізділігін тексеру барысында қорғаушы тараптың сотталған адамның іс-әрекетін қайта саралап, жеңіл жаза тағайындауды сұраған уәждерін жан-жақты тексеріп, сотталған адамның құқыққа қайшы іс-әрекеті дұрыс сараланып, ол кінәлі деп танылған қылмыстық заңның төменгі санкциясы шегінде жаза тағайындалған деген негізді тұжырымға келген.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы сотталған Т.-ға қатысты жергілікті соттардың сот актілерін өзгеріссіз қалдырды.

Адвокат М.-ның өтінішхаты қанағаттандырусыз қалдырылды.

## Жаза тағайындау

### **Сотталған адамға тағайындалған жаза ҚК-нің 55-бабы екінші бөлігінің 2) тармағында көзделген қағидалар бойынша төмендетілуге жатады**

2023 жылғы 31 наурыз

№ 2уп-75-23

Шымкент қаласы Әл-Фараби аудандық сотының 2022 жылғы 17 маусымдағы үкімімен:

Д., бұрын сотталмаған, ол ҚК-нің 366-бабы үшінші бөлігінің 1), 4) тармақтарымен кінәлі деп танылып, мемлекеттік қызметте, судья қызметін, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде және оның ведомстволарында, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органда, мемлекеттік ұйымдарда және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде лауазымдарды атқару құқығынан өмір бойына айыра отырып, 9 жылға бас бостандығынан айыруға сотталып, жазасын қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелерінде өтеу белгіленген.

Сот үкімімен Д. лауазымды адам және құқық қорғау органының қызметкері бола тұра, қызметтік өкілеттіктеріне кіретін және лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге ықпал ете отыра, пара берушінің пайдасына жасаған әрекеттері үшін қорқытып алу жолымен ақша



түрінде айтарлықтай мөлшерде бірнеше рет пара алғаны үшін кінәлі деп танылған.

Шымкент қалалық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 12 тамыздағы қаулысымен үкім өзгеріссіз қалдырылған.

Сотталған адамның айыптау үкімінің сипаттау-уәждеу бөлігінде көрсетілген мән-жайларда қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы кінәсінің дәлелденгені туралы сот тұжырымдары басты сот талқылауында объективті түрде зерттеліп, тиісті баға берілген дәлелдемелерге негізделген және істің нақты мән-жайларына сәйкес келеді.

Сотталған адамның кінәсі куәлер М., К., Р., С., Ж., Ә., Б., Н., А., Э., Т.-ның берген айғақтарымен, Я.-ның және Ә.-нің «К» есепшоттарының қозғалыс анықтамаларымен, куә Т.-ның ақшалай қаражатты өз еркімен беру туралы хаттамасымен, соңғыға дыбыс-бейнежазу құрылғыларын тапсыру хаттамасымен, оқиға болған жерді қарау, заттарды алу хаттамаларымен, іс бойынша жүргізілген сараптама қорытындыларымен толық дәлелденген.

Бірінші сатыдағы сот әрбір дәлелдемені оның қатыстылығы, жарамдылығы, анықтығы тұрғысынан бағалап, барлық жиналған дәлелдемелер өз жиынтығында Д.-ның кінәсін дәлелдеу үшін жеткілікті деген тұжырымға келген.

Сот Д.-ның қылмыстық іс-әрекетін ҚК-нің 366-бабы үшінші бөлігінің 1), 4) тармақтарымен дұрыс саралаған. Оның әрекетін қылмыстық құқық бұзушылықтың жеңілрек құрамына қайта саралау үшін негіздер жоқ. Алайда, сот актілерінің жаза тағайындау бөлігі мына мән-жайларға сәйкес өзгертілуге жатады.

ҚК-нің 53-бабына сәйкес, сот Д.-ның асырауында жас балаларының барын қылмыстық жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін мән-жай ретінде таныған, ал сотталған адамның қылмыстық жауаптылығы мен жазасын ауырлататын мән-жайлар анықталмаған.

ҚК-нің 55-бабы екінші бөлігінің 2) тармағына сәйкес, жасалған қылмыс белгісі ретінде көзделмеген қылмыстық жауаптылықты және жазаны жеңілдететін мән-жай болған және қылмыстық жауаптылықты және жазаны ауырлататын мән-жайлар болмаған кезде, ауыр қылмыс жасаған кезде жаза мерзімін ҚК-нің Ерекше бөлігінің тиісті бабында көзделген ең жоғары мерзімнің үштен екісінен асыруға болмайды.

Д. кінәлі деп танылған ҚК-нің 366-бабының үшінші бөлігімен көзделген жазаның ең жоғарғы мөлшері 12 жылды құрайды. Сондықтан соттың Д.-ға тағайындаған бас бостандығынан айыру жазасының мерзімі 8 жылдан аспауы керек.

Осыған орай сотталған адамға тағайындалған жаза ҚК-нің 55-бабы екінші бөлігінің 2) тармағында көзделген қағидалар бойынша төмендетілуге жатады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы жергілікті соттардың сотталған Д.-ға қатысты сот актілерін өзгертті.

Д.-ға ҚК-нің 366-бабы үшінші бөлігінің 1), 4) тармақтарымен тағайындалған бас бостандығынан айыру жазасының мерзімі ҚК-нің 55-бабы екінші бөлігінің 2) тармағы негізінде 8 (сегіз) жылға дейін төмендетілді.

Сот актілерінің қалған бөлігі өзгеріссіз қалдырылды.

Адвокат Ж.-ның өтінішхаты ішінара қанағаттандырылды.

## **Законность и обоснованность приговора**

### **Судом обоснованно вынесен оправдательный приговор**

*28 марта 2023 года*

*№ 2уп-47-23*

Приговором Петропавловского городского суда Северо-Казахстанской области от 17 августа 2022 года:

А. признан невиновным и оправдан по пункту 1) части 3 статьи 190 УК за недоказанностью его участия в совершении уголовного правонарушения.

Х. признана невиновной и оправдана по пункту 1) части 3 статьи 190 УК за отсутствием состава уголовного правонарушения в ее действиях.

Признано за А. и Х. право на возмещение вреда, причиненного незаконным привлечением к уголовной ответственности.

Приговором суда А. и Х. признаны невиновными и оправданы по обвинению в совершении мошенничества, то есть хищении чужого имущества путём обмана, группой лиц по предварительному сговору, в крупном размере.

Постановлением судебной коллегии по уголовным делам Северо-Казахстанского областного суда от 21 октября 2022 года приговор оставлен без изменения.

Из материалов уголовного дела следует, что органами досудебного расследования А. обвинялся в том, что, будучи директором ТОО «Ш», реализовавшим в период с 16 января 2019 года по 31 марта 2020 года 246 голов племенного крупного рогатого скота, принадлежащего ТОО, из корыстной заинтересованности вступил в преступный сговор с ветеринарным врачом ТОО «Ш» - Х. по совершению хищения путем обмана государственных субсидий, предназначенных на ведение

селекционной и племенной работы с племенным маточным поголовьем крупного рогатого скота в ТОО.

Оправданный А. в суде первой инстанции показал, что товарищество подало заявку на получение субсидий от государства на ведение селекционной и племенной работы с племенным маточным поголовьем КРС на сумму 35 490 000 тенге. Заявку от его имени, по доверенности, подавала электронным способом и подписывала его цифровой подписью ветеринарный врач товарищества Х. О том, что заявка была завышенной, с указанием больших, чем положено сумм, он не знал. Электронная программа содержит в заявке общее количество голов, без учета проданных, поскольку эти животные не были исключены из общей базы данных ИАС. Ведением самой базы ИАС занимался племенной учетчик Ж., а его работу непосредственно должен был контролировать главный зоотехник М. После того, как стало известно, что сумма перечисленных субсидий была искусственно завышена, товарищество сразу вернуло излишнюю сумму в государственный бюджет. До этого момента деньги, полученные в качестве субсидий, находились на общем счету товарищества и не использовались.

Так, из показаний оправданной Х. следует, что она подала электронную заявку на получение субсидий от имени А. и подписала заявку его цифровой подписью. Сведения о количестве КРС программа ИСС автоматически взяла из базы ИАС. Она не знала, что в базе ИАС не исключены проданные животные. Ведением базы ИАС занимался племенной учетчик Ж., так как в ее обязанности как ветеринарного врача относится вопрос обслуживания и слежения за здоровьем коров, находящихся на балансе товарищества.

В суде установлено, что обязанности вести техническую документацию по КРС, а также обязанности по организации ведения учёта и отчётности племенного поголовья в товариществе, возложены на главного зоотехника ТОО М.

Согласно должностных обязанностей главного зоотехника, М. осуществляет контроль ведения информационно-аналитической системы базы данных ИАС и несёт ответственность за правовые нарушения в процессе осуществления своей деятельности в рамках действующего административного, уголовного и гражданского законодательства РК.

Кроме того, обязанности вести учет животных и вести базу ИАС в ТОО были официально возложены на племучетчика Ж. и вход в базу ИАС был возможен только при помощи личной ЭЦП самого Ж.

Для ведения базы ИАС Ж. прошел обучение и сертифицирован Научно-инновационным центром животноводства и ветеринарии по работе в Информационно-аналитической системе [plem.kz](http://plem.kz).

Согласно должностной инструкции племучетчика-селекционера ТОО, Ж. был обязан обеспечивать ведение зоотехнической документации по племенному делу и подготавливать документацию.

Указанное обстоятельство стороной обвинения не принято во внимание и ему не дана надлежащая оценка, хотя в деле имеются достаточные фактические данные, подтверждающие участие Ж. в подготовке племенной документации в базе ИАС.

Более того, об отсутствии умысла на обман и злоупотребление доверием свидетельствует и обстоятельство того, что по выявлении факта ошибочности представленной заявки, в части обозначения количества голов племенного скота, по результатам аудиторской проверки, излишне полученные денежные средства еще до 5 апреля 2021 года, то есть до внесения информации в единый реестр досудебного расследования, 2 марта 2021 года были возвращены ТОО.

В соответствии со статьей 19 Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан неустранимые сомнения в виновности подозреваемого, обвиняемого, подсудимого толкуются в их пользу. В их пользу должны разрешаться и сомнения, возникающие при применении уголовного и уголовно-процессуального законов, также обвинительный приговор не может быть основан на предположениях и должен быть подтвержден достаточной совокупностью допустимых и достоверных доказательств.

Таким образом, судом обоснованно вынесен в отношении А. и Х. оправдательный приговор.

Судебная коллегия по уголовным делам Верховного Суда Республики Казахстан судебные акты местных судов в отношении А. и Х. оставила без изменения.

Протест Генерального Прокурора Республики Казахстан отклонен.

## **Законность и обоснованность приговора**

### **Выводы суда о виновности осужденного основаны на всесторонне, полно и объективно исследованных в судебном заседании доказательствах**

*28 марта 2023 года*

*№ 2уп-68-23*

Приговором Уральского городского суда Западно-Казахстанской области от 10 января 2018 года:

К. осужден по части 2 статьи 361, части 4 статьи 416, части 3 статьи 58 УК к 2 годам ограничения свободы с конфискацией имущества, добытого преступным путем либо приобретенного на средства, добытые

преступным путем, с пожизненным лишением права занимать должности на государственной службе, в государственных органах и организациях.

На основании подпункта 1) пункта 3 статьи 2 Закона Республики Казахстан «Об амнистии в связи с двадцатипятилетием Независимости Республики Казахстан» от 13 декабря 2016 года освобожден от отбывания основного наказания.

На основании части 1 статьи 49 УК К. лишен специального звания – «квалификационного класса 4 категории».

Судом К. признан виновным в том, что, являясь должностным лицом, использовал свои служебные полномочия вопреки интересам службы в целях извлечения выгод и преимуществ для других лиц и организаций, причинения существенного вреда охраняемым законом интересам общества и государства, а также, являясь лицом, осуществляющим досудебное расследование, сфальсифицировал доказательства в ходе уголовного судопроизводства.

Постановлением судебной коллегии по уголовным делам Западно-Казахстанского областного суда от 14 марта 2018 года приговор оставлен без изменения.

Судом установлено, что К., работая в должности старшего следователя Управления по расследованию преступлений СЭР ДГД по ЗКО, являясь представителем власти, то есть должностным лицом, будучи включенным в состав следственно-оперативной группы по уголовному делу № 152700131000100, используя свои должностные полномочия вопреки интересам службы в целях извлечения выгод и преимуществ для других лиц, имея свободный доступ к материалам уголовного дела, незаконно передал У. ранее изъятые в ТОО «К» талоны заказчика, подтверждающие факт совершения фиктивной сделки ТОО «Ө» и ТОО «И» на общую сумму 896 597 435 тенге.

Кроме того, К., являясь лицом, осуществляющим досудебное расследование по факту осуществления лжепредпринимательской деятельности руководством ТОО «Д», совершил фальсификацию доказательств в ходе уголовного судопроизводства, а именно: протоколов процессуальных действий - протоколов выемки в ТОО «К» от 22 сентября 2015 года.

Выводы суда о виновности К. в совершении инкриминированных ему деяний основаны на всесторонне, полно и объективно исследованных в судебном заседании доказательствах, соответствуют фактическим обстоятельствам дела.

Так, К., допрошенный 23 августа 2017 года в качестве подозреваемого в присутствии адвоката Х., показал, что 22 сентября 2015 года произвел выемку всех бухгалтерских документов ТОО «К» по взаиморасчету с ТОО«Ө» и ТОО «И». При этом он полностью признавал факт возврата

талонов своему коллеге У. по просьбе последнего, а также факт фальсификации протоколов выемки в ТОО «К». В своих показаниях К. подтвердил, что впоследствии У. привез подписанный протокол выемки, который он (К.) переделал, исключив из них талоны заказчика.

Эти показания судом обоснованно взяты в основу обвинительного приговора.

Доводы защиты об имевшемся давлении на К. со стороны сотрудников правоохранительных органов правильно признаны судом несостоятельными, так как следственные действия по делу проводились с участием профессионального защитника в условиях, исключающих применение недозволенных методов ведения следствия.

Кроме того, вина К. подтверждается показаниями свидетеля П. о том, что он передал У. 15 000 000 тенге за решение вопросов по взаиморасчетам между ТОО «К» и ТОО «О», ТОО «И», также привез копии протоколов выемок, ранее составленных К. при изъятии документов. У. вернул ему изъятые талоны к путевым листам и передал переделанные протокола выемки без указания талонов заказчика, которые он подписал и вернул их ему обратно. Эти показания согласуются с показаниями свидетелей П., Л., протоколами следственных действий, вещественными доказательствами, заключениями судебных экспертиз и другими материалами дела.

Оснований подвергать сомнению показания указанных свидетелей не имеется, так как они взаимно дополняют друг друга и опровергают доводы протеста о противоречивости в их показаниях.

Каких-либо оснований для оговора осужденного свидетелями, в том числе П. и Е., судом не установлено. Об этом также свидетельствует вступивший в законную силу приговор суда от 30 ноября 2017 года в отношении У.

Доводы протеста о необходимости проведения технической и почерковедческой экспертиз являются необоснованными, так как доводы ходатайства стороны защиты в этой части всесторонне были исследованы в ходе главного судебного разбирательства и мотивированы в судебных актах.

Действия К. по части 2 статьи 361, части 4 статьи 416 УК квалифицированы правильно.

Наказание осужденному назначено в соответствии с требованиями статей 52-54 УК.

Судебная коллегия по уголовным делам Верховного Суда судебные акты местных судов оставила без изменения.

Протест Генерального Прокурора Республики Казахстан - без удовлетворения.

**Қорыту  
Обобщение**

**2019-2022 жылдар аралығындағы төрелік шешімдерді  
тану, орындау және олардың күшін жою туралы  
сот практикасын қорыту**

2022 жылдың 2-жартыжылдығына арналған жұмыс жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты 2019-2022 жылдар кезеңіндегі төрелік шешімдерді тану, орындау және олардың күшін жою туралы заңнаманы қолданудың сот практикасына қорытуды жүргізді.

**Қорытудың мақсаты мен міндеттері**

Сот практикасын зерделеу және аталған санат бойынша материалдарды қарау кезінде туындайтын және құқық нормаларын қолдану бойынша түсіндіруді талап ететін проблемалық мәселелерді анықтау.

Заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Сот практикасының біркелкілігін қамтамасыз ету, жекелеген құқықтық нормалардың мазмұны мен маңызын түсіндіру.

**Зерттелген материалдардың санаттары**

Қорыту аясында Жоғарғы Соттың кассациялық практикасы, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес осы санаттағы істерді қарау практикасы туралы облыстық және оларға теңестірілген соттардың ақпараты зерделенді.

Зерттеуге барлығы 253 материал түсті.

Мыналар:

1) төрелік шешімдердің күшін жою туралы өтінішхаттарды қарау бойынша;

2) ҚР төреліктері шығарған төрелік шешімдерді мәжбүрлеп орындату туралы өтініштерді қарау бойынша;

3) шетелдік төреліктердің төрелік шешімдерін тану және орындау жөніндегі өтініштерді қарау бойынша сот практикасы зерттелді.

**Заңнама**

Негізгі нормативтік құқықтық актілер:

1. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы (бұдан әрі – Конституция);

2. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі

(Жалпы бөлім); Қазақстан Республикасының Парламенті 1999 жылғы 1 шілдеде қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім) (бұдан әрі – АК);

3. 2015 жылғы 3 қарашадағы Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексі (бұдан әрі – АПК);

4. 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – Салық кодексі);

5. 2016 жылғы 8 сәуірдегі «Төрелік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң);

6. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық, банктік заңнаманы жетілдіру және кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 27 ақпандағы № 49-VI Заңы (бұдан әрі – 2017 жылғы 27 ақпандағы Заң);

7. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне меншік құқығын қорғауды күшейту, төрелік, сот жүктемесін оңтайландыру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 21 қаңтардағы № 217-VI Заңы (бұдан әрі – 2019 жылғы 21 қаңтардағы Заң);

8. «Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексіне соттар жұмысының заманауи форматтарын ендіру, артық сот рәсімдері мен шығындарын қысқарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 10 маусымдағы № 342-VI Заңы (бұдан әрі – 2020 жылғы 10 маусымдағы Заң);

9. Шетелдік төрелік шешімдерді тану және атқару туралы конвенция. Нью-Йорк, 1958 жылғы 10 маусым (бұдан әрі – Нью-Йорк конвенциясы);

10. Сыртқы сауда төрелігі туралы Европа конвенциясы. Женева, 1961 жылғы 21 сәуір (бұдан әрі – Европа конвенциясы).

### **Төрелік талқылау қағидаттары, дауды төреліктің шешуіне беру**

АК-нің 9-бабының 1-тармағына сәйкес азаматтық құқықтарды қорғауды сот, төрелік жүзеге асырады.

Тараптардың туындаған дауды төреліктің қарауына беру құқығы Конституцияның 13-бабының 1-тармағына негізделген, оған сәйкес әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуға құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға құқылы.

Заңның 5-бабына сәйкес төрелік талқылау мына қағидаттар сақталып жүзеге асырылады:



1) туындаған немесе туындауы мүмкін дау бойынша төрелік талқылауды жүзеге асырудың тәртібі мен шарттары мәселелерін тараптар өздерінің арасында алдын ала келісім бойынша дербес шешу құқығына ие екендігін білдіретін тараптар еркінің дербестігі;

2) төрешілер мен төреліктер өздерінің шешімдерінде құқық тараптарының келісімі бойынша қолданылатын нормаларды басшылыққа алатынын білдіретін заңдылық;

3) өздеріне берілген дауларды шешу кезінде төрешілер мен төреліктердің тәуелсіздігін, оларға қандай да бір ықпал жасауды болдырмайтын жағдайларда шешім қабылдайтынын білдіретін тәуелсіздік;

4) тараптар төрелік талқылауда өз ұстанымын, оны қорғау тәсілдері мен құралдарын дербес және кімнен болса да тәуелсіз таңдайтынын, сондай-ақ тең құқықтарды пайдаланатынын және тең міндеттерді көтеретінін білдіретін тараптардың жарыспалылығы және тең құқықтылығы;

5) өздеріне берілген дауларды шешу кезінде төрешілер мен төреліктердің және төрелік талқылау тараптарының белгіленген талаптарды, қоғамның имандылық қағидаттарын және іскерлік әдеп қағидаларын сақтай отырып, адал әрекет етуге тиіс екендігін білдіретін әділеттілік;

6) төрешілердің және төрелік талқылауға қатысушылардың төрелік талқылау барысында өздеріне белгілі болған мәліметтерді тараптардың немесе олардың құқық мирасқорларының келісімінсіз жария етуге құқылы еместігін және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, төрелік талқылау барысында өздеріне белгілі болған мәліметтер туралы куә ретінде олардан жауап алуға болмайтындығын білдіретін құпиялылық;

7) жарамсыз төрелік ескертудің күшін жою, оны өзгерту немесе тану негізгі келісімді тоқтатуға, өзгертуге немесе жарамсыз деп тануға әкеп соқпайтынын білдіретін төрелік келісімнің дербестілігі қағидаттарын сақтау арқылы жүзеге асырылады. Тиісінше, негізгі келісімнің күшін жою, оны өзгерту немесе жарамсыз деп тану төрелік ескертуді жарамсыз деп тоқтатуға, өзгертуге немесе тануға әкеп соқпайды.

Заңның 7-бабында төреліктің қызметіне араласуға жол бермеу бекітілген, онда заң шығарушы төрешілердің және төреліктердің өздеріне берілген дауларды шешу кезінде тәуелсіз болатыны, осы Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, өздерінің қызметіне мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың қандай да бір араласуын болдырмайтын жағдайда шешімдер қабылдайтыны көзделген.

Заңның 8-бабында қандай жағдайларда және қандай даулар төреліктің қарауына берілуі мүмкін екендігі, қандай даулар төреліктің ведомстволық қарауына жатпайтыны көзделген.

Заңның 8-бабының 9-тармағына сәйкес төрелік мүліктік қатынастармен байланысы жоқ жеке мүліктік емес қатынастардан туындайтын дауларды қарауға құқылы емес.

Сондықтан төреліктің моральдық зиянды өндіріп алу туралы талапты қарауға құқығы жоқ.

### Статистикалық деректерді талдау

Қорыту кезеңіндегі осы санаттағы істерді қараудың саны мен сапасы туралы статистикалық деректер «Төрелік» сот органдарының ақпараттық-талдау жүйесінің мәліметтері, сондай-ақ облыстық және оларға теңестірілген соттар ұсынған ақпараттың негізінде қалыптастырылған.

Түркістан облыстық, Абай, Ұлытау облыстарының және әскери соттардың мәліметтері бойынша қорыту жүргізілетін санат бойынша материалдар қаралмады.

### 2019-2022 жылдары төрелік шешімдердің күшін жою туралы істерді қарау нәтижелері

№	Соттар	Кезең	Түскен арыздар	Қайтарылғаны	Барлығы аяқталған	Ұйғарым шығарылып қаралғаны	Қанағаттанды.	Бас тартылғаны	Іс бойынша іс жүргізу тоқтатылғаны	Арыз қараусыз қалдырылғаны	Барлық аяқталған азам. істер санының %
1.	Астана қаласы	2019 ж.	24	9	11	11	5	6	0	0	0,02
		2020 ж.	93	58	35	34	1	33	1	0	0,005
		2021 ж.	139	70	67	67	8	59	0	0	0,2
		2022 ж.	124	64	51	50	3	47	0	0	0,1
2.	Ақмола облысы	2019 ж.	0	0	0	0	0	0	0	0	0
		2020 ж.	0	0	0	0	0	0	0	0	0
		2021 ж.	0	0	0	0	0	0	0	0	0
		2022 ж.	4	0	1	0	0	0	0	0	0,01
3.	Алматы қаласы	2019 ж.	1090	314	773	672	601	71	5	78	0,6
		2020 ж.	878	487	397	345	238	107	0	46	0,4
		2021 ж.	837	525	346	341	63	278	1	4	0,6
		2022 ж.	423	261	164	161	26	135	2	1	0,2
4.	Алматы облысы	2019 ж.	24	7	17	16	16	0	0	1	0,04
		2020 ж.	12	4	8	7	5	2	0	1	0,02
		2021 ж.	12	5	9	9	4	5	0	0	0,03
		2022 ж.	2	0	2	2	2	0	0	0	0,01
5.	Атырау облысы	2019 ж.	4	3	1	1	0	1	0	0	0,005
		2020 ж.	3	2	1	1	0	1	0	0	0,0
		2021 ж.	1	1	0	0	0	0	0	0	0,0
		2022 ж.	2	2	0	0	0	0	0	0	0,0

№	Соттар	Кезең	Түскен арыздар	Қайтарылғаны	Барлығы аяқталған	Ұйғарым шығарылып қаралғаны	Қанағаттанды.	Бас тартылғаны	Іс бойынша іс жүргізу тоқтатылғаны	Арыз қараусыз қалдырылғаны	Барлық аяқталған азам. істер санының %
6.	Ақтөбе облысы	2019 ж.	0	0	0	0	0	0	0	0	0
		2020 ж.	0	0	0	0	0	0	0	0	0
		2021 ж.	1	0	1	1	1	0	0	0	0,01
		2022 ж.	0	0	0	0	0	0	0	0	0
7.	Шығыс Қазақстан облысы	2019 ж.	1	1	0	0	0	0	0	0	0,0
		2020 ж.	0	0	0	0	0	0	0	0	0
		2021 ж.	9	6	2	2	1	1	0	0	0,01
		2022 ж.	5	4	1	1	0	1	0	0	0,004
8.	Жамбыл облысы	2019 ж.	1	1	0	0	0	0	0	0	0,0
		2020 ж.	0	0	0	0	0	0	0	0	0
		2021 ж.	0	0	0	0	0	0	0	0	0
		2022 ж.	0	0	0	0	0	0	0	0	0
9.	Батыс Қазақстан облысы	2019 ж.	135	57	78	69	8	61	0	3	0,4
		2020 ж.	154	65	85	81	16	65	0	4	0,4
		2021 ж.	94	56	36	36	15	21	0	0	0,3
		2022ж.	40	24	17	14	1	13	0	0	0,1
10.	Қарағанды облысы	2019 ж.	58	24	32	21	10	11	1	8	0,1
		2020 ж.	89	45	39	34	7	27	0	5	0,1
		2021 ж.	241	153	84	81	9	72	0	2	0,3
		2022 ж.	353	210	142	139	3	136	1	1	0,4
11.	Қостанай облысы	2019 ж.	5	2	3	3	2	1	0	0	0,01
		2020 ж.	15	5	10	10	0	10	0	0	0,01
		2021 ж.	14	4	8	8	0	8	0	0	0,04
		2022 ж.	23	12	13	13	2	11	0	0	0,1
12.	Қызылорда облысы	2019 ж.	0	0	0	0	0	0	0	0	0
		2020 ж.	0	0	0	0	0	0	0	0	0
		2021 ж.	0	0	0	0	0	0	0	0	0
		2022 ж.	0	0	0	0	0	0	0	0	0
13.	Маңғыстау облысы	2019 ж.	2	1	1	1	0	1	0	0	0,005
		2020 ж.	0	0	0	0	0	0	0	0	0
		2021 ж.	0	0	0	0	0	0	0	0	0
		2022 ж.	0	0	0	0	0	0	0	0	0
14.	Павлодар облысы	2019 ж.	0	0	0	0	0	0	0	0	0
		2020 ж.	0	0	0	0	0	0	0	0	0
		2021 ж.	5	3	2	2	1	1	0	0	0,01
		2022 ж.	0	0	0	0	0	0	0	0	0
15.	Солтүстік Қазақстан облысы	2019 ж.	27	14	13	11	7	4	0	1	0,1
		2020 ж.	36	21	15	12	5	7	0	3	0,1
		2021 ж.	41	34	9	9	2	7	0	0	0,1
		2022 ж.	24	18	4	4	1	3	0	0	0,05
16.	Шымкент қаласы	2021 ж.	1	1	0	0	0	0	0	0	0,0
		2022 ж.	2	1	1	1	0	1	0	0	0,01
17.	Түркістан облысы	2019 ж.	0	0	0	0	0	0	0	0	0
		2020 ж.	0	0	0	0	0	0	0	0	0
		2021 ж.	0	0	0	0	0	0	0	0	0
		2018 ж.	0	0	0	0	0	0	0	0	0

№	Соттар	Кезең	Түскен арыздар	Қайтарылғаны	Барлығы аяқталған	Ұйғарым шығарылып қаралғаны	Қанағаттанды.	Бас тартылғаны	Іс бойынша іс жүргізу тоқтатылғаны	Арыз қараусыз қалдырылғаны	Барлық аяқталған азам. істер санының %
18.	Қазақстан Республикасының Әскери соты	2019 ж.	0	0	0	0	0	0	0	0	0
		2020 ж.	0	0	0	0	0	0	0	0	0
		2021ж.	0	0	0	0	0	0	0	0	0
		2022 ж.	0	0	0	0	0	0	0	0	0
19.	Абай облысы	2022 ж. тамыздан	0	0	0	0	0	0	0	0	0
20.	Жетісу облысы	2022 ж. тамыздан	1 қалдық	0	0	0	0	0	0	0	0
21.	Ұлытау облысы	2022 ж. тамыздан		0	0	0	0	0	0	0	0
		2019 ж.	1371	433	929	805	649	156	6	91	0
		2020 ж.	1280	687	590	524	272	252	1	59	0
		2021 ж.	1395	856	564	556	104	452	1	6	0
		2022 ж.	1003	596	396	385	38	347	4	2	0
<b>ЖИЫНЫ:</b>			<b>5049</b>	<b>2572</b>	<b>2479</b>	<b>2270</b>	<b>1063</b>	<b>1207</b>	<b>12</b>	<b>158</b>	<b>0</b>

Жоғарыда келтірілген статистикалық деректерге сәйкес осы кезеңде аталған санаттағы істердің ең көп санын Алматы қаласының (1 680), Қарағанды (297) және Батыс Қазақстан (216) облыстарының аудандық және оларға теңестірілген соттары аяқтаған. Аяқталған істердің аз саны (1 істен) Ақмола, Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау облыстарының және Шымкент қаласының соттарында байқалады.

Қорытылып отырған кезеңде төрелік шешімдердің күшін жою туралы өтінішхаттар бойынша барлығы 2 479 іс аяқталды, осы істер бойынша ұйғарым шығарылып – 2 270, оның ішінде арыз қанағаттандырылып – 1 063 (42,8%), арызды қанағаттандырудан бас тартылып – 1 207 (48,6%), тоқтатылғаны – 12 (0,4%), қараусыз қалдырылғаны – 158 (6,3 %).

2019 жылы аяқталған істердің саны 929 (40,3%) құрады, одан ұйғарым шығарылып – 805, оның ішінде арыз қанағаттандырылып – 649 (69,8%), қанағаттандырудан бас тартылып – 156 (16,7%), іс бойынша іс жүргізу тоқтатылып – 6 (0,6%), арыз қараусыз қалдырылып – 91 (9,7 %).

2020 жылы аяқталған істердің саны – 590 (25,5%) құрады, одан ұйғарым шығарылып – 524, оның ішінде арыз қанағаттандырылып – 272 (46,1 %), қанағаттандырудан бас тартылып – 252 (42,7 %), іс бойынша іс жүргізу тоқтатылып – 1 (0,1 %), арыз қараусыз қалдырылып - 59 (10%).

2021 жылы аяқталған істердің саны – 564 (24,4%) құрады, одан ұйғарым шығарылып – 556, оның ішінде арыз қанағаттандырылып – 104 (18,4%), қанағаттандырудан бас тартылып – 452 (80,1%), іс бойынша іс жүргізу тоқтатылып – 1 (0,1%), арыз қараусыз қалдырылып - 6 (1,0 %).

2022 жылы аяқталған істердің саны – 396 (15,9%) құрады, одан ұйғарым шығарылып – 385, оның ішінде арыз қанағаттандырылып – 38 (9,8 %), қанағаттандырудан бас тартылып – 347 (90,1 %), іс бойынша іс жүргізу тоқтатылып – 4 (1,0 %), арыз қараусыз қалдырылып - 2 (0,5 %).

### Сот актілерін кассациялық тәртіппен қайта қарау.

#### 1. Төрелік шешімнің күшін жою туралы өтінішхаттарды алдын ала қарау нәтижелері

№	Кезең	Қалғаны	Келіп түскені	Қайтарылғаны	Тапсырылғаны	Бас тартылғаны	Қаралғаны барлығы
1.	2019 ЖЫЛ	0	6	3	0	3	3
2.	2020 ЖЫЛ	0	38	14	2	18	18
3.	2021 ЖЫЛ	6	116	45	4	58	63
4.	2022 ЖЫЛ	14	89	31	8	61	69
	<b>Жиыны</b>	<b>20</b>	<b>249</b>	<b>93</b>	<b>14</b>	<b>140</b>	<b>153</b>

#### 2. Кассациялық сатыдағы сот отырысында сот актілерін қайта қарау нәтижелері

№	Кезең	Келіп түскен істер	Қаралғаны	Күші жойылғаны		Шешімдердің бірі күшінде қалдырылды
				ЖСҚ	Жаңа шешімі	
1.	2019 ЖЫЛ	2	2	1	0	1
2.	2020 ЖЫЛ	2	2	0	0	2
3.	2021 ЖЫЛ	4	4	2	1	1
4.	2022 ЖЫЛ	7	7	4	1	2
	<b>Істер мен материалдардың жиыны</b>	<b>15</b>	<b>15</b>	<b>7</b>	<b>2</b>	<b>6</b>

2019 жылы қорыту кезеңінде аяқталған барлық 2 479 істен аяқталған істердің саны 929 (37,4 %) құрады.

2020 жылы – 590 немесе 23,7 %, 2021 жылы – 564 немесе 22,7 %, 2022 жылы – 396 немесе 15,9 %.

Осылайша, 2019 жылмен салыстырғанда 2020-2022 жылдары қаралған істер саны 2020 жылы 63,5% - ға, 2021 жылы 58,8% - ға, 2022 жылы 2,6% - ға төмендегені байқалады.

Статистика төрелік шешімдердің күшін жою туралы қанағаттандырылған – 45,9% және қанағаттандырудан бас тарту – 45,6 % туралы арыздардың арасындағы шамалы айырмашылықты көрсетіп отыр, айырмашылық небары 0,4%-ды құрайды.

Бұл ретте республика соттарының 2019 жылы - 16,7%, 2020 жылы - 42,7% бас тартылған істермен салыстырғанда, 2019 және 2020 жылдары

негізінен арыздарды қанағаттандырғаны байқалады (2019 жылы - 69,8%, 2020 жылы - 46,1%).

2021 жылы қанағаттандырылған арыздардың айтарлықтай төмендеуі байқалды - 18,4 %, жергілікті соттар арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы шешімдерді көбірек шығарды - 80,1%.

2022 жылы да осындай жағдай: жергілікті соттар арыздарды қанағаттандырудан бас тарту туралы көбірек шешім шығарған – 90,1%, ал қанағаттандырылған арыздар – 9,8%-ды құраған.

Соңғы екі жылда арыздарды қанағаттандырудан бас тарту туралы шешімдердің пайызы өскендіктен, қанағаттандырылған және бас тартылған шешімдер арасындағы айырмашылық небары 0,4%-ды құрады.

Кассациялық сатыға осы санаттағы істердің сот актілерінің шамалы санына шағым келтірілгенін айта кету қажет, барлығы – 6%.

Сонымен қатар 2020-2022 жылдары кассацияға шағымданған істердің саны 2019 жылмен салыстырғанда артты.

Егер 2019 жылы кассацияға аяқталған істердің жалпы санынан істердің қорыту жүргізілетін санатындағы сот актілерін қайта қарау туралы 6 немесе 0,2% өтінішхат қана түскен болса, 2020 жылы – 38 немесе 1,5%, 2021 жылы – 116 немесе 4,6 %, 2022 жылы – 89 немесе 3,5 %.

Оның ішінде алдын ала қарау нәтижелері бойынша негізінен кассациялық сатыда қарау үшін өтінішхатты беруден бас тартылды – 140 немесе 56,2%, кассацияға берілген өтінішхаттар саны 14 немесе 5,6% құрайды.

Кассациялық сатыда қарау үшін ең көп өтінішхат (7 өтінішхат) өткен жылдарға қарағанда 2022 жылы берілген.

Кассациялық сатының алқа отырысында қорытылып отырған кезеңдегі осы санаттағы 15 (0,6 %) істі қарады.

Бұл ретте, 2019 және 2020 жылдары барлығы 2 іс қаралды (13,3%), оның ішінде 1-і ЖСҚ-ға жіберілді, үш жағдайда шешімдердің бірі күшінде қалдырылды, ал 2021 және 2022 жылдары қаралған істер саны тиісінше 26,6%-ға және 46,6%-ға ұлғайды.

Мәселен, 2021 жылы 4 іс қаралды, оның ішінде 2 іс ЖСҚ-ға жіберілді, 1 - жаңа шешім, 1-шешімдердің бірі күшінде қалдырылды.

2022 жылы 7 іс қаралды, оның ішінде 4 іс - ЖСҚ-ға жіберілді, 1 - жаңа шешім, 2 - шешімдердің бірі күшінде қалдырылды.

Осылайша, статистика 2020 жылдан бастап кассациялық сатыда қайта қаралған сот актілерінің саны 2019 жылмен салыстырғанда өскенін көрсетеді.

Жоғарыда көрсетілген өсім «Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне соттар жұмысының заманауи форматтарын ендіру, артық сот рәсімдері мен шығындарын қысқарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының

2020 жылғы 10 маусымдағы № 342-VI Заңының қабылдануына байланысты болуы мүмкін, осы Заңмен АПК-ге апелляциялық сатыдағы соттың алқалы құрамда төрелік сот қабылдаған шешімнің күшін жою туралы өтінішхаттарды қарау бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

### 2019-2022 жылдары төрелік шешімдерді орындау туралы істерді қарау нәтижелері

№	Соттар	Кезең	Түскен арыздар	Қайтарылған	Барлығы аяқталған	Үйғарым шығарылып қаралған	Қанағаттанды.	Бас тартылған	Іс бойынша іс жүргізу тоқтатылған	Арыз қараусыз қалдырылған	Шағымданған барлығы	Күші жойылған	Өзгеріссіз қалдырылған	Өзгертілген	Кері қайтарып алған
1.	Ақмола облысы	2019 ж.	56	22	34	34	34	0	0	0	1	0	1	0	0
		2020 ж.	1884	2	1482	1482	1181	0	1	0	0	0	0	0	0
		2021 ж.	22	6	15	15	14	1	0	0	0	0	0	0	0
		2022 ж.	17	2	15	15	14	1	0	0	0	0	0	0	0
2.	Астана қаласы	2019 ж.	664	99	565	565	425	140	0	0	24	5	19	0	0
		2020 ж.	418	103	315	315	238	77	0	0	30	2	25	0	3
		2021 ж.	661	125	536	536	400	136	0	0	40	7	31	2	0
		2022 ж.	542	123	421	417	338	79	0	4	46	6	38	0	2
3.	Ақтөбе облысы	2019 ж.	32	1	30	30	30	0	0	1	3	0	3	0	0
		2020 ж.	62	15	47	47	46	1	0	0	0	0	0	0	0
		2021 ж.	35	12	23	23	22	1	0	0	0	0	0	0	0
		2022 ж.	11	3	8	8	7	1	0	0	0	0	0	0	0
4.	Алматы қаласы	2019 ж.	2017	59	1868	1868	1598	124	0	0	109	31	68	2	0
		2020 ж.	1669	28	1430	1430	1113	316	0	1	66	25	40	0	1
		2021 ж.	4936	398	4251	4299	4004	295	0	7	86	20	65	1	0
		2022 ж.	4569	218	4220	4220	4004	216	0	0	69	16	46	1	0
5.	Алматы облысы	2019 ж.	40	0	32	32	31	1	0	0	1	0	1	0	0
		2020 ж.	11	0	9	8	7	1	0	1	1	0	1	0	0
		2021 ж.	83	0	23	23	18	5	0	0	5	1	4	0	0
		2022 ж.	443	2	455	455	433	22	0	0	8	0	2	0	6
6.	Атырау облысы	2019 ж.	71	19	50	50	48	2	0	2	1	0	1	0	0
		2020 ж.	70	57	12	11	10	1	0	1	5	3	2	0	0
		2021 ж.	40	22	15	15	14	1	0	3	2	0	2	0	0
		2022 ж.	20	8	11	11	11	0	0	0	1	1	0	0	0
7.	Шығыс Қазақстан облысы	2019ж.	67	1	66	56	56	0	1	8	2	0	2	0	0
		2020 ж.	18	3	15	13	13	2	0	2	0	0	0	0	0
		2021 ж.	55	11	41	41	41	0	0	2	3	0	3	0	0
		2022ж.	21	7	14	12	12	0	0	2	0	0	0	0	0
8.	Жамбыл облысы	2019 ж.	2	1	1	1	1	0	0	0	0	0	0	0	0
		2020 ж.	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
		2021 ж.	15	5	10	10	7	3	0	0	0	0	0	0	0
		2022 ж.	13	5	8	8	7	1	0	0	0	0	0	0	0
9.	Батыс Қазақстан облысы	2019 ж.	586	3	564	558	551	7	0	6	4	0	4	0	0
		2020 ж.	409	11	419	415	408	7	0	4	9	0	9	0	0
		2021 ж.	882	16	865	857	853	4	0	8	9	1	8	0	0
		2022 ж.	149	12	139	137	133	4	0	2	1	0	1	0	0
10.	Қарағанды облысы	2019 ж.	1677	19	1617	1603	1407	196	0	14	19	6	13	0	0
		2020 ж.	727	21	686	666	646	20	0	20	18	3	14	0	1
		2021ж.	1624	84	1494	1458	1447	11	0	36	23	1	22	0	0
		2022 ж.	2215	76	2081	2055	2046	9	0	26	54	7	42	0	5

№	Соттар	Кезең	Түскен арыздар	Қайтарылған	Барлығы аяқталған	Ұйғарым шығарылып қаралған	Қанағаттанды.	Бас тартылған	Іс бойынша іс жүргізу тоқтатылған	Арыз қараусыз қалдырылған	Шағымданған барлығы	Күші жойылған	Өзгеріссіз қалдырылған	Өзгертілген	Кері қайтарып алған	
11.	Қостанай облысы	2019 ж.	112	4	107	104	103	1	0	3	7	2	4	0	1	
		2020 ж.	48	9	35	33	32	1	0	2	3	0	3	0	0	
		2021 ж.	80	14	64	61	60	1	0	3	0	0	0	0	0	
		2022 ж.	374	74	300	300	273	2	0	23	8	0	7	1	0	
12.	Қызылорда облысы	2019 ж.	92	1	91	91	90	1	0	0	0	0	0	0	0	0
		2020ж.	2	0	2	2	2	0	0	0	0	0	0	0	0	0
		2021 ж.	19	5	14	14	13	1	0	0	1	0	1	0	0	
		2022 ж.	5	2	3	3	3	0	0	0	0	0	0	0	0	0
13.	Маңғыстау облысы	2019 ж.	280	0	279	279	275	3	0	0	0	0	0	0	0	0
		2020 ж.	4	0	4	4	4	0	0	0	2	1	1	0	0	
		2021 ж.	21	1	20	20	20	1	0	0	2	1	1	0	0	
		2022 ж.	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
14.	Павлодар облысы	2019 ж.	74	0	82	81	75	6	0	1	3	1	2	0	0	
		2020 ж.	106	45	61	54	50	4	0	6	2	1	1	0	0	
		2021 ж.	54	6	48	26	26	2	0	11	1	0	1	0	0	
		2022 ж.	29	1	27	14	11	3	0	13	13	1	0	0	0	0
15.	Солтүстік Қазақстан облысы	2019 ж.	1746	50	1726	1712	1704	8	0	0	20	4	16	0	0	
		2020ж.	359	40	382	370	367	3	0	0	21	4	16	0	1	
		2021 ж.	168	17	141	137	136	1	0	0	5	0	4	0	1	
		2022 ж.	334	33	313	307	307	0	0	4	1	0	1	0	0	
16.	Шымкент қаласы	2019 ж.	46	3	3	3	3	0	0	0	0	0	0	0	0	0
		2020 ж.	56	17	39	39	38	1	0	0	0	0	0	0	0	0
		2021 ж.	5	2	4	4	3	1	0	0	0	0	0	0	0	0
		2022 ж.	9	2	7	7	5	2	0	0	0	0	0	0	0	0
17.	Түркістан облысы	2019 ж.	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
		2020 ж.	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
		2021 ж.	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
		2022 ж.	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
18.	Қазақстан Республикасы Әскери Соты	2019 ж.	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
		2020 ж.	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
		2021 ж.	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
		2022 ж.	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
19.	Абай облысы	2022 ж. тамыздан	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	
20.	Жетісу облысы	2022 ж. тамыздан	2	0	2	2	2	0	0	0	0	0	0	0	0	
21.	Ұлытау облысы	2022 ж. тамыздан	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	
		2019 ж.	7562	282	7115	6927	6431	489	1	35	994	42	134			
		2020 ж.	5843	351	4938	4891	4155	432	1	37	157	39	112			
		2021 ж.	8700	724	7612	7539	7078	464	0	70	180	35	142			
		2022 ж.	8753	568	8024	7971	7606	340	2	72	201	31	137		13	
<b>ЖИЫНЫ:</b>			<b>30858</b>	<b>1925</b>	<b>27689</b>	<b>27328</b>	<b>25270</b>	<b>1724</b>	<b>4</b>	<b>214</b>	<b>732</b>	<b>147</b>	<b>525</b>		<b>20</b>	

Қорыту жүргізу кезеңінде республика соттарына төрелік шешімдерді тану және орындау туралы барлығы 30 858 арыз келіп түсті, оның ішінде 1 925 (6,2%) арыз қайтарылды.

Қорытылып отырған кезеңде көрсетілген арыздар бойынша барлығы 27 689 материал қаралып аяқталды, одан ұйғарым шығарылып –



27 328 (98,6%), оның ішінде арыз қанағаттандырылып – 25 270 (92,4 %), арызды қанағаттандырудан бас тартылып – 1 724 (6,3 %); тоқтатылды – 4 (0,01 %), қараусыз қалдырылды - 214 (0,7%).

Оның ішінде 2019 жылы аяқталған істердің саны – 7 115 (25,6%) құрады, оның ішінде ұйғарым шығарылып – 6 927 (97,3%), оның ішінде арыз қанағаттандырылып – 6 431 (90,5%), қанағаттандырудан бас тартылып – 489 (6,8%), іс бойынша іс жүргізу тоқтатылып – 1 (0,01 арыз қараусыз қалдырылып – 35 (0,4%).

2020 жылы аяқталған істердің саны – 4 938 (17,8%) құрады, одан ұйғарым шығарылып – 4 891 (99%), оның ішінде арыз қанағаттандырылып – 4 155 (84,1%), арызды қанағаттандырудан бас тартылып – 432 (8,7%), іс бойынша іс жүргізу тоқтатылып – 1 (0,02%), арыз қараусыз қалдырылып – 37 (0,7%).

2021 жылы аяқталған істердің саны – 7 612 (27,5%) құрады, оның ішінде ұйғарым шығарылып – 7 539 (99%), оның ішінде арыз қанағаттандырылып – 7 078 (92,9%), арызды қанағаттандырудан бас тартылып – 464 (6,0%), іс бойынша іс жүргізу тоқтатылып – 0 (0 %), арыз қараусыз қалдырылып -70 (0,9%).

2022 жылы аяқталған істер саны – 8 024 (28,9%) құрады, одан ұйғарым шығарылып – 7 971 (99,3%), оның ішінде арыз қанағаттандырылып – 7 606 (94,7 %), арызды қанағаттандырудан бас тартылып – 340 (4,2 %), іс бойынша іс жүргізу тоқтатылып – 2 (0,02 %), арыз қараусыз қалдырылып – 72 (0,8 %).

Жоғарыда келтірілген статистикалық деректерге сәйкес материалдардың ең көп санын Алматы (11 769) және Астана (1 837) қалаларының, сондай-ақ Қарағанды (5 878), Солтүстік Қазақстан (2 562), Батыс Қазақстан (1 987), Ақмола (1 546) облыстарының аудандық және оларға теңестірілген соттары аяқтаған. Аз мөлшерде - Жетісу облысының (2), Жамбыл облысының (19) және Шымкент қаласының (53) соттарында аяқталған.

Осылайша, соңғы екі жылда қорыту жүргізіліп отырған санаттағы аяқталған материалдардың саны 2020 жылмен салыстырғанда өсті, соттар да осындай арыздарды қайтара бастады.

Республика соттары арыздардың басым бөлігін қанағаттандырды.

4 жағдайда арыз бойынша іс жүргізу тоқтатылды, 214 жағдайда - қараусыз қалдырылды.

Аяқталған істердің санын алғанда, көрсетілген арыздардың 732 (2,6 %) шамалы бөлігіне апелляциялық тәртіппен шағым келтірілген.

2019 жылы барлығы – 194 (2,7%) шағым жасалды, оның ішінде күші жойылды – 42 (21,6%), өзгеріссіз қалдырылды – 134 (69%), өзгертілді – 2 (1%), қайтарып алынды – 0 (0%).

2020 жылы – 157 (3,1 %), оның ішінде күші жойылды – 39 (24,8 %), өзгеріссіз қалдырылды – 112 (71,3 %), өзгертілді – 0 (0 %), қайтарып алынды – 6 (3,8 %).

2021 жылы – 180 (2,3 %), оның ішінде күші жойылды – 35 (19,4%), өзгеріссіз қалдырылды – 142 (78,8%), өзгертілді – 1 (0,5%), қайтарып алынды – 1 (0,5%).

2022 жылы – 201 (2,5 %), оның ішінде жойылды – 31 (15,4 %), өзгеріссіз қалдырылды – 137 (68,1 %), өзгертілді – 2 (0,90 %), қайтарып алынды – 13 (6,5 %).

Шағымданған сот актілерінің саны жыл сайын артып келеді, бұл ретте олардың жоғары тұрған сотта күшін жою пайызы азаяды.

Негізінен бірінші сатыдағы соттардың сот актілері өзгеріссіз қалады, бұл сот практикасының тұрақтылығын көрсетеді.

Материалдардың осы санаты бойынша 3 жеке ұйғарым шығарылды (2 БҚО соттары және бір Қарағанды облысының облыстық соты). Оның ішінде 2 жеке ұйғарымның (БҚО) күшін Жоғарғы Соттың кассациялық алқасы жойды.

### **1. Төрелік шешімдердің күшін жою туралы өтінішхат бойынша іс жүргізу Төрелік шешімнің күшін жою туралы өтінішхат беру**

Төреліктер дауларды қарау кезінде АПК-нің нормалары қолданылмайды, өйткені олар сот жүйесіне кірмейді.

Төрелік шешімдердің күшін жою туралы өтінішхаттарды және төрелік шешімдерді мәжбүрлеп орындату туралы арыздарды қарау кезінде төреліктер шешімдерді шығару кезінде Заңды, төрелік келісімді, төрелік талқылау қағидаларын басшылыққа алатынын назарда ұстаған жөн.

Заңның 1-бабының 2) тармақшасы, 39-бабының 3), 5) тармақшалары, 53-бабының 1), 4) тармақшалары, 54-бабының 1-тармағы, 55-бабының 3-тармағы, 57-бабының 2-тармағы ерекше болып табылды, өйткені осы Заңда АПК-нің 152-бабының 6), 7) тармақшаларына, 279-бабы, 4), 5) тармақшаларына, 155-бабына, 20, 56-тарауларына және 503, 504-баптарына сілтемелер бар.

Жоғарыда келтірілген нормалар бойынша АПК-нің нормалары төрт жағдайда қолдануға жатады:

- құзыреттің аражігін ажырату кезінде (төрелік ескертпе болса, сот, егер заңда өзгеше көзделмесе, дауды қарауға құқылы емес);

- қамтамасыз ету шараларын ұсынуға және дәлелдемелер алуға соттың жәрдемі;

- төрелік шешімдердің күшін жою;

- төрелік шешімдерді тану және мәжбүрлеп орындау.

2020 жылғы 1 шілдеден бастап төрелік шешімдердің күшін жою туралы өтінішхатты апелляциялық сатыдағы сот кемінде үш судьядан тұратын алқалы құрамда қарайды (2020 жылғы 10 маусымдағы Заң).

Төрелік шешімнің күшін жою туралы арызды беру тәртібі АПК-нің 464-бабында және Заңның 53-бабында реттелген.

Өтінішхаттар АПК-нің 465-бабының негізінде қаралады.

АПК-нің 465-бабының бірінші бөлігінде төрелік шешімнің күшін жою туралы өтінішхатты сот осы Кодексте көзделген қағидалар бойынша іс қозғалған кезден бастап он жұмыс күні ішінде қарайтыны көзделген. Көрсетілген норма сілтемелік болып табылады, сондықтан өтінішхатты қабылдау және қарау кезінде соттар АПК-нің екінші бөлімінің 2-кіші бөлімінің ережелерін басшылыққа алуы тиіс.

### **Соттылық**

Төрелік шешімнің күшін жою туралы өтініш АПК-нің 464-бабының екінші бөлігіне сәйкес Қазақстан Республикасы апелляциялық сатысының тиісті сотына:

1) егер төрелік шешім Қазақстан Республикасының аумағында қабылданса, төрелік дауды қараған жер бойынша;

2) егер төрелік шешім шет мемлекетте Қазақстан Республикасының заңы бойынша қабылданса, тұрақты жұмыс істейтін төреліктің орналасқан жері бойынша;

3) егер төрелік шешім шет мемлекетте Қазақстан Республикасының заңы бойынша қабылданса, Қазақстан Республикасында төреліктің құрылған жері бойынша Қазақстан Республикасының тиісті апелляциялық сатыдағы сотына беріледі.

Соттар соттылықты бұзуға жол бермеген, аталған құқық нормасын дұрыс қолданады.

Мысалы, тұрақты жұмыс істейтін «Қазақстанның үлкен қазылар алқасы» төрелігінің 2017 жылғы 25 сәуірдегі шешімімен «Ц» АҚ-ның («F» АҚ құқықтық мирасқоры) К.-ге берешек сомасын өндіріп алу туралы талап қоюы қанағаттандырылды. «F» АҚ төрелік шешімнің күшін жою туралы өтінішхатпен сотқа жүгінді. Солтүстік Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылғы 13 қыркүйектегі ұйғарымымен өтінішхат барлық қоса берілген құжаттармен бірге қайтарылды.

Сот тұрақты жұмыс істейтін «Қазақстанның үлкен қазылар алқасы» төрелігінің 2017 жылғы 25 сәуірдегі шешімі Нұр-Сұлтан қаласында шығарылғанын анықтады, өйткені төреліктің орналасқан жері Нұр-Сұлтан қаласы болып табылады, төрелік шешімнің күшін жою туралы өтінішхат Нұр-Сұлтан қаласының апелляциялық сатысындағы сотқа берілуге тиіс.

«Т» ЖШС-ның жанындағы тұрақты жұмыс істейтін Төреліктің 2021 жылғы 11 қазандағы шешімімен Т.-дан 2 084 664 теңге мөлшерінде берешек, 62 540 теңге сомасында төрелік алым және 800 теңге мөлшерінде пошта шығыстары өндірілді.

Т. төрелік шешімінің күшін жою туралы Алматы қалалық сотына жүгінді.

Алматы қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 29 сәуірдегі ұйғарымымен өтінішхат қайтарылды. Сот өз қорытындыларында төреші шешімді Қарағанды қаласында шығарғанына, сондықтан өтінішхат соттылық ережелері бұзылып берілгеніне, өтінішхатты Қарағанды облыстық соты шешуі тиіс екеніндігіне уәж келтірген.

Павлодар облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылғы 6 сәуірдегі ұйғарымымен Ә.-нің «Т» ЖШС-ның жанында тұрақты жұмыс істейтін Төреліктің шешімінің күшін жою туралы 2021 жылғы 2 наурыздағы өтінішхаты қайтарылды.

Төреліктің орналасқан жері және төрелік шешімнің шығарылатын орны Қарағанды қаласы болып табылады, төрелік шешімнің күшін жою туралы өтінішхат Павлодар облыстық сотының соттылығына жатпайды, өтінішхатты Қарағанды облыстық соты шешуі тиіс.

### **Мемлекеттік баж**

Салық кодексінің 1-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына және 607-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік баж бюджетке міндетті төлем болып табылады.

Осыған орай, заңда белгіленген мөлшерде мемлекеттік баж төлеу сотқа талап-қою (арыз) не арыз берген адамның міндеті болып табылады.

Оны төлеуден босату тек заңда тікелей көрсетілгенде ғана мүмкін болады.

Заңның 53-бабының 1-тармағына сәйкес төрелік шешімнің күшін жою туралы өтінішхат АПК-ге сәйкес сотқа беріледі.

Бұл мемлекеттік баждың төленбеуі не өтінішхатпен жүгінген кезде мемлекеттік баждың толық көлемде төленбеуі судьяның өтінішхатты қабылдау сатысынан қайтаруына негіз болып табылатынын білдіреді (АПК-нің 152-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы).

Тараптар мемлекеттік бажды төлеу туралы талаптарды ҚР төреліктері шығарған төрелік шешімдер бойынша атқару парағын беру туралы (АПК-нің 20-тарауы) және шетелдік төреліктердің төрелік шешімдерін тану және орындау туралы өтініштермен жүгінген кезде сақтауға тиіс (АПК-нің 501-бабы).

Мемлекеттік бажды төлеу тәртібі мен мөлшері Салық кодексінде регламенттелген.

Мемлекеттік баж мөлшерлемелері Салық кодексінің 610-бабы 1-тармағының 9) тармақшасы бойынша айқындалады, оған төрелік шешімдерінің күшін жою туралы өтінішхаттардан – Қазақстан Республикасының сотына мүліктік емес сипаттағы талап қою арызы берілген кезде алынатын мемлекеттік баж мөлшерінің, ал мүліктік сипаттағы даулар бойынша – Қазақстан Республикасының сотына мүліктік сипаттағы талап қою арызы берілген кезде алынатын және арыз беруші даулап отырған соманы негізге ала отырып есептелген мемлекеттік баж мөлшерінің – 50 пайызы алынады.

Салық кодексінің 610-бабының 2-тармағына сәйкес төрелік шешімдерінің күшін жою және төреліктің және шетелдік соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындатуға атқару парақтарын беру мәселелері жөніндегі ұйғарымдарға, мүліктік емес және мүліктік сипаттағы даулар бойынша соттардың шешімдері мен қаулыларына сот актілерін кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы өтінішхаттардан мемлекеттік баж осындай даулар бойынша әкімшілік талап қою, талап арыз (арыз) берілген кезде осы баптың 1-тармағында белгіленген мемлекеттік баждың тиісті мөлшерлемесінің 50 пайызы мөлшерінде алынады.

Сотқа талап қою кезінде мемлекеттік баж мөлшері талап қоюшының мәртебесіне және қойылған талаптың сипатына байланысты болады.

Заңның көрсетілген нормаларының мағынасына сәйкес апелляциялық сатыдағы сотқа төрелік шешімдердің күшін жою туралы өтінішхатпен жүгінген кезде де, кассациялық сатыдағы сотқа төрелік шешімдердің күшін жою туралы өтінішхатты қарау нәтижелері бойынша шығарылған апелляциялық сатыдағы сот актісіне шағымданған кезде де мемлекеттік баж сол бір мөлшерде, яғни осындай даулар бойынша талапты қойған кезде Салық кодексінің 610-бабының 1-тармағында белгіленген мемлекеттік баждың тиісті мөлшерлемесінің 50% төленеді.

Сондықтан мемлекеттік баж төленбеген немесе толық көлемде төленбеген кезде соттар мұндай өтінішхаттарды қайтарады.

Мысалы, «Торе» төрелік, медиация және коучинг орталығы» ЖМ-нің 2021 жылғы 23 шілдедегі төрелік шешімімен Қ.-ның мәмілені жүзеге асырылды деп тану және жылжымайтын мүлікке меншік құқығын тану туралы талабы қанағаттандырылды.

Б. мүліктік емес сипаттағы талап қою кезінде белгіленген мөлшерлемелерді негізге ала отырып, 730 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж төлеп, төрелік шешімнің күшін жою туралы өтінішхат жолдады.

Нұр-Сұлтан қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 5 қаңтардағы ұйғарымымен Б.-ның өтінішхаты мемлекеттік баждың толық көлемде төленбеуіне байланысты қайтарылды.

Мұндай тұжырымдармен кассациялық сот келісіп, даулы ұйғарымды күшінде қалдырды.

Мәмілені жасалды деп тану туралы мүліктік сипаттағы талап қою арызын берген жеке тұлға - талап қоюшы болып табылады, осыған байланысты арыз беруші сотқа төрелік шешімнің күшін жою туралы өтінішхатпен жүгінген кезде мүліктік сипаттағы талап қоюға арналған мөлшерлеменің негізінде мемлекеттік бажды төлеуге тиіс болатын.

Қостанай облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 5 шілдедегі ұйғарымымен «Х» ЖШС-ның берешекті өндіріп алу туралы талап қоюы бойынша Бірінші Экономикалық Төреліктің 2022 жылғы 7 маусымдағы шешімінің күшін жою туралы Х.-ның өтінішхатын қанағаттандырудан бас тартылды.

Х. мүліктік емес сипаттағы талаптар бойынша мөлшерлемелердің негізінде 3 063 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж төлеп, кассациялық сатыдағы сотқа ұйғарымның күшін жою туралы өтінішхатпен сотқа жүгінген.

Кассациялық саты өтінішхатты қайтарған, өйткені арыз беруші мүліктік сипаттағы талап қоюлар үшін белгіленген мөлшерлемелер бойынша 6 300 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж төлеуі тиіс.

Арыз берушілер Салық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде мемлекеттік баж төлеуді жүзеге асыратын не заңның тікелей көрсетілуіне байланысты мемлекеттік баж төлеуден босатылатын жағдайлар бар, алайда соттар мұндай өтінішхаттарды негізсіз қайтарып, сол арқылы әуре-сарсаңға салады.

Мысалы, Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 23 тамыздағы қаулысымен Солтүстік Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылғы 14 желтоқсандағы ұйғарымының күші жойылды, материал «А» ЖШС-ның (бұдан әрі – ЖШС) өтінішхатын сот ісін жүргізуге қабылдау сатысынан бастап жаңа қарауға жіберілді.

ЖШС «Қ» ЖШС-ның жанында тұрақты жұмыс істейтін төреліктің «А» ШҚ-ның ЖШС-ға соманы өндіріп алу туралы талап қою арызы бойынша шығарылған 2021 жылғы 15 қарашадағы шешімінің күшін жою туралы өтінішхатпен сотқа жүгінді.

Апелляциялық сатыдағы сот өтінішхатты арыз берушінің мемлекеттік бажды тиісті мөлшерде төлемеуіне байланысты қайтарған.

Кассациялық сатыдағы сот талап қоюды ШҚ мәлімдегенін анықтады, сондықтан мемлекеттік баж талап қою берілген кезде талап қою арыз сомасының 1%-ы мөлшерінде, ал апелляциялық сатыдағы сотқа төрелік шешімнің күшін жою туралы өтінішхатты берген кезде мүліктік сипаттағы талап қою берген кезде алынатын мемлекеттік баж мөлшерінің 50% мөлшерінде есептелуге тиіс.

Осылайша, ЖШС 119 452 теңге (23 890 409 x 1%:50%) мемлекеттік бажды төлеуге тиіс болатын. 2021 жылғы 13 желтоқсандағы түбіртекке сәйкес ЖШС 120 300 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж төледі.

Мемлекеттік баждың дұрыс төленбеуі себебінен өтінішхатты қайтару үшін сотта заңды негіз болған жоқ.

Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 25 мамырдағы қаулысымен Алматы қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылғы 10 тамыздағы ұйғарымының күші жойылды. Материал қабылдау сатысында Алматы қалалық сотына жаңа қарауға жіберілді.

Д. тарату комиссиясына кредиттік желі ашу туралы келісімді және банктік қарыз шарттарын ішінара жарамсыз деп тану туралы талап қойып сотқа жүгінді. Төреліктің 2021 жылғы 19 шілдедегі шешімімен талап қанағаттандырылды.

Тарату комиссиясы шешімнің күшін жою туралы өтінішхатпен жүгінді, апелляциялық сатыдағы сот тарату комиссиясының мемлекеттік бажды төлеуден босатылғанына қарамастан, мемлекеттік бажды төлемеуіне байланысты өтінішхатты қайтарған.

Салық кодексінің 616-бабының 22-тармағында адамдарды соттарда мемлекеттік баж төлеуден босату жағдайлары көзделген.

Осылайша, соттарда таратуға қатысты іс жүргізудің мүддесі үшін берілген талап қоюлар, арыздар, шағымдар бойынша мәжбүрлеп таратылатын қаржы ұйымдарының тарату комиссиялары мемлекеттік баж төлеуден босатылады.

Жол берілген бұзушылық кассациялық сатыда сот актісінің күшін жоюға негіз болды.

### **Төрелік шешімнің күшін жою туралы өтінішхатпен, атқару парағын беру туралы арызбен сотқа жүгінген адамдардың өкілеттіктері**

Төрелікте талап қою және дауды шешу кезінде өкілдердің өкілеттіктерін ресімдеу кезінде және төрелік шешімнің күшін жою туралы өтінішхатпен немесе атқару парағын беру туралы өтінішпен сотқа жүгінген кездегі айырмашылықтарды атап өткен жөн.

Мәселен, дауды төрелікке шешуге өтініш білдірген өкілдерге қорғау (өкілдік ету) туралы жазбаша хабарлама және адвокат куәлігінің көшірмесін беру туралы талаптар, ал заң консультанттарына – заң консультанттары палатасына мүшелігін растайтын құжат қолданылмайды, сондықтан көрсетілген құжаттар төрелікке ұсынылуға жатпайды, Заңның 32-бабында мұндай талаптар көзделмейді.

Заңның 32-бабының 2-тармағына сәйкес тараптар өкілдерінің өкілеттіктері Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген талаптарды сақтай отырып ресімделуге тиіс.

Төрелік шешімнің күшін жою туралы өтінішхатпен, атқару парағын беру туралы өтінішпен жүгінген адамдардың тиісінше ресімделген сенімхаты болуға тиіс.

Заңның 53-бабының 1-тармағында төрелік шешімнің күшін жою туралы өтінішхаттың Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік заңнамасына сәйкес сотқа берілетіні көзделген.

Құқық нормасының сөзбе-сөз мазмұны, егер өкіл төрелік шешімнің күшін жою туралы өтінішхатпен немесе атқару парағын беру туралы өтінішпен сотқа жүгінсе, онда оның өкілеттігі АПК-нің 58, 61-бабының талаптарына сәйкес келуге тиіс екенін білдіреді.

Көрсетілген құқық нормаларының ережелерін ескере отырып, соттарға арыздармен жүгінетін өкілдер тиісті адвокаттар алқасының адвокаттары не соттарда адамдардың мүдделерін білдіру түрінде заң көмегін көрсету үшін заң консультанттары палаталарының бірінің мүшелері болуға тиіс, сондықтан сенімхаттан басқа, егер адвокат болып табылса, сотқа қорғау (өкілдік ету) туралы жазбаша хабарлама және куәліктің көшірмесін беруге міндетті адвокат, ал заң кеңесшісі – заң кеңесшілер палатасына мүшелікті растайтын құжат.

Өкілеттіктері заңның жоғарыда көрсетілген талаптарына сәйкес келмейтін өкілдер сотқа берген төрелік шешімдердің күшін жою туралы өтінішхаттарды және атқару парақтарын беру туралы өтініштерді қайтаратын соттардың іс-әрекеттері заң талаптарына сәйкес келеді.

Мысалы, «S» ЖШС Өскемен қаласының Шығыс Қазақстан облысы бойынша «Астана қаласының төрелігі» ЖШС-ның өкілдігі 2021 жылғы 19 қаңтарда шығарған төрелік шешімнің күшін жою туралы өтінішхатпен сотқа жүгінді.

Шығыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылғы 10 наурыздағы ұйғарымымен «S» ЖШС-ның өтінішхаты оған қол қоюға өкілеттігі жоқ адам қол қойғандықтан қайтарылды.

Адвокат К.-ге берілген сенімхатта өкілдің іс жүргізу әрекетін жасау – төрелік шешімнің күшін жою туралы өтінішхатқа қол қоюға өкілеттігі көзделмеген.

Алматы қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылғы 23 шілдедегі ұйғарымымен С.-ның «Forum Votem» төрелігінің 2016 жылғы 21 қыркүйектегі шешімінің күшін жою туралы өтінішхатын қанағаттандырудан бас тартылды.

С.-ның өкілі - адвокат Б. ұйғарымның күшін жою туралы кассациялық сатыдағы сотқа жүгінді.

Кассациялық саты өтінішхатты қайтарды, себебі оған адвокаттың кассациялық сатыдағы сотта С.-ның мүдделерін қорғау туралы жазбаша хабарламасы қоса берілмеді.



Нұр-Сұлтан қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2020 жылғы 3 қарашадағы ұйғарымымен «Р» ЖШҚ-ның Нұр-Сұлтан қаласының тұрақты жұмыс істейтін төрелігі төрешісінің 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «М» ЖШС-ның «Р» ЖШҚ-ға берешекті, залалды, тұрақсыздық айыбын, төрелік алым мен өкілдік шығыстарды өндіріп алу туралы талап қоюын қанағаттандыру туралы шешімінің күшін жою туралы өтінішхатын қанағаттандырудан бас тартылды.

«Р» ЖШҚ-ның өкілі Ө. кассациялық сатыдағы сотқа ұйғарымның күшін жою туралы өтінішхатпен жүгінді.

Кассациялық сатыда өтінішхат қайтарылды, өйткені оған Ө.-нің заң консультанттары палатасына мүшелігін растайтын құжат немесе қорғау (өкілдік ету) туралы тиісті хабарлама, адвокат куәлігінің көшірмесі қоса берілмеген.

### **Іске қатысатын адамдар**

АПК-нің 464-бабының бірінші бөлігінде төрелік шешімнің күшін жою туралы өтінішхат беруге құқығы бар адамдардың толық тізбесі – бұл төрелік талқылау тараптары және үшінші тұлғалар көзделген.

Үшінші тұлға өтінішхат берген кезде сот оның құқықтары мен міндеттеріне қатысты төреліктің шешім қабылдағанын, бұл ретте ол іске қатысуға тартылмағанын анықтауы керек.

Заңның 52-бабы 1-тармағының 1)-5) тармақшаларында төрелік шешімнің күшін жою үшін негіздер көзделген.

Үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзу сияқты төрелік шешімнің күшін жою үшін мұндай дербес негіз заңда көзделмеген. Бұл дегеніміз, үшінші тұлғалар төрелік талқылау тарапымен тең, сотқа өтінішхатпен жүгінген кезде бір мезгілде екі шартты сақтауға міндетті:

1) өтінішхат беру құқығы кез келген үшінші тұлғаға беріле бермеген, тек іске қатысуға тартылмаған, бірақ оның құқықтары мен міндеттеріне қатысты төрелік шешім қабылдаған тұлғаға қатысты құқық берілген;

2) үшінші тұлға сотқа Заңның 52-бабы 1-тармағының 1)-5) тармақшаларында көзделген төрелік шешімнің күшін жою үшін негіздердің бар екенін дәлелдеуге тиіс.

АПК-нің 465-бабының екінші бөлігіне сәйкес төрелік талқылау тараптары, үшінші тұлғалар төрелік шешімнің күшін жою туралы өтінішхат берген жағдайда, сот оларға сот отырысының уақыты мен орны туралы хабарлайды. Төрелікті оның шешімінің күші жойылғаны туралы мәлім ету талап етілмейді.

Сонымен қатар, соттар төрелік талқылау тараптары мен үшінші тұлғаларды ғана емес, төрешілерді де сотқа шақыруды жалғастыруда.

Төрелік тарап болып табылмайды, оның сот талқылауына қатысуы Заңда көзделмеген.

Мысалы, құрамында жалғыз төреші М.-ның 2019 жылғы 10 маусымдағы төрелік шешімімен Р.-ның Б.-ға соманы өндіріп алу туралы талабы қанағаттандырылды.

Б. төрелік талқылау болатыны туралы хабардар етілмегенін дәлелдей отырып, төрелік шешімнің күшін жою туралы өтінішхатпен сотқа жүгінді.

Астана қаласының Есіл аудандық соты аталған өтінішхаттың қаралатыны туралы төрелік талқылау тараптарын, сондай-ақ сот отырысына келген төреші М.-ны хабардар етті. Сонымен қатар, сот отырысында судья оның түсініктемелерін тыңдады, ол төрелік шешімнің күшін жоюдан бас тартуды сұрады.

Сондай-ақ, құрамында төреші К.-нің 2020 жылғы 31 қаңтардағы төрелік шешімімен «К» («К») ЖШС-ның «Б» ФКХ-ға және «Ә» ЖШС-ға берешек пен өсімпұл сомасын өндіріп алу туралы талабы қанағаттандырылды.

Жауапкерлер Солтүстік Қазақстан облысының МАЭС-ке дау төреліктің соттылығына жатпауына байланысты төрелік шешімнің күшін жою туралы өтінішхатпен жүгінді.

Сот аталған өтінішхаттың қаралатыны туралы төрелік талқылау тараптарын, сондай-ақ төреші К.-ні хабардар етті. Сонымен қатар, сот отырысында оның түсіндірмелерін тыңдады, К. төрелік шешімнің күшін жоюдан бас тартуды сұрады.

Солтүстік Қазақстан облысының апелляциялық сатыдағы соты жеке шағымның қаралатыны жөнінде төреші К.-ні де хабардар еткенімен, ол істі өзінің қатысуынсыз қарау туралы арыз берді.

Дәл осындай бұзушылыққа осы сот № 5930-20-00-2/641 іс бойынша жол берген.

Сонымен, мұндай бұзушылықтарға төрешілерді сот талқылауы туралы хабардар еткен соттар да, төрелік шешімдердің күшін жою туралы өтінішхаттарды қарауға қатысатын төрешілер де жол берген.

Төрешіні сотқа шақыру және шығарған төрелік шешімі бойынша оның ұстанымын тыңдау АПК-нің қағидаттарына қайшы келеді.

### **Сотқа өтінішхатпен жүгіну мерзімі, оны өткізіп алудың салдары**

АПК-нің 464-бабының бірінші бөлігі және Заңның 53-бабының 2-тармағы төрелік шешімнің күшін жою туралы өтінішхаттың төрелік шешімді алған күннен бастап бір ай ішінде сотқа берілетінін көздейді.

Егер арыз осы Заңның 51-бабына сәйкес берілген жағдайда (төрелік шешімді жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау), онда сотқа

өтінішхат осы арыз бойынша төрелік шешім шығарылған күннен бастап бір ай ішінде беріледі.

АПК-нің 464-бабының үшінші бөлігіне сәйкес судья, егер осы баптың бірінші бөлігінде белгіленген төрелік шешімнің күшін жою мерзімі өтіп кетсе және оны АПК-ге сәйкес қалпына келтіруге негіз болмаса, өтінішхатты қайтарады.

Бұл дегеніміз, егер бір айлық мерзім өткізілсе, онда судья өтінішхатты қабылдау сатысынан қайтаруға тиіс.

Егер өтінішхатқа мерзімді қалпына келтіру туралы өтініш қоса берілсе, бұл жағдайда сот АПК-нің 126-бабы екінші бөлігінің жалпы ережесін негізге алуға тиіс, онда АПК-де белгіленген мерзімдерді, егер сот оларды өткізіп алу себептерін дәлелді деп таныса, сот оларды қалпына келтіруі мүмкіндігі көзделген.

Төрелік шешімнің және атқару парағын беру туралы өтініштің күшін жою туралы өтінішхаттар түскен кезде, соттар өтінішхатты (өтінішті) беру мерзімін қалпына келтіру туралы мәселені тараптың мерзімді өткізіп алудың дәлелді себебінің болуы туралы дәлелдерін растайтын қажетті құжаттарды зерттемей қарайтын жағдайлар кездеседі.

Мысалы, Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылғы 28 сәуірдегі қаулысымен Алматы қалалық сотының 2021 жылғы 21 қаңтардағы ұйғарымының күші жойылды, іс М.-ның сот ісін жүргізуге өтінішінхатын қабылдау сатысынан жаңадан қарауға жіберілді.

Төреліктің 2016 жылғы 12 шілдедегі сырттай шешімімен «Р» ЖШС-ның М.-ға 829 914 теңге мөлшерінде берешекті өндіріп алу туралы талабы қанағаттандырылды.

М. өтінішхатпен және сотқа төреліктің сырттай шешімінің күшін жою үшін мерзімді қалпына келтіру туралы өтінішпен жүгінді.

Судьяның 2021 жылғы 21 қаңтардағы ұйғарымымен өтінішхат төреліктің істі қарайтыны туралы хабарламаны алмағанын, сырттай шешімді 2021 жылғы 13 қаңтарда ғана алғаны туралы дәлелдерді растайтын дәлелдемелерді ұсынбауына байланысты қайтарылған.

М. процестік мерзімді қалпына келтіру туралы өтінішінде оған төрелік талқылау туралы 2020 жылғы 22 желтоқсанда атқарушылық іс жүргізу материалдарымен танысу барысында белгілі болғандығы, төреліктің сырттай шешімінің көшірмесі оған 2021 жылғы 13 қаңтарда табыс етілгені жөнінде уәж келтірген. Төрелік істе шешімнің көшірмесін уақтылы тапсырғанын немесе жолдағанын растайтын құжаттар мен өзге де мәліметтер жоқ екенін көрсетті. Ол сондай-ақ төрелік талқылаудың уақыты мен орны туралы хабардар етілмеді, сондықтан істі қарау кезінде қатыса алмады.

Сот М.-ның дәлелдерін қарамаған, тек өтінішхатқа қоса берілген құжаттарды зерделеумен шектелген.

Кассациялық саты ұйғарымның күшін жоя отырып, сот шешімінің жіберілген күнін тиісінше хабарлау бөлігінде Заңның талаптарын төрешінің орындағаны туралы құжаттамалық растаудың болуына төрелік іс материалдарымен танысу арқылы көрсетілген дәлелдерді сот тексеруге тиіс болатын және бұл растауды төреліктен қажетті құжаттарды талап етіп алмайынша анықтау мүмкін емес деген тұжырымға келді.

АПК-нің 15-бабының төртінші бөлігіне сәйкес сот тараптың дәлелді өтінішхаты бойынша не өз бастамасы бойынша іс материалдарын жинау және зерттеу, тараптар дәлелдерінің негізділігін және сотқа берілген дәлелдемелердің дұрыстығын тексеру жөнінде шаралар қабылдайды, сондай-ақ азаматтық сот ісін жүргізу міндеттеріне қол жеткізуге бағытталған өзге де әрекеттерді орындайды.

Сондықтан соттар тараптардың өтініштері бойынша, сондай-ақ өз бастамасы бойынша төреліктен тараптарды тиісінше хабардар ету жөнінде қажетті құжаттарды (бұл хабарламалар, шақыру қағаздары, жүкқұжаттар, жөнелту тізілімдері, түбіртектер, пошта ұйымдарының хаттары, смс хабарламалардан үзінді көшірмелер және тараптарды хабардар ету фактісін растайтын өзге де құжаттар болуы мүмкін) талап етуге құқылы.

### **Талап қоюды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау**

Төреліктің талап қоюды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдау туралы өкім ету өкілеттігі Заңның 20-бабының 6-тармағында және 39-бабында көзделген.

Заңның 20-бабының 6-тармағына сәйкес, егер тараптар өзгеше уағдаласпаса, онда төрелік кез келген тараптың өтініші бойынша ол қажет деп санайтын дау нысанасына қатысты талап қоюды қамтамасыз ету жөнінде қандай да бір тараптың осындай шаралар қабылдауы туралы өкім бере алады, ол туралы ұйғарым шығарады.

Төрелікте қаралатын талап қоюды қамтамасыз ету туралы өтінішті тарап төрелік талқылауды жүзеге асыратын жер немесе өзіне қатысты қамтамасыз ету шаралары қолданылуы мүмкін мүлік орналасқан жер бойынша сотқа береді.

Соттың төрелікте қаралатын талап қоюды қамтамасыз ету туралы өтінішті қарауы және соттың талап қоюды қамтамасыз ету немесе оны қамтамасыз етуден бас тарту туралы ұйғарым шығаруы АПК-де белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Айта кету керек, АПК-нің 156-бабында көзделген талап қоюды қамтамасыз ету жөніндегі барлық шаралар төрелік талқылау тәртібімен қаралатын талаптарға қатысты қолданылуы мүмкін емес. Мысалы, дау айтылған құқықтық актінің қолданылуын тоқтата тұру сияқты шараны төрелік қарайтын талаптарға қатысты қолдануға болмайды.

Сондықтан соттар талап қоюды қамтамасыз ету туралы өтініштерді қарау кезінде заңды бұзбауы керек.

АПК-нің 156-бабының үшінші бөлігіне сәйкес талап қоюды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар талап қоюшының мәлімдеген талабына сәйкес болуға және үшінші тұлғалардың жария мүдделері мен мүдделерін бұзбауға тиіс.

Төрелік талқылау тараптары талап қоюды қамтамасыз ету туралы өтінішке төрелікке талап қоюды растайтын құжатты қоса беруге тиіс.

Мұндай құжат төрелік талқылауды қозғау туралы ұйғарым болып табылады.

Сот практикасы талап қоюды қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимылдарды жүзеге асыру соттарда қиындықтар туғызбайтынын куәландырады.

Мысалы, «А» АҚ («F» АҚ еншілес банкі) (бұдан әрі – Банк) қамтамасыз ету шараларын қабылдау туралы өтінішпен жүгініп, өз талаптарында Банк «P» ЖШС-ға, «T» (Т) ЖШС-ға, «N» ЖШС-ға, «Ф» ЖШС-ға және «S» ЖШС-ға берешекті өндіріп алу туралы талап қойып, «IUS» халықаралық төрелігіне жүгінгені жөнінде уәж келтірген.

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2021 жылғы 26 сәуірдегі ұйғарымымен өтініш ішінара қанағаттандырылды, талап қою сомасының шегінде жылжымалы және жылжымайтын мүлікке 815 743,23 Еуро 23 еуро және 609 392 теңге мөлшерінде, оның ішінде банктердің есеп айырысу шоттарындағы жылжымалы және жылжымайтын мүлікке 225 908 еуро және 665 625 теңге мөлшеріндегі ақшалай қаражатқа, жауапкерлерге өздеріне тиесілі сауда нүктелерінен тауарларды өткізу жөнінде іс-әрекеттер жасауға тыйым салынып, жауапкерлерге тиесілі және жалға берілетін қойма үй-жайларындағы тауарларға пломба салу жөнінде қаулы шығарылды. Нақты мүлікке тыйым салу бөлігінде бас тартылды.

Апелляциялық сатыдағы сот жауапкерлердің жылжымалы және жылжымайтын мүлкіне 815 743,23 Еуро 23 еуро және 609 392 теңге мөлшерінде талап қою сомасының шегінде, сондай-ақ 225 908 еуро және 665 625 теңге мөлшерінде талап қою сомасының шегінде жылжымалы және жылжымайтын мүлікке тыйым салу бөлігінде сот қорытындыларымен келісті.

1 073 169 335 теңге кепіл бағасының шегіндегі серіктестіктердің айналымындағы кепілді жылжымалы, жылжымайтын мүлкіне, тауарларына тыйым салу бөлігінде сот қамтамасыз ету шараларының аясын заңсыз кеңейткенін көрсетіп келіспеді, өйткені Банк жауапкерлердің есеп айырысу шоттарындағы ақшалай қаражатқа тыйым салуды сұрамаған, сондай-ақ көрсетілген мүлік пен айналымдағы тауарлар 1 073 169 335 теңге кепілдік бағасы шегінде сот шешімін орындау үшін жеткіліксіз болып табылатынын куәландыратын дәлелдемелер ұсынбаған.

Осыған байланысты апелляциялық сатыдағы сот соттың талап қоюды қамтамасыз етуге қатысты қабылдаған шарасы шамадан тыс асырылған және мәлімделген материалдық-құқықтық талаптарға сәйкес келмейді деген қорытындыға келді.

### **Соттың дәлелдемелер алуға жәрдем көрсетуі**

Заңның 33-бабының 1-тармағында көзделген жалпы ереже бойынша әрбір тарап өзінің талаптары мен қарсылықтарының негіздемесі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге тиіс.

Заңның 39-бабының 5-тармағына сәйкес төрелік немесе тарап төреліктің келісімімен дәлелдемелер алуға жәрдемдесу туралы сотқа жүгіне алады. Сот бұл өтінішті АПК-ге сәйкес қарайды.

АПК-нің 73-бабының төртінші, бесінші бөліктеріне сәйкес тараптар мен іске қатысатын басқа да адамдар үшін дәлелдемелерді ұсыну қиын болған жағдайда, бірінші сатыдағы сот олардың өтінішхаты бойынша оларға дәлелдемелерді талап етуге жәрдем көрсетеді. Бірінші сатыдағы сот тарапқа қажетті дәлелдемелерді талап етуге жәрдемдесу туралы өтінішті қанағаттандырмай қалдырған жағдайда, ол туралы апелляциялық сатыдағы сот алдында апелляциялық шағымда немесе сот отырысында мәлімделуі мүмкін.

Дәлелдемелерді талап етуге жәрдемдесу туралы өтініште дәлелдемелер, сондай-ақ іс үшін маңызы бар қандай мән-жайлар осы дәлелдемемен анықталуы немесе теріске шығарылуы мүмкін екендігі, дәлелдемелерді өз бетінше алуға кедергі келтіретін себептер және оның орналасқан жері көрсетілуге тиіс.

Сот практикасында дәлелдемелер алуға жәрдемдесу туралы өтініштер қанағаттандырылады, соттарда қандай да бір проблемалық мәселелер туындамаған.

### **Сот ісін жүргізу тілі**

Төрелікте төрелік талқылау тілі Заңның 28-бабының қағидалары бойынша айқындалады.

АПК-нің 14-бабы соттарда сот ісін жүргізу тілін белгілеу тәртібін регламенттейді.

Соттардың практикасында соттарда сот ісін жүргізу тілін анықтауға қатысты сұрақтар туындайды. Егер, мысалы, төрелік талқылауда төрелік талқылаудың тілі деп орыс тілі болса, ал тарап төрелік шешімнің күшін жою туралы өтінішхатпен сотқа мемлекеттік тілде жүгінсе қалай болады?

АПК-нің 465-бабының бірінші бөлігіне сәйкес төрелік шешімнің күшін жою туралы өтінішхатты сот АПК-нің қағидалары бойынша қарайды.

Осыған ұқсас норма Заңның 53-бабында да көзделген.

Демек, сот өтінішхат төрелік талқылау жүргізілген іс жүргізу тіліне қарамастан, төрелік шешімнің күшін жою туралы өтінішхат берілген тілде іс бойынша іс жүргізуді қабылдайды және қозғайды.

Қажет болған жағдайда тараптардың өтінішхаты бойынша сот ісін жүргізу тілі одан әрі өзгертілуі мүмкін, бұл АПК-нің 14-бабының екінші бөлігінен туындайды.

### **Өтінішхатты қарау кезінде соттың анықтауына жататын мән-жайлардың аясы**

АПК-нің 465-бабының үшінші бөлігіне сәйкес сот істі қараған кезде мәлімделген талаптар мен қарсылықтарға негіз ретінде сотқа ұсынылған дәлелдемелерді зерттеу арқылы төрелік шешімнің күшін жою үшін заңда көзделген негіздердің болуын немесе болмауын анықтайды.

Қорыту жүргізу барысында сот негізінен мына жағдайлардың болуына сілтеме жасап, төрелік шешімдердің күші жойылатыны анықталды:

- төреліктер тараптарға төрелік талқылау туралы хабарламайды;
- төрелік келісімдерге немесе ескертпелерге байланысты келіспеушіліктер бар, олар істі ведомстволық қарауына жатпайтындығына байланысты төрелікте қарау мүмкіндігін болдырмайды;
- төрелік шешім жария тәртібіне қайшы келеді.

Шетелдік халықаралық коммерциялық немесе инвестициялық төрелік шығарған шешімдерге АПК-де көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасында шағымдануға жатпайтынын, осы шешімдер шығарылған елде шағымдануға жататынын соттардың назарды ұстағаны жөн.

Заңның 52-бабы 1-тармағының 1)-5) тармақшаларында төрелік шешімнің күшін жою негіздері көзделген.

Төрелік шешім, егер:

- төрелік шешімнің төрелік келісімде көзделмеген немесе оның шарттарына дөп келмейтін мәселе бойынша шешім қамтылса не төрелік келісімнің шегінен шығатын мәселелер жөніндегі қаулы қамтылса, сондай-ақ даудың төреліктің ведомстволық қарауына жатпаса сотта жойылуға жатады.

Егер төрелік келісімде қамтылған мәселелер бойынша төрелік шешімдерді осындай келісімде қамтылмайтын мәселелер бойынша шешімдерден бөліп алу мүмкін болса, онда төрелік шешімнің төрелік келісімде қамтылмайтын мәселелер бойынша шешімді қамтитын бөлігінің ғана күші жойылуы мүмкін болса;

- сот төрелік келісім тараптарының бірін әрекетке қабілетсіз деп таныса немесе тараптар төрелік келісімді жасауға негізге алған заң бойынша, ал мұндай заңға сілтеме болмаған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша төрелік келісімнің күшінің жоқтығы анықталса;

- төрешінің тағайындалуы туралы немесе төрелік талқылау туралы тараптың тиісті түрде хабардар болмаса немесе сот дәлелді деп таныған басқа да себептер бойынша өзінің түсіндірулерін ұсына алмаса;

- төрелік құрамы немесе талқылаудың төрелік рәсімі тараптардың келісіміне сәйкес келмесе, егер тек мұндай келісім тараптар бас тарта алмайтын осы Заңның кез келген ережесіне қайшы келмесе, немесе мұндай келісім болмаған кезде осы Заңға сәйкес келмесе;

- сол тараптар арасындағы дау бойынша, сол нысана туралы және сол негіздер бойынша шығарылған заңды күшіне енген соттың шешімі немесе төрелік шешім не талап арыз берушінің талап арыздан бас тартуына байланысты іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы соттың немесе төреліктің ұйғарымы болса сотта жойылуға тиіс.

Төрелік шешімдердің күшін жою негіздерінің тізбесі Заңда көзделген, осыған байланысты кеңейту түсіндіруге жатпайды.

Өтінішхат берген тарапқа дәлелдеу ауыртпалығы жүктеледі.

Заңның 52-бабы 1-тармағының 1)-5) тармақшаларында көрсетілген мән-жайлардың бар екендігін куәландыратын дәлелдемелерді сотқа ұсынбаған кезде сот төрелік шешімнің күшін жою туралы өтінішхатты қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығаруға құқылы.

Заңның 52-бабының 2-тармағында дәлелдемелердің берілгеніне қарамастан, сот төрелік шешімнің күшін жоятын екі жағдай көзделген:

1) төрелік шешім Қазақстан Республикасының жария тәртібіне қайшы келеді;

2) төрелік шешім шығарылған дау Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша төрелік талқылаудың нысанасы бола алмайды.

Көрсетілген негіздер сотқа төрелік шешімнің күшін жою туралы өтініш берген тараптың оларға сілтеме жасамағанына қарамастан, сот тексеретін мән-жайлардың аясына кіреді.

Заңның 52-бабының 2-тармағында көзделген мән-жайлар, олар анықталған жағдайда, төрелік шешімнің күшін жою үшін, сөзсіз, негіз болып табылады.

Осылайша, екі жағдайда ғана заң сотқа, егер тіпті тарап өтінішхатында оларға сілтеме жасамаса, төрелік шешімнің күшін жоюға мүмкіндік береді. Барлық басқа жағдайларда, егер сотқа Заңның 52-бабы 1-тармағының 1)-5) тармақшаларында көзделген мән-жайлардың бар екендігін куәландыратын дәлелдемелер ұсынылса, төрелік шешімнің күші жойылуға жатады.

АПК-нің 465-бабының бесінші бөлігіне сәйкес төрелік шешімнің күшін жою туралы ұйғарымда сот төрелік шешімді мәжбүрлеп орындатуға беру туралы ұйғарымның күшін жою мәселесін шешуге тиіс.



**Төрелік талқылауды қайта бастау не төрелік шешімнің күшін жою үшін негіздерді жоюға мүмкіндік беретін өзге де шараларды қолдану үшін іс жүргізуді тоқтата тұру**

Заңның 53-бабының 3-тармағына және АПК-нің 465-бабының 3-1-бөлігіне сәйкес сот тараптардың бірінің өтініші бойынша төрелік талқылауды қайта бастау не төрелік шешімнің күшін жою үшін негіздерді жоюға мүмкіндік беретін өзге де шараларды қабылдау үшін төрелік шешімнің күшін жою туралы өтінішхат бойынша іс жүргізуді белгіленген мерзімге тоқтата тұруға құқылы.

Егер төрешілер жаңа шешім шығарса, тарап сот белгілеген мерзімнің ішінде талап қою арызын ұсынбай, жаңартылған төрелік талқылауға немесе бастапқы шешімдегі өзгерістерге қатысты бөлігінде шешімнің күшін жою туралы өтінішхат беруге құқылы.

Бұл норма төрелік келісіммен қамтылған дауды шешуге соттың араласуын шектеуге бағытталған.

Заңның 52-бабының 1-тармағында көзделген төрелік шешімнің күшін жою үшін негіздер шартты түрде «жойылатын» және «жойылмайтын» болып бөлінуі мүмкін.

«Жойылатын» - бұл қайта төрелік талқылау кезінде жойылуы мүмкін осындай процестік бұзушылықтардың болуы. Мысалы, төрелік тарапқа төрелік талқылау туралы хабарлаған жоқ (Заңның 52-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы). «Жойылмайтын» - енді жоюға келмейтіндер. Мысалы, төрелік келісімнің шегінен шығатын мәселе бойынша төрелік шешімді шығару (Заңның 52-бабы 1-тармағының 1) тармақшасы).

Сондықтан көрсетілген өтініштерді қарау кезінде соттар, егер төрелік шешім Заңның 52-бабының 2-тармағында көзделген негіздер бойынша, сондай-ақ, егер төрелік шешімнің төрелік келісімде көзделмеген немесе оның шарттарына дөп келмейтін мәселе бойынша шешімді қамтитындығы не төрелік келісімнің шегінен шығатын мәселелер жөніндегі қаулыны қамтитындығы, сондай-ақ даудың төреліктің ведомстволық қарауына жатпайтыны; сот төрелік келісім тараптарының бірін әрекетке қабілетсіз деп танығандығы; тараптар төрелік келісімді жасауға негізге алған заң бойынша, ал мұндай заңға сілтеме болмаған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша төрелік келісімнің күшінің жоқтығы; сол тараптар арасындағы дау бойынша, сол нысана туралы және сол негіздер бойынша шығарылған заңды күшіне енген соттың шешімі немесе төрелік шешім не талап арыз берушінің талап қоюдан бас тартуына байланысты іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы соттың немесе төреліктің ұйғарымы болғаны салдарынан жойылса, онда тарап дауды шешу үшін құзыретті сотқа жүтінуге құқылы.

Басқа жағдайларда тараптардың арасында жасалған төрелік келісімге сәйкес төрелікке жүгіну құқығы жойылмайды.

Егер төрелік келісімде қамтылған мәселелер бойынша төрелік шешімдерді осындай келісімде қамтылмайтын мәселелер бойынша шешімдерден бөліп алу мүмкін болса, онда төрелік шешімнің төрелік келісімде қамтылмайтын мәселелер бойынша шешімді қамтитын бөлігінің ғана күші жойылуы мүмкін екенін ескеру қажет.

Заңның 53-бабы 3-тармағының бірінші бөлігінің мағынасына сәйкес сот іс жүргізуді тоқтата тұруға құқылы, бірақ міндетті емес. Сот тоқтата тұру туралы ұйғарымды тараптың өтініші бойынша шығарады.

Сот отырысында тоқтата тұру туралы өтінішті қарау кезінде төрелік шешімнің күшін жою үшін жойылатын негіздердің бар-жоғын анықтауға тиіс. Тоқтата тұру туралы ұйғарымда сот осы негіздерді егжей-тегжейлі сипаттауға және соттың бұл негіздерді қайта төрелік талқылау кезінде жоюға болады деген қорытындыға келгенін көрсетуге міндетті.

Іс жүргізуді тоқтата тұруға болатын мерзім заңда көзделмеген, сондықтан сот тоқтата тұру негізіне байланысты оның ұзақтығын өзі анықтайды.

Тараптар сотқа төрелік шешімнің күшін жою туралы өтінішхат кезде сот практикасында Заңның 53-бабының 3-тармағын және АПК-нің 465-бабының үшінші, бірінші бөлігін жиі қолданбайды. Осыған байланысты соттың белсенді рөлін ескере отырып, соттар төрелік шешімдердің күшін жоюды қысқарту мақсатында тараптарға аталған құқық нормаларының ережелерін түсіндіруі қажет.

### **Төрелік шешімдердің күшін жою негіздері**

**1.1 Төрелік келісім және даудың төреліктің ведомстволық қарауына жатпайтыны туралы Заңның 52-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында төрелік шешімнің күшін жоюға әкеп соғуы мүмкін екі түрлі негіз көрсетілген.**

**1) төрелік шешімде төрелік келісімде көзделмеген немесе оның шарттарына дөп келмейтін мәселе бойынша шешім қамтылса не төрелік келісімнің шегінен шығатын мәселелер жөніндегі қаулы қамтылса;**

**2) даудың төреліктің ведомстволық қарауына жатпауына байланысты.**

Егер төрелік шешімнің күші көрсетілген негіздер бойынша жойылса, онда тараптың дауды шешу үшін құзыретті сотқа жүгіну құқығынан айырылмағанын атап өткен жөн.

Соттың төрелік шешімнің күшін жоюдың бірінші негізі, мысалы, кепіл немесе кепіл шартында төрелік ескертпе болған жағдайда, ал негізгі

қарыз шартында төрелік ескертпе болмаған жағдайда қолданылады. Бұл жағдайда, егер төрелік дауды қараса, онда сот төреліктің шешімін Заңның 52-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес күшін жоюға тиіс.

Екінші негіз бойынша, егер тарап даудың төрелікке ведомстволық қарауына жатпайтындығын дәлелдесе, сот төрелік шешімнің күшін жоя алады.

Заңның 8-бабының 1-тармағына сәйкес тараптардың арасында жасалған төрелік келісім болған кезде дау төреліктің қарауына берілуі мүмкін.

Заңның 2-бабының 4) тармақшасында төрелік келісім ұғымы берілген - азаматтық-құқықтық қатынастардан туындаған немесе туындауы мүмкін дауды төрелікте қарауға беру туралы тараптардың жазбаша келісімі.

Заңның 9-бабының мағынасы бойынша төрелік келісім:

- тараптар қол қойған құжаттағы төрелік ескертпені (әдетте, төрелік ескертпе негізгі шарттың мәтініне енгізіледі);
- негізгі шартқа тәуелсіз дербес төрелік келісімді;
- субъектілердің құрамы мен олардың ерік білдіру мазмұнын айқындайтын хаттар, жеделхаттар, телефонограммалар, факстер, электрондық құжаттар немесе өзге де құжаттар алмасу арқылы жасалатын төрелік келісімді;
- талап қоюларды алмасу және талап қоюды қайтарып алу арқылы жасалатын, онда тараптардың бірі келісімнің бар екенін растайтын, ал екінші тарап бұған қарсы болмайтын төрелік келісімді жасау арқылы әртүрлі тәсілдермен жасалуы мүмкін.

Сондай-ақ, егер шарт жазбаша нысанда жасалған және бұл сілтеме төрелік келісімді шарттың бір бөлігі ретінде қарастырған жағдайда, шартта дауды төреліктің шешуіне беру туралы талапты қамтитын құжатқа сілтемені көздейді.

Төрелік шешімнің немесе атқару парағын беру туралы өтініштің күшін жою туралы өтінішхатты қарау кезінде сот тексеруге жататын маңызды мәселе - тараптардың төрелік келісім жасасу мәселесі болып табылады. Мұндай құжатты атқару парағын беру туралы өтінішке қосу міндетін заң шығарушының жүктеуі кездейсоқ емес, өйткені төрелік келісімнің тараптары үшін төрелік келісім заңды салдарға әкеп соғады және төрелік үшін заңды маңызы бар - төрелік талқылауды жүргізуге өкілеттігін растайды. Сондай-ақ, соттар төрелік келісімге енгізілген шарттарға тиісті құқықтық баға беруі тиіс. Себебі, 2019 жылдан бастап тараптар төрелік келісімнің шарттарын тек өз қалауы бойынша анықтайды, яғни Заңның 9-бабының қолданыстағы редакциясы төрелік келісімге тараптардың дауды төрелікке беру ниеті; төрелік қарауға жататын нысананы көрсету; нақты төрелікті көрсету сияқты шарттарды енгізуді енді талап етпейді. Барлық шарттар тараптардың келісімімен айқындалады.

Төрелік келісім азаматтық-құқықтық шарт болғандықтан, демек оған АҚ-нің шарттар туралы тиісті нормалары қолданылуы тиіс.

АҚ-нің 393-бабының 1-тармағына сәйкес тараптардың арасында шарттың барлық елеулі ережелері бойынша тиісті жағдайларда талап етілетін нысанда келісімге қол жеткен кезде шарт жасалды деп есептеледі. Шарттың мәні туралы ережелер, заңдарда елеулі деп танылған немесе шарттардың осы түрі үшін қажетті ережелер, сондай-ақ бір тараптың мәлімдеуі бойынша келісімге қол жеткізуге тиісті барлық ережелер елеулі ережелер болып табылады. Шарттың мәнін анықтамайынша, бірде-бір шартты жасалған деп санауға болмайды.

Төрелік келісімнің нысанасына тараптардың белгілі бір дауларды төреліктің қарауына беру міндетін жатқызуға болады, сондықтан тараптар бұрыннан туындаған немесе туындауы мүмкін дауды қарау үшін беруге міндеттенген сол немесе өзге төрелікті дараландыруға мүмкіндік беретін мәліметтер төрелік келісімде болуға тиіс. Төрелік келісімде мұндай мәліметтер болмаған кезде, сондай-ақ толықтырушы нормаларды (атап айтқанда, Сыртқы сауда төрелігі туралы Еуропалық конвенцияның ережелерін) қолдану мүмкін болмаған кезде мұндай төрелік келісімдер жасалмаған болып есептелуі тиіс.

Еуропалық конвенцияның IV бабында, егер тараптар дау қаралатын нақты төрелікті көрсетпеген жағдайда, төрелік сотты дараландыру тетігі қамтылған.

Конвенцияны қолдану кезінде соттар оның қолданылу аясын ескеруі, сондай-ақ Конвенцияға қатысушылар болып табылатын мемлекеттердің мәртебесін тексеруі керек.

Мәселен, 1-баптың 1-тармағының а) тармақшасына сәйкес Еуропалық конвенция осындай келісім жасалған кезде тұрақты тұрғылықты жері немесе тиісінше әртүрлі уағдаласушы мемлекеттерде өзінің орналасқан жері бар жеке және заңды тұлғалардың сыртқы сауда жөніндегі операцияларды жүзеге асыру кезінде туындайтын дауларды төрелік тәртіппен шешу туралы төрелік келісімдерге қолданылады.

Қазақстан Республикасы 1961 жылғы 21 сәуірде Женева қаласында қабылданған Сыртқы сауда төрелігі туралы Еуропалық конвенцияға Қазақстан Республикасының қосылуы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 4 қазандағы № 2484 Жарлығына сәйкес Еуропа конвенциясына қосылды.

Мысалы, Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 19 шілдедегі қаулысымен Нұр-Сұлтан қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі алқасының 2022 жылғы 22 ақпандағы ұйғарымының күші жойылып, «К» ДК К.-нің «Т» ЖШҚ-ға шартты бұзу, шығындарды, шыққан шығыстарды өндіріп алу туралы талап

қоюына қатысты азаматтық іс бойынша «Б» ЖШС-ның 2021 жылғы 13 желтоқсандағы шешімінің күшін жою туралы жаңа ұйғарым шығарылды.

«Т» ЖШҚ сотқа шешімнің күшін жою туралы өтінішхат бере отырып, дәлелдердің бірі ретінде даудың төреліктің қарауына жатпайтындығын көрсетті.

Іс материалдары бойынша тараптар 2017 жылғы 21 сәуірде сатып алу-сату шартын жасасқан.

Беларусь Республикасының Минск облысы экономикалық сотының 2021 жылғы 24 наурыздағы шешімімен «Т» ЖШҚ-ның «К» ДК К.-ге мемлекеттік бажды төлеу бойынша талап қоюшының шығындарын өтеу үшін 6 214 560 Ресей рублі, 7 081,51 Беларусь рублі мөлшерінде берешекті өндіріп алу туралы талабы қанағаттандырылды (жоғарыда көрсетілген шарт бойынша дау).

Нұр-Сұлтан қаласы МАЭС-тің 2021 жылғы 2 тамыздағы ұйғарымымен шетелдік соттың жоғарыда көрсетілген шешімі борышкердің орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының аумағында танылды және орындалды, өндіріп алуға атқару парағы жазылды.

«Б» ЖШС-ның 2021 жылғы 13 желтоқсандағы шешімімен «К» ДК К.-нің «Т» ЖШҚ-ға шартты бұзу, шығындар мен келтірілген шығыстар сомасын өндіріп алу туралы талабы қанағаттандырылды.

Дау айтылған Шарттың 7.2-тармағына сәйкес осы Шарт бойынша туындаған даулар мен келіспеушіліктер, оларды келіссөздер арқылы реттеу мүмкін болмаған жағдайда, талап қоюшы елінің төрелік сотында шешілуге тиіс. Соттың шығарған шешімі екі тарап үшін де түпкілікті және міндетті болып табылады.

Даудың төреліктің ведомстволық қарауына жататындығы мәселелері төрелік ескертпенің мазмұнында айқындалады.

Осы іс бойынша төрелік келісімнің пророгациялық келісіммен араласуы болды. Мұндай келісім соттылық туралы жалпы ережені өзгертеді және тараптардың таңдауы бойынша дауды шешу юрисдикциясына жатқызылған шет мемлекеттің құзыретті сотын анықтайды. Шарттың 7.2-тармағының құқықтық мәні даулы болып көрінеді, өйткені Беларусь пен Қазақстан Республикасында «Төрелік сот» термині әртүрлі түсініледі. Қазақстанда және Беларуссияда мемлекеттік төрелік соттар жоқ.

Заңның 2-бабының 2) және 3) тармақшаларына сәйкес сот деп Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасына сәйкес бірінші саты бойынша азаматтық-құқықтық қатынастардан туындайтын даулар туралы істерді қарауға уәкілетті Қазақстан Республикасы сот жүйесінің соты; ал төрелік деп – төрелік – нақты дауды қарау үшін арнайы құрылған төрелік немесе тұрақты жұмыс істейтін төрелік түсініледі.

Заңда «Төрелік сот» деген ұғым көзделмеген.

Шарттың 7.2-тармағында төреліктің нақты атауы қамтылмаған, егер тараптар төрелік келісім жасасуға ниет білдірсе, Қазақстан Республикасында тұрақты жұмыс істейтін төреліктерді нақты дараландыруға мүмкіндік бермейді. Бұл ретте, Заңның 27-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, егер ол төрелік келісімде көзделмеген төрелікке берілсе, төрелік талап қоюды қайтарады. Талап қоюшының өз таңдауы бойынша нақты тұрақты жұмыс істейтін төреліктің екінші тараппен алдын ала жазбаша келісімінсіз төрелікке жүгінуге құқығы жоқ. Бұл жағдайда тараптар төрелік емес, пророгациялық келісім жасасады. Онда талап қоюшы елінің сотына нұсқау берілгендіктен, бұл келісімді салыстырмалы түрде анықталған пророгациялық келісімдерге жатқызуға болады. Осылайша, Қазақстан Республикасының соты болып табылатын тиісті мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот құзыретті сот болады, оған АПК-нің ведомстволық қарауы мен соттылығы туралы ережелеріне сәйкес жүгіну қажет болды.

Шарт талаптарының сөзбе-сөз мазмұны кассациялық сатыдағы соттың мынадай тұжырымдарға келуіне мүмкіндік берді:

1) Шарттың 7.2-тармағының ережелері дауларды шешетін субъектіні - талап қоюшының Төрелік сотын айқындайды. Бұл жағдайда талап қоюшы - Қазақстан Республикасының резиденті, демек, Қазақстан Республикасының Төрелік соты туралы сөз қозғалып отыр. Конституцияның 75-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының сот жүйесіне Төрелік соттар кірмейді.

2) Шарттың осы 7.2.- тармағында шығарылатын актінің атауы да - сот шешімі деп көрсетілген. Демек, тараптар сотқа жүгінуді көздеді. Сонымен қатар, Заңның 2-бабының 8) тармақшасына сәйкес төрелік - төрелік шешім деп аталатын акт шығарады.

3) заң төрелік сотта төрелік талқылауды жүргізуді көздемейді. Заң шығарушы төрелік талқылауды жүзеге асыруды төрелікке немесе төрешіге жүктейді. Бұл ретте заңда дефинициялардың жеке анықтамасы берілген: төрелік, төреші, сот, сонымен дауды шешетін әртүрлі субъектілер көрсетілген.

4) «Т» ЖШҚ төрелік шешімінің күшін жою туралы өтінішке Беларусь Республикасының Минск облысы экономикалық сотының 2021 жылғы 20 наурыздағы № 140-2/20 шешімі қоса берген, оның мазмұнынан жауапкер төрелік сот ұғымын аралық сот деп ескерту ретінде (тиісті Заңның нормасына сілтемені ескере отырып), талап қоюшы – сот төрелігін жүзеге асыратын мемлекеттік орган ретінде түсіндіреді; шарттың мазмұнынан ескертпенің болу фактісі мен түрін, оның ішінде жауапкердің оның түрі туралы ұстанымын ескере отырып, бірмағыналы айқындау мүмкін емес. Осылайша, шет мемлекеттің құзыретті соты шартта төрелік

ескертудің жоқтығы туралы қорытынды жасады. Нұр-Сұлтан қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2021 жылғы 2 тамыздағы ұйғарымымен шетелдік соттың жоғарыда көрсетілген шешімі борышкердің орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының аумағында танылды және орындалды, өндіріп алуға атқару парағы берілді. Сот шешімінің заңды күшін тану сот актісінің құқықтық салдарының басталғанын куәландырады, бұл ретте тану төрелік талқылау басталғанға дейін 2021 жылғы 8 қарашаға дейін жүзеге асырылды, осы шешімнің бар екендігі туралы «Т» ЖШҚ төрешінің назарына жеткізді. Алайда, Нұр-Сұлтан қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы «Т» ЖШҚ-ның даудың төрелікке ведомстволық қарауына жатпайтындығы туралы дәлелін шешкен кезде бұл фактіге тиісті құқықтық баға бермеген.

Апелляциялық сатыдағы соттың төрелік ескертпенің бөлігіндегі шарттың талаптарын тиісінше бағаламауы даудың дұрыс шешілмеуіне әкелді, бұл жоғары тұрған сотта апелляциялық сатыдағы сот актісін қайта қарау үшін негіз болды.

Сондықтан, Заңның 52-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген негіздер бойынша төрелік шешімдердің күшін жою туралы өтінішхаттарды қарау кезінде сотта анықталуға жататын маңызды мәселе - төрелік келісімді жасасу мәселесі және оның талаптары болып табылады.

Заңның 8-бабының 1) тармақшасында тараптардың арасында жасалған төрелік келісім болған кезде дау төреліктің қарауына берілуі мүмкін деп көзделген.

Заңның 8-бабының 7-тармағына сәйкес төрелік келісімнің қолданысы тараптар оны қандай тәртіппен жасасса, сондай тәртіппен тоқтатылуы мүмкін.

Аталған құқық нормаларының сөзбе-сөз мазмұны төрелік келісімнің қолданылуын тоқтату үшін тараптардың тиісті жазбаша келісім жасасуы қажет екенін білдіреді. Егер тараптар мұндай әрекеттерді жүзеге асырмаса, онда дау төрелік келісімнің талаптарына сәйкес шешіледі және оны жалпы юрисдикциядағы сотта қаралуы мүмкін емес.

Мысалы, Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылғы 11 тамыздағы қаулысымен Алматы облысы Қарасай аудандық сотының 2020 жылғы 15 қаңтардағы шешімінің және Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2020 жылғы 30 қыркүйектегі қаулысының күші жойылды.

Кассациялық сатыдағы сот Е.-нің «S» ДК Р.-ның (Д.-ның) құрылыс мердігерлік шартын бұзу, соманы өндіріп алу туралы талабын қараусыз қалдырды.

АПК-нің 279-бабының 5) тармақшасына сәйкес, егер заңда өзгеше көзделмесе, тараптардың арасында заңға сәйкес осы дауды төреліктің шешуіне беру туралы келісім жасалса, сот талап қоюды қараусыз қалдырады.

Кодекстің көрсетілген нормасының мәні бойынша, егер шартта төрелік ескертпе болса, бұл дау жалпы юрисдикциядағы соттың ведомстволық қарауына жатпайды, ол төрелікте, оның ішінде төрелік ескертпеге дау айту бөлігінде қаралуға тиіс.

Тараптар Шартта даудың Қазақстандық Халықаралық Төреліктің ведомстволық қарауына жататындығын айқындаған.

Төрелік келісім болған кезде сот мұндай дауды қарауға құқылы емес.

Егер Е. сотқа жүгінген, ал жауапкер «S» ДК Р. (Д.) соттың дауды қарауына қарсылық білдірмейтінін көрсеткен талап қоюға пікір (өзге жазбаша растау) білдірген жағдайда, дау сотта қаралуға жатады. Мұндай позиция Заңның 8-бабы 7-тармағының ережесіне сәйкес келеді.

Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылғы 7 қыркүйектегі қаулысымен «Р» ЖШС-ның пайдасына (бұдан әрі – ЖШС) М.-дан 829 914 теңге мөлшеріндегі соманы өндіріп алу туралы «Әділет» төрелігінің 2016 жылғы 12 шілдедегі сырттай шешімінің күшін жою туралы М.-ның өтінішхатын қанағаттандырудан бас тарту туралы Алматы қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылғы 9 маусымдағы ұйғарымының күші жойылды.

М.-ның шешімнің күшін жою туралы өтінішхатпен сотқа жүгіну кезінде келтірген дәлелдерінің бірі тараптардың арасында қол қойылған төрелік шешімнің жоқтығы болды.

Сонымен, сырттай шешімнің мазмұны бойынша ЖШС-ның төрелікке жүгінуіне тараптар қол қойған төрелік (аралық) келісім негіз болып табылады, алайда іс материалдарында тараптар қол қойған төрелік келісім болмаған.

Борышкердің дауды төрелікте қарауға және төрелік талқылауға қатысуға жазбаша келісімінің дәлелі сотқа ұсынылмаған, ал Заңның 9-бабына сәйкес төрелік келісімнің болуы міндетті болып табылады.

Дау «F» АҚ мен М.-ның арасында 2012 жылғы 25 шілдеде жасалған банктік қарыз шарты бойынша туындады. Кейін кредиттік шарт бойынша құқықтар 2015 жылғы қарашадағы сенімгерлікпен басқаруға беру шартының негізінде ЖШС-ға берілген, Сырттай шешім осы ЖШС-ның пайдасына шешілген.

ЖШС бұрынғы кредитордың қарызды талап ету құқығын басқаға беруіне сілтеме жасай отырып, М.-мен жеке құжат түрінде немесе кредиттік шартта көзделген төрелік ескертпе түрінде төрелік келісім жасасудың дәлелдерін ұсынбады, өзінің төрелікке жүгіну құқығының бар екенін дәлелдеген жоқ.

Кассациялық сатыдағы соттың қорытындысы бойынша тараптар жеке жазбаша құжатқа қол қою не кредиттік шартқа толықтырулар енгізу жолымен олардың арасында туындаған дауларды төрелікте қарау мүмкіндігін келіспеген, даудың төреліктің ведомстволық қарауына жататындығын



анықтамаған, сондықтан төрелік тиісті келісімнің болмауына байланысты ЖШС-ның талабын қабылдап, құзыреттілікті бұза отырып қараған.

**1.2 Заңның 52-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында соттың төрелік шешімнің күшін жоюға әкеп соғуы мүмкін екі бұзушылық белгіленген:**

- **сот төрелік келісім тараптарының бірін әрекетке қабілетсіз деп таныған:**

- **тараптар төрелік келісімді жасауға негізге алған заң бойынша, ал мұндай заңға сілтеме болмаған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша төрелік келісімнің күшінің жоқтығы.**

Әрекет қабілеттілігі ұғымы Қазақстан Республикасында жеке тұлғаларға қатысты қолданылады; құқық қабілеттілігі заңды тұлғаларға қатысты қолданылады.

Көрсетілген құқық нормасында «әрекетке қабілетсіз» термині қолданылады.

Соттардың практикасында осы негіздер бойынша төрелік шешімдер дау тудырмады.

Сондықтан соттарда осы негіз бойынша заңды тұлғаға қатысты төрелік шешімнің күшін жоюға болатыны-болмайтыны туралы сұрақ туындауы мүмкін.

М.К.Сүлейменовтің, А.Е.Дүйсенованың редакциясымен шығарылған Заңға ғылыми-практикалық түсініктемеде: «Заңды тұлғаларға қатысты қазақстандық құқық «құқық қабілеттілігі ұғымын қолданады» деп түсіндірме берілген. Алайда, түсініктеме берілген баптың 1-тармағының 2) тармақшасында «әрекетке қабілетсіздік» терминін қолдану осы негіз бойынша сот заңды тұлғаға қатысты төрелік шешімнің күшін жоя алмайды дегенді білдірмейді.

Қазақстандық заңды тұлғалардың құқық қабілеттілігі АҚ-нің 35-бабына сәйкес айқындалады. Заңды тұлғаның азаматтық құқық қабілеттілігі АҚ-нің 1101-бабының 1-тармағына сәйкес заңды тұлғаның заңында айқындалады. АҚ-нің 1100-бабына сәйкес заңды тұлғаның заңы деп осы заңды тұлға құрылған елдің құқығы болып саналады.»

Төрелік шешімнің жарамсыздығы төрелік келісімнің жасалмағанын, жарамсыз екенін, күші жойылғанын немесе оны орындау мүмкін еместігін білдіреді. Мұндай тәсіл дұрыс, өйткені төрелік келісімнің «жарамсыздығына» шектеулі түсініктеме берілген кезде жасалмаған, күші жойылған төрелік келісім немесе орындалуы мүмкін емес төрелік келісім болған кезде сот төреліктердің шығарған төрелік шешімдерінің күшін жоя алмайтын еді.

**1.3 Заңның 52-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы бойынша төрелік шешімнің күшін жою үшін күшін жою туралы өтінішхатты мәлімдеген тарап мынадай дәлелдемелерді ұсынуға тиіс:**

- тарапқа төрешінің тағайындалғаны туралы немесе төрелік талқылау туралы тиісті түрде хабарланбаған;
- сот дәлелді деп таныған себептер бойынша өз түсініктемелерін бере алмады.

Бұл жағдайда соттар АПК-нің 11-тарауының ережелерін қолданбайтыны, Заңның 26-бабы 3-тармағының және 30-бабының талаптарына сәйкес төрелік талқылау тараптарын хабардар ету жөніндегі төрелік іс-әрекеттерінің тараптың сәйкестігіне дәлелдерін тексеретіні анықталды.

Жауапкер тарапына төрешіні тағайындау туралы немесе төрелік талқылау туралы тиісті түрде хабарланбағандықтан, төрелік шешімдердің ең көп санының күші жойылды.

Заңның 5-бабына сәйкес төрелік талқылау қағидаттарды сақтай отырып жүзеге асырылады, оларды бұзу маңыздылығына қарай қабылданған төрелік шешімнің күшін жоюға әкеп соғады.

Тараптың төрешіні тағайындау туралы немесе төрелік талқылау туралы тиісінше хабарламауы тараптардың бәсекелестігі мен тең құқықтылығы қағидатының бұзылғанын куәландырады, өйткені тараптың төрелік талқылауға тікелей қатысу құқығы бұзылған, бұл Заңның 52-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес төрелік шешімнің күшін жою үшін дербес негіз болып табылады.

Егер төрелік шешім қарсы шығарылған тарап төрелік талқылау туралы хабардар етілмеуіне байланысты оның күшін жою туралы талаппен сотқа жүгінсе, онда сот көрсетілген дәлелді төреліктің тиісті хабарлау туралы талаптарды орындағаны туралы құжаттық растау негізінде тексереді.

Төрелікте дауларды қарау рәсімі төрелік келісіммен, төрелік талқылау ережелерімен реттелетіндіктен, соттар мұндай құжаттарда тараптарды төрелік отырысының уақыты мен орны туралы хабардар етудің өзге мерзімдері мен қағидалары белгіленуі мүмкін екенін назарда ұстауы қажет, сондықтан соттар осы мән-жайларды анықтап, оларға құқықтық баға беруі тиіс.

Тараптың тараптың төрешінің тағайындалуы туралы немесе төрелік талқылау туралы тараптың тиісті түрде хабардар болмағандығын немесе сот дәлелді деп таныған басқа да себептер бойынша өзінің түсіндірулерін ұсына алмағандығын дәлелдеу ауыртпалығы сотқа өтінішхатпен жүгінген тарапта болады.

Сонымен қатар, соттар кейбір ерекшеліктерді ескеруі керек.

Егер төрелік талқылауды тұрақты жұмыс істейтін төрелік емес, нақты дауды қарау үшін құрылған төрелік жүзеге асырған болса, бұл жағдайда тараптың төрешінің тағайындалуы туралы немесе төрелік талқылау туралы тараптың тиісті түрде хабардар болмағандығын немесе сот дәлелді деп таныған басқа да себептер бойынша өзінің түсіндірулерін ұсына

алмағандығын дәлелдеу ауыртпалығы әрқашан сотқа өтінішхатпен жүгінген сол тарапта болады.

Төрелік талқылауды тұрақты жұмыс істейтін төрелік жүзеге асырған кезде, егер бұл жағдайда тарап тиісті түрде хабардар болмағандығын мәлімдесе, бірақ объективті себептерге байланысты оған дәлелдемелер ұсына алмаса, сот тараптың дәлелді өтінішхаты бойынша не өз бастамасы бойынша төрелік талқылау тараптарын тиісінше хабардар ету туралы мәселені шешу үшін төреліктен АПК-нің 15-бабының төртінші бөлігі, 73-бабының төртінші бөлігі негізінде қажетті құжаттарды талап етеді.

Төрелік істі талап етудің қажеті жоқ, өйткені соттың төрелік шешімді қайта қарауға құқылы емес (Заңның 52-бабының 3-тармағы).

Сонымен қатар, керісінше дәлелдеу ауыртпалығын сот екінші тарапқа жүктеуі мүмкін. Бұл жағдайда екінші тарап қарсы тараптың хабарламасын растайтын құжаттарды ұсыну туралы өтінішпен төрелікке жүгіне алады.

Заңның 5-бабының б) тармақшасында көзделген құпиялылық қағидатын бұзу бұл жағдайда орын алмайды, өйткені заң шығарушы азаматтық сот ісін жүргізу міндеттерін іске асыру мақсатында соттың қажетті құжаттарды талап ету құқығын көздеген.

Сондықтан сот тарапқа төрешіні тағайындау туралы немесе төрелік талқылау туралы хабарламағанын анықтауға міндетті, ол үшін сот төреліктен тараптарды тиісті түрде хабардар ету жөніндегі құжаттарды талап етеді.

Мұндай құжаттар хабарламалар, шақыру қағаздары, жүкқұжаттар, жөнелту тізілімдері, түбіртектер, пошта ұйымдарының хаттары, SMS хабарламаларынан үзінді көшірмелер және төрелік куәландыруы тиіс тараптарды хабардар ету фактісін растайтын өзге де құжаттар болуы мүмкін.

Мысал ретінде Қ.-дан «Х» ЖШС-ның пайдасына сома өндірілген төрелік шешімге дау айту туралы істі келтіруге болады.

Қ. төрелік істің өткізілетін орны мен уақыты туралы хабардар болмағанын көрсете отырып, төрелік шешімнің күшін жою туралы өтінішхатпен жүгінді.

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының № 2 сотының 2020 жылғы 4 ақпандағы ұйғарымымен өтінішхат қанағаттандырылды, төрелік шешімнің күші жойылды.

Сот төрелік істі талап етті, одан 2018 жылғы 15 қаңтарда Қ.-ға 2018 жылғы 31 қаңтарда төрелік талқылау өтетіні туралы хабарлама жіберілген. Осы хабарлама жауапкердің тұрғылықты жері бойынша пошта байланысы арқылы жолданған. Алайда, төрелік іс материалдарында жауапкердің хабарлама алғаны туралы дәлелдемелер жоқ.

Хабарлама жай хатпен жіберілген, ал заңнамада тапсырылғаны туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен жіберілген хабарлама, телефонограмма немесе жеделхат, сондай-ақ хабарламаның тіркелуін қамтамасыз ететін

ұялы байланыстың абоненттік нөмірі бойынша мәтіндік хабарламаның жеткізілгенін растайтын есеп тараптың тиісті хабарлануы деп танылады.

Бұдан басқа, 2018 жылғы 15 қаңтарда Қ.-ға төрелік талқылау күні туралы телефонограмма жолданды, бұл ретте телефонограммада хабарламаның кім және қай уақытта берілгені көрсетілмеген, сондай-ақ оның алынғаны туралы мәліметтер жоқ.

Осылайша, жауапкерге хабарламалардың нақты тапсырылғанын растайтын мәліметтер болмаған. Осыған байланысты сот төрелік арыз берушінің сот арқылы қорғалу құқығын бұзды деген қорытындыға келді.

Төрелік талқылау тараптарын хабардар ету жөніндегі іс-қимылдардың заңда егжей-тегжейлі регламенттенуіне қарамастан (Заңның 26, 30-баптары) соттар төреліктер жол беретін мынадай бұзушылықтарды анықтайды:

1) белгілі бір күнге төрелік талқылауды тағайындау туралы хабарлама және бұл ретте төреліктің кейінгі отырыстарына хабарламаның жоқтығы.

2) тарапқа пошта хат-хабарларын тапсыру туралы хабарламасыз тапсырыс хатпен хабарлама жіберу және кейіннен тапсырыс хаттар тізілімінің дәлелі ретінде қоса тіркеу.

3) Шартта көрсетілген тараптың орналасқан жері туралы мәліметтерге сәйкес келмейтін мекенжай бойынша адресатқа хабарлама жіберу.

4) хабарламаны жібермеу.

Көрсетілген мән-жайларды соттар төрелік талқылауға қатысушыларды тиісінше хабардар етпеді куәландырады деп заңды түрде таниды.

Сот төрелік шешімнің күшін жою туралы талаптарды тарапқа төрешіні тағайындау және төрелік талқылау туралы хабарланды, бірақ объективті мән-жайларға байланысты өз түсініктемелерін бере алмады деген себептер бойынша қараған кезде, соттар төрелік шешім қабылданған тараптың түсініктеме беруге кедергі келтіретін дәлелді себептердің бар екенін дәлелдеуге міндетті екенін ескеруі қажет. Түсініктеме деп жауапкердің кері байланыс беруі ғана емес, түсіндірмелер сот отырысында жүзеге асырылатын ауызша болуы мүмкін. Бұл ретте төрелік істі қарау ауызша тыңдаусыз жүргізілуі мүмкін екенін ескеру қажет, өйткені тараптар төрелік келісімде жазбаша құжаттар негізінде дауды қарау рәсімін көздеуге құқылы.

Осылайша, Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 19 шілдедегі қаулысымен апелляциялық сатының 2022 жылғы 22 ақпандағы ұйғарымының күші жойылды, оған «К» ДК К.-нің «Т» ЖШҚ-ға шартты бұзу, шығындарды өндіріп алу туралы талабы бойынша төрелік шешімнің күшін жоюдан бас тартылды.

Төрелік шешімнің күшін жоюдың негіздерінің бірі тараптың дәлелді себептермен өз түсініктемелерін бере алмауы болды. Апелляциялық сатыдағы сот төреліктің іс-әрекеттерінің төрелік талқылау тараптарын

хабардар ету бөлігінде заң талаптарына сәйкестігіне тараптың дәлелдерін тексерген жоқ.

Кассациялық сатыдағы соттың қарауы кезінде 2022 жылғы 4 қаңтарда «Т» ЖШҚ-ға почта жөнелтімі келіп түскені анықталды, оған бір мезгілде 2021 жылғы 13 желтоқсандағы төрелік шешім, сондай-ақ 2021 жылғы 10 желтоқсандағы төрелік құзыретінің болуы туралы және істі даудың мәні бойынша қарауды 2021 жылғы 13 желтоқсанға кейінге қалдыру туралы ұйғарым салынды.

Осыған байланысты кассациялық сатыдағы сот бұл мән-жайлар төрешінің Заңның 5-бабында көзделген тараптардың бәсекелестігі мен тең құқықтылығы туралы төрелік талқылау қағидаттарын бұзғаны туралы тараптың дәлелдерін растайды және төрелік шешімнің күшін жою үшін негіз болып табылады деген қорытындыға келді.

Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылғы 7 қыркүйектегі қаулысымен «Әділет» төрелігінің 2016 жылғы 12 маусымдағы «Р» ЖШС-ның пайдасына 829 914 теңге соманы өндіріп алу туралы сырттай шешімінің күшін жою туралы жаңа шешім шығара отырып, азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылғы 9 маусымдағы ұйғарымының күші жойылды.

Өтініш беруші өтініш беру мерзімін қалпына келтіру туралы дәлелдердің негіздемесіне борышкерге атқарушылық іс жүргізу материалдарымен танысу кезінде 2020 жылғы 22 желтоқсанда шешім туралы белгілі болғанын, сырттай шешімнің көшірмесі 2021 жылғы 13 қаңтарда алғанын көрсетті.

Іс жауапкердің қатысуынсыз қаралды.

Бұл ретте іс материалдарында төрелік шешімнің көшірмесін жауапкерге жіберу не тапсыру туралы нақты деректер жоқ.

Кассациялық сатыдағы сот аталған мән-жайлар өтініш берушінің төрелік шешімнің күшін жою туралы өтінішті уақтылы беруіне кедергі келтірді және жауапкердің өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мүмкіндігін шектеді, осыған байланысты өтінішхатты беру мерзімдері қалпына келтірілді деп есептеді.

Төрелік шешімнің сипаттау бөлігі бойынша М. істің қаралу уақыты мен орны туралы тиісті хабарланғанына қарамастан, төрелік отырысына келмеген, сондықтан істі сырттай іс жүргізу тәртібімен қарау туралы ұйғарым шығарылған.

Сонымен қатар, төрелік іс материалдарында жауапкерді төрелік талқылаудың тағайындалғаны, істі қарау уақыты мен орны туралы хабардар етілгені, талап қоюдың көшірмесін және оған қоса берілген құжаттардың тапсырылғаны, жауапкердің соттың басқа да хабарламаларын алғаны туралы деректер жоқ.

Апелляциялық алқаның 2021 жылғы 18 мамырдағы сұрау салуына төрелік азаматтық істің архивте болмауына сілтеме жасай отырып, азаматтық істі бермеді.

Мұндай жағдайларда М.-ның дауды төрелікте талқылау туралы іс бойынша тарап ретінде тиісінше хабарланбағаны және істің оның қатысуынсыз негізсіз қаралғаны жөніндегі дәлелдерін сот теріске шығарымады, сондықтан оның дәлелдеріне назар аударуға болады.

Төреліктердің соттың сұрау салуы бойынша төрелік істің архивте жоқтығына сілтеме жасай отырып, оны ұсыну мүмкіндігі бола бермейді.

Мұндай жағдайларда, егер соттар бұл жағдайды өтініш берушінің пайдасына қарайтын болса, дұрыс болады, өйткені төрелік іс болмаған кезде тиісінше хабарламағаны туралы дәлелдерді жоққа шығару мүмкін емес.

Сонымен қатар, соттар АК-нің 8-бабының 6-тармағына сәйкес ешкім де өзінің теріс пиғылды мінез-құлқымен артықшылық алуға құқылы емес.

Тиісінше хабарламаудың негіздері бойынша төрелік шешімдердің күшін жою туралы өтінішхаттарды қарау кезінде соттар, оның ішінде тараптың хабарламаны немесе төрелік шешімді алудан жалтарғанына баға беруге, яғни төрелік талқылауға теріс пиғылды қатысушылардың тарапынан теріс пайдалануды болдырмау мақсатында тараптың мінез-құлқын адалдық пен әділдік қағидаттары тұрғысынан бағалауға тиіс.

Мысалы, «Орталық Қазақстандық тұрақты жұмыс істейтін төрелік» ЖШС-ның 2021 жылғы 25 наурыздағы № 1/1-303 төрелік шешімімен «Э» микроқаржы ұйымы» ЖШС-ның Ж.-ға 2 557 019 теңге мөлшерінде берешекті өндіріп алу туралы талап қоюы қанағаттандырылды.

Ж. істі тыңдау күні мен уақыты туралы тиісті түрде хабардар етілмегендігін дәлелдей отырып, аталған шешімнің күшін жою туралы өтінішхатпен сотқа жүгінді, өйткені ол SMS-хабарлама мен шақыру қағазын тапсырыс хатпен алмаған.

Қарағанды облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылғы 3 маусымдағы ұйғарымымен өтінішхатты қанағаттандырудан бас тартылды.

Сот төрелік істі талап етіп, зерделегеннен кейін төрелік отырыстың уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланғаны туралы қорытындыға келді, өйткені хабарлама алу үшін пошта бөлімшесіне келмеу және пошта корреспонденциясын алып кету туралы пошта қызметкерінің хабарламасын орындамау тиісті түрде хабардар ету жөніндегі міндеттемелерді төрешінің тиісінше орындамауы ретінде қарастырылмайды.

Бұл жағдайда төрелік талқылау туралы хабарлама алудан бас тартқан тараптың теріс пиғыл әрекеті орын алды.

С. Батыс Қазақстан облысы бойынша халықаралық төреліктің 2019 жылғы 10 сәуірдегі «Қ» ЖШС-ның (бұдан әрі – ЖШС) пайдасына берешек пен төрелік алымды өндіріп алу туралы шешімінің күшін жою

туралы өтінішхатпен сотқа жүгінді. С. бұл талаптар бойынша төрелік отырысы туралы хабарлама алмағандығы, өйткені ол телефонын жоғалтып алғаны, ал ұлының үйі сатылуына байланысты тұрғылықты жерін өзгерткені жөнінде уәж келтірген.

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының № 2 сотының 2020 жылғы 2 наурыздағы ұйғарымымен өтінішхатты қанағаттандырудан бас тартылды.

Сот төрелік істі талап етіп, оны зерделеу арқылы өтініш берушіге Қарыз шартында көрсетілген +7708-xxxxxxx ұялы телефон нөміріне жіберілген смс-хабарламалар өтініш берушіге 2019 жылғы 15 наурызда және 2019 жылғы 3 сәуірде жеткізілгенін анықтады, бұл хабарламаның скриншоттарымен расталады.

Сондай-ақ сот тараптардың шартында мекенжай мен ұялы телефон нөмірінің өзгергені туралы жазбаша хабардар ету көзделгенін атап өтті. Осы талап орындалмаған жағдайда, смс-хабарламалар шартта көрсетілген мекенжай бойынша жіберіледі және тиісті түрде тапсырылған болып есептеледі.

Өтініш беруші сотқа ЖШС-ны телефонның жоғалғаны және мекенжайы өзгергені туралы хабардар еткенін растайтын дәлелдемелер ұсынбаған, сондықтан сот өтініш берушінің істі төрелікте қарау туралы тиісті түрде хабарламағаны туралы дәлелдерін дәрменсіз деп таныды.

Егер сот төрелік шешімнің күшін жою туралы өтінішті қанағаттандырудан бас тартса, онда төрелік хабарламаны:

- тиісті адресатқа жібергенін;
- хабарлама жіберілген адамның алғанын;
- тараптың төрелік талқылауға дайындалу мүмкіндігі болатындай

есеппен жіберілгенін (мерзім тараптардың келісімінде немесе тұрақты жұмыс істейтін төреліктің регламентінде көзделуі мүмкін, егер ол тікелей көзделмесе, онда ол ақылға қонымды болуы тиіс, мысалы, АҚ-нің 277-бабына ұқсас) анықтауға тиіс.

**1.4 Заңның 52-бабы 1-тармағының 4) тармақшасы бойынша төрелік шешімнің күшін жою үшін күшін жою туралы өтінішхатты мәлімдеген тарап төреліктің құрамы немесе талқылаудың төрелік рәсімі:**

- **тараптардың келісіміне сәйкес келмегенін;**
- **Заңға сәйкес келмегені жөніндегі дәлелдемелерді ұсынуға тиіс.**

Бұл норма, егер сот тараптардың келісімінде немесе заң талаптарында көзделген төрелік рәсімді бұзуды анықтаса, қолданылады.

Егер елеулі бұзушылыққа жол берілсе, соттар көрсетілген негіз бойынша төрелік шешімнің күші жойылуы мүмкін екенін ескеруі тиіс. Заңда елеулі бұзушылықтарға не соларға жатқызуға болатындығы көрсетілмеген, сондықтан сот әрбір нақты жағдайда төрелік шешім шығарған кезде

төреліктің елеулі бұзушылыққа жол бергенін немесе жібермегенін өзі белгілейді және анықтайды.

Сонымен бірге, соттар бұзушылықтарды бағалау кезінде осы Заңның қандай да бір ережесінің немесе төрелік келісімнің қандай да бір талабының сақталмағанын және оның үстіне, осы мақсаттар үшін төрелік регламентінде айқындалған мерзім ішінде осындай сақталмауға қарсылықты мәлімдемей төрелік талқылауға одан әрі қатысып жатқанын білетін тарап өзінің қарсылық білдіру құқығынан бас тартқан болып есептелетінін көздейтін Заңның 6-бабының ережелерін ескеруі тиіс.

Осы құқық нормасы халықаралық сауда төрелігі туралы ЮНСИТРАЛ үлгілік заңына (Біріккен Ұлттар Ұйымының халықаралық сауда құқығы жөніндегі комиссиясы, 1985 жылғы 21 маусым) (2006 жылғы 7 шілдеде қабылданған өзгерістермен) (бұдан әрі – ЮНСИТРАЛ үлгілік Заңы) сәйкес келеді. Осыған ұқсас ережелер Еуропалық конвенцияның 5, 6-баптарында бекітілген.

Қарсылық құқығынан мұндай бас тарту тек төрелік талқылаудың өзіне қатысты ғана емес, сондай-ақ осы төрелік талқылаудың нәтижесінде шығарылған шешімнің күшін жою немесе тану және орындау туралы мәселе бойынша сотта іс жүргізу процесінде де күшіне енеді.

Бұл тараптың мұндай жағдайларда бұдан әрі төрелік талқылау барысында да, істі сотта қарау кезінде де өз ұстанымын негіздеу үшін төрелік талқылау тәртібін бұзуға сілтеме жасауға құқығы жоқ екенін білдіреді.

Сот практикасында соттар Заңның бұл нормасын іс жүзінде қолданбайды.

Сонымен қатар, Заңның 6-бабының ережелерін қолданудың жекелеген мысалдары бар.

Мысалы, Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2020 жылғы 3 қарашадағы қаулысымен Батыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2020 жылғы 20 наурыздағы ұйғарымының күші жойылып, Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2020 жылғы 7 ақпандағы ұйғарымы күшінде қалды.

«А» ЖШС сотқа 2019 жылғы 27 желтоқсандағы төрелік шешімінің күшін жою туралы өтінішхатпен жүгінді, осы төрелік шешіммен «Д» ЖШС-ның «А» ЖШС-ға 84 808 845 теңге сомасына жұмыстарды және орындалған жұмыстар актісін тану туралы талабы қанағаттандырылған.

Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2020 жылғы 7 ақпандағы ұйғарымымен өтінішті қанағаттандырудан бас тартылды.

Батыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2020 жылғы 20 наурыздағы ұйғарымымен бірінші



сатыдағы соттың ұйғарымының күші жойылды. «А» ЖШС-ның өтініші қанағаттандырылды. Төреліктің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы шешімінің күші жойылды. Апелляциялық сатыдағы сот төрелік шешім Заңның 47-бабының талаптарына сәйкес келмейді деген қорытындыға келді, төрелік тараптардың төрелік келісімі болмаған кезде өзінің ведомстволық қарауына жатпайтын дауды шешкен.

Кассациялық сатыдағы сот 2019 жылғы 8 қарашада «Д» ЖШС-ның талап қою арызы төрелік жүргізуге қабылданғанын, «А» ЖШС-ға жіберілгенін анықтады, ол талап қою арызына пікір білдірген.

Төрелік талқылау барысында төреші тараптарға құқықтары мен міндеттерін, оның ішінде қарсылық білдіру құқығын түсіндірген. Жауапкердің өкілі 2014 жылғы 30 қарашадағы «Б» ЖШС-ға қатысушылардың жалпы жиналысының хаттамасымен (бұдан әрі – Регламент) бекітілген Батыс Қазақстан облысының халықаралық төрелігінің регламентімен (бұдан әрі – Регламент) танысқан, бұл туралы төрелік талқылау материалдарында тиісті қолхат бар. Сонымен қатар, «А» ЖШС төрелікке шартты жарамсыз деп тану туралы қарсы талап қойып, кейіннен кері қайтарып алған.

Заңның 20-бабының 2-тармағына сәйкес тарап даудың мәні бойынша алғашқы өтініш берілгенге дейін төреліктің өзіне шешуге берілген дауды қарауға төреліктің өкілеттіктері жоқ екені туралы мәлімдеуге құқылы.

Сонымен қатар, төрелік талқылау тараптарының ешқайсысы да:

- төрелік келісімнің жарамсыздығы себебінен төрелік талқылауға қарсы екендігі жөнінде;
- төрелікке шешуге берілген дауды қарауға оның өкілеттігінің жоқтығы туралы қарсылық білдірмеген немесе оны бермеген.

Осылайша, осы іс бойынша апелляциялық сатыдағы сот Заңның 6-бабының ережелерін қолданбаған. Сондай-ақ, Заңның 9-бабы 2-тармағының талабы ескерілмеді, онда егер төрелік келісім талап арыз алмасу және талап қоюды қайтарып алу арқылы жасалса, онда тараптардың бірі келісімнің бар екенін растаса, ал екінші тарап бұған қарсы болмаса, ол сондай-ақ жазбаша нысанда жасалған болып есептеледі.

### **1.5 Заңның 52-бабының 2-тармағына сәйкес, егер:**

**1) төрелік шешім Қазақстан Республикасының жария тәртібіне қайшы келсе;**

**2) төрелік шешім шығарылған дау Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша төрелік талқылаудың нысанасы бола алмаса, сот дәлелдемелердің ұсынылуына қарамастан, төрелік шешімнің күшін жояды.**

Заңның 52-бабының 2-тармағында көзделген мән-жайлар, егер сот оларды анықтаған жағдайда, сотқа төрелік шешімнің күшін жою

туралы өтінішхатпен жүгінген тараптың осы негізге сілтеме жасамауына қарамастан, сот шешімінің күшін жою үшін, сөзсіз, негіз болып табылады.

Төрелік шешім шығарылған дау, алайда ол Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша төрелік талқылаудың нысанасы бола алмады, егер, мысалы, төрелік келісім болмаса (Заңның 8-бабының 1-тармағы), егер уәкілетті органның төреліктің дауды шешуіне келісімі болмаса (Заңның 8-бабының 10-тармағы), егер төрелік келісім жарамсыз болса (Заңның 8-бабының 4-тармағы), жатқызуға болады.

Заңның 2-бабының 1) тармақшасында Қазақстан Республикасының жария тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде бекітілген құқықтық тәртіптің негізі ретінде айқындалған.

Осылайша, аталған құқық нормасынан жария тәртібі ұғымы ашылмайды, оның қолданылуы соттың қарауына беріледі, яғни төрелік шешімнің Қазақстан Республикасының жария тәртібіне сәйкестігін сот тексереді деген қорытынды жасауға болады.

Төрелік шешімді мәжбүрлеп орындату Қазақстан Республикасының құқықтық тәртіп негіздеріне қол сұғатын ерекше жағдайларда жария тәртіп институты қолданылуы мүмкін. Осыған байланысты соттар осы негіз бойынша төрелік шешімнің күшін жою кезінде нақты қандай жария тәртібінің бұзылғанына және қалай бұзылғанына уәж келтіруі тиіс.

Жария тәртібінің анықтамасы АК-нің 1090-бабының 1-тармағында да берілген, оған сәйкес шетел құқығы оны қолдану Қазақстан Республикасы құқықтық тәртібінің негіздеріне (Қазақстан Республикасының жария тәртібіне) қайшы келерлік жағдайларда қолданылмайды.

Қорыту жүргізу кезінде соттардың төрелік шешімнің Қазақстан Республикасының жария тәртібіне сәйкестігін тексере отырып, егер оны орындаудың салдары құқықтық тәртіп негіздеріне сәйкес келмеуі мүмкін болса, төрелік шешімнің күшін жоюға жататындығы жөнінде дұрыс шешім қабылдайтыны анықталды.

Мысал ретінде мына жағдайларды келтіруге болады.

«О» ЖШС-ның жанындағы тұрақты жұмыс істейтін төреліктің 2021 жылғы 27 тамыздағы шешімімен Ш.-дан «Э» микроқаржы ұйымы» ЖШС-ның (бұдан әрі – ЖШС) пайдасына 1 141 942 теңге, төрелік алым - 34 258 теңге, пошта шығыстары – 800 теңге мөлшерінде берешек өндірілді.

Іс материалдарынан ЖШС мен Ш.-ның арасында шарт жасалғаны, оның талаптары бойынша соңғысына жылдық 45% сыйақы мөлшерлемесімен 12 ай мерзімге, мерзімділік, ақылы және қайтару шарттарымен, Мальдив аралдарына туристік сапар үшін 400 000 теңге мөлшерінде микрокредит берілгені (бұдан әрі – Шарт) анықталды.

Шарттың 1.8-тармағына сәйкес қарыз алушы кредитордың тарапынан қосымша талаптарсыз микрокредит алған күннен бастап күнтізбелік 30 күннің ішінде оған нысаналы пайдалану фактісін растайтын құжаттарды

қолхатпен беруге міндетті. Микрокредиттің нысаналы мақсатының шарттары орындалмаған жағдайда, келесі 3 күн ішінде қарыз алушы алынған қарыз сомасын төлеуге жататын төлемдермен бірге қайтаруға міндетті.

Кейіннен тараптар Шарттың талаптарынан туындайтын барлық дауларды төреліктің қарауына беру туралы келісім жасасты.

Төрелік келісімге қол қойылды, дау айтылмады және оның күші жойылмады.

ЖШС жауапкердің микрокредитті нысаналы пайдаланудың құжаттық растамасын ұсынбауына және ай сайынғы төлемдерді төлем жүргізу бойынша мерзімін өткізіп алуына сілтеме жасай отырып, төрелікке талап қоюмен жүгінді, төрелік талап қою арызын қанағаттандырған.

Ш. даулы төрелік шешім Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде бекітілген құқықтық тәртіп негіздерін бұзатынына уәж келтіріп, сотқа оның күшін жою туралы өтінішхатпен жүгінді.

Қарағанды облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылғы 10 қарашадағы ұйғарымымен өтінішхатты қанағаттандырудан бас тартылды.

Іс бойынша шығарылған сот актісін күшінде қалдыра отырып, апелляциялық сатыдағы сот сияқты кассациялық алқа да дау айтылған төрелік шешім қоғам мен мемлекеттің негізгін салушы құқықтары мен қағидаттарына, құқықтық тәртіптің (жария тәртіптің) негіздеріне қол сұқпайтыны жөнінде қорытындыға келді.

Дауды төрелікте қарау құқықтық тәртіптің негіздеріне қайшы келмейді, өйткені жария тәртіп санаты шешім емес оны орындау салдары құқықтық тәртіптің негіздерімен үйлеспеуі мүмкін жағдайда ғана қолданылады.

Бұл жағдайда жауапкерге тұрақсыздық айыбының жоғары мөлшерін беру жария тәртіпті бұзу болып табылмайды, өйткені ол шартқа қатысушы борышкер мен кредитордың жеке мүдделерін қозғайды және іс жүзінде төрелік шешімді мәні бойынша қайта қарауға бағытталған, бұл төреліктің ерекшелігіне сүйене отырып, оны қолдануға болмайды және оған жол берілмейді.

Басқа іс бойынша тұрақты жұмыс істейтін «Еуразиялық экономикалық кеңістіктің Халықаралық төрелігі» төрелігінің 2021 жылғы 25 маусымдағы шешімімен К.-нің «Қ» ЖШС-ға (бұдан әрі – Серіктестік) жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату шартын жасасу міндетін жүктеу туралы талабы қанағаттандырылды.

С. (үшінші тұлға) өз талаптарында төреліктің шешімі өндіріп алушы ретіндегі оның құқықтарын бұзатындығына негіз келтіріп, өтінішхатпен сотқа жүгінді.

Алматы қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылғы 25 қазандағы ұйғарымымен өтінішхат қанағаттандырылды, төрелік шешімнің күші жойылды.

Апелляциялық сатыдағы сот бұрын заңды күшіне енген сот актілерімен серіктестіктен С.-ның пайдасына 411 348 391 теңге мөлшеріндегі берешек сомасын және кейіннен даулы мүлікке өндіріп алуды қолдана отырып, сот шығыстарын өндіріп алу туралы мәселе шешілгенін анықтады. Бұл мәселелерді төреліктің даулы шешімі шыққанға дейін жалпы юрисдикциядағы соттар қараған, бұл туралы серіктестікке белгілі болған. Алайда, серіктестік төрелікті бұрын қабылданған шешімдер туралы ескертпеген.

Осыған байланысты, апелляциялық сатыдағы сот С.-ның өтінішхатын негізді түрде қанағаттандырды, өйткені төрелік шешім Қазақстан Республикасының жария тәртібін бұзды және оған қайшы келді.

Бұл жағдайда сот бұрын шығарылған сот актісі міндетті түрде орындалуға тиіс деген дұрыс қорытындыға келді (АПК-нің 21-бабы), оның басымдығы бар, ал кейінірек шығарылған төрелік шешім Қазақстан Республикасының жария тәртібіне қайшы келді, яғни сот жария тәртіптің қалай бұзылғаны жөнінде уәж келтірді.

Мұндай тұжырымдармен кассациялық сатыдағы сот келісті.

Сонымен бірге, заңнамалық деңгейде «жария тәртіп» ұғымын ашатын құқықтың барлық қағидаттары мен нормаларының белгілі бір тізбесін әзірлеу мүлдем мүмкін емес, өйткені бұл ұғым өте «икемді» деуге болады. Сондықтан әрбір жағдайды сот әрбір нақты іс бойынша мұқият негіздеуі тиіс. Кез келген бұзушылықты «жария тәртіпті бұзу» деп айтуға болмайды.

Мысалы, Алматы қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2019 жылғы 11 қыркүйектегі ұйғарымымен бірінші сатыдағы соттың ұйғарымының күші жойылды және өтініш беруші «А» ЖШС-ның «IUS» халықаралық төрелігінің 2019 жылғы 17 мамырдағы төрелік шешіміне шағымдану мерзімі қалпына келтірілді. Шешімнің күші жойылды.

Кассациялық сатыдағы сот апелляциялық сатыдағы соттың ұйғарымының күшін жою және бірінші сатыдағы сот актісін күшінде қалдыру төрелік шешім оны орындау нәтижесінде заңмен тікелей тыйым салынған не мемлекеттің егемендігіне немесе қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін, ірі әлеуметтік топтар топтардың мүдделерін қозғайтын әрекеттер жасалған жағдайда ғана Қазақстан Республикасының жария тәртібін бұзды деп танылуы мүмкін деп уәждеді.

Сотта өтініш беруші мұндай дәлелдемелерді келтірген жоқ, өйткені бұл жағдайда «IUS» халықаралық төрелігінде талқылаудың мәні екі қазақстандық жеке коммерциялық кәсіпорын арасындағы коммерциялық дау болды. Төрелік қараған тараптардың талаптары тек қана жеке-құқықтық

болып табылады және шарттық міндеттемелерді орындаумен байланысты. Дауға қатысушылар аумағында төрелік шешім орындалатын Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылады.

Сондықтан апелляциялық сатыдағы соттың төрелік шешім шығару кезінде жария тәртіп бұзылды деген тұжырымы дәрменсіз болып табылады.

**Сот төрелік шешімді мәні бойынша қайта қарауға құқылы емес**

Бұл қағидат ЮНСИТРАЛ үлгілік Заңында бекітілген.

2019 жылғы 21 қаңтардағы Заңмен Заңның 52-бабы мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылды: «Төрелік шешімнің күшін жою туралы өтінішхатты, атқару парағын беруден бас тартуды қараған кезде сот төреліктің шешімін мәні бойынша қайта қарауға құқылы емес.» .

Мұндай толықтыру өте орынды, өйткені төрелік шешім Заңның 52-бабының 1, 2-тармақтарында көзделген шектеулі негіздер бойынша ғана жойылуы мүмкін.

Сот төрелік шешімнің күшін жою үшін негіздердің бар-жоғын зерттеген кезде сот төрелік шешімді мәні бойынша қайта қарауға құқылы емес, төреліктің материалдық құқық нормаларын дұрыс қолданғанын, дәлелдеменің нысанасы анықталып, дәлелдемелердің дұрыс бағаланғанын шешуге құқылы емес. Төрелік шешімнің күші Заңның 52-бабының 1, 2-тармақтарында көзделген негіздер бойынша ғана жойылуы мүмкін, өйткені төрелік тәуелсіз, сондықтан соттардың төрелік жұмысына араласуына жол берілмейді, бұған қоса төрелік сот жүйесіне кірмейді.

Сот практикасында төрелік шешімдерді мәні бойынша қайта қарау жалғасуда, бұл кассациялық сатыдағы сот құқық нормаларын бұзу ретінде қарастырады және сот актілерінің күшін жоюға әкеп соғады.

Сонымен қатар, мұндай мысалдар бірлі-жарым болып бара жатқанын атап өткен жөн.

Осылайша, Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2020 жылғы 14 қаңтардағы қаулысымен Алматы қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2019 жылғы 11 қыркүйектегі ұйғарымының күші жойылды.

Іс бойынша апелляциялық сатыдағы сот Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2019 жылғы 14 тамыздағы ұйғарымының күшін жойғаны анықталды. Онда төрелік шешімнің күшін жоюдан бас тартылған.

Апелляциялық саты күшін жою туралы дәлелдердің бірі ретінде төреліктің азаматтық құқық нормаларын дұрыс түсіндірмегенін, бұл орындалған жұмыстардың актілерін жарамсыз деп тануға негіз болғанын көрсетті.

Кассациялық сатыдағы сот сот актісінің күшін жойып, апелляциялық сатыдағы сот өкілеттіктер шегінен шығып, дәлелдерге негізсіз баға берді,

бұл заңның тікелей көрсетілуіне байланысты жасауға құқылы емес деген қорытындыға келді.

Апелляциялық сатыдағы сот өзгеріссіз қалдырған Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 2 сотының ұйғарымымен «Д» ЖШС-ның А.-ға берешекті өндіріп алу туралы қойған талабы бойынша Батыс Қазақстан облысы бойынша халықаралық төреліктің 2020 жылғы 26 наурыздағы төрлік шешімінің күші жойылған.

Сот актілері бойынша сот төрелік шешімнің күшін жойған, өйткені 2017 жылғы 28 ақпандағы қарыз шарты бойынша А. өз еркімен 486 600 теңге төлеген. Сонымен қатар нотариустың 2018 жылғы 26 қарашадағы атқару жазбасының негізінде А.-ның жалақысынан ұстап қалу арқылы 217 448 теңге мөлшеріндегі сома өндірілген.

Осыған байланысты сот төрелік шешім заңсыз деген қорытындыға келді, өйткені А.-ның қарызы жоқ.

Төрелік шешім мәні бойынша қайта қаралуға жатпайды, сондықтан соттың тараптардың дәлелдерін талдауға және істің мән-жайын зерттеуге және осы негіздер бойынша төрелік шешімнің күшін жоюға құқығы болмады.

Сондықтан мұндай жағдайларда төрелік шешімнің күшін жою туралы өтінішхатты қанағаттандырудан бас тартатын соттар дұрыс әрекет етеді.

### **Сот пен төрелік арасындағы құзыреттіліктің аражігін ажырату**

Сот пен төреліктің арасындағы құзыреттің аражігін ажырату мәселелері бар.

Жалпы қағида бойынша, егер төрелік ескертпе болса, онда сот дауды қарауға құқылы емес.

АПК-нің 152-бабының бірінші бөлігіне сәйкес судья, егер:

1) осы немесе басқа бір соттың не төреліктің іс жүргізуінде сол бір тараптар арасындағы дау бойынша, сол бір нысана туралы және сол бір негіздер бойынша бұрын қозғалған іс болса;

2) егер заңда өзгеше көзделмесе, тараптардың арасында заңға сәйкес осы дауды төреліктің шешуіне беру туралы келісім жасалса, талап қою арызын қайтарады.

АПК-нің 279-бабына сәйкес сот, егер:

1) осы немесе басқа соттың не төреліктің іс жүргізуінде сол тараптар арасындағы, сол зат туралы және сол негіздер бойынша дау бойынша бұрын қозғалған іс болса;

2) **егер заңда өзгеше көзделмесе**, тараптар арасында заңға сәйкес осы дауды төреліктің шешуіне беру туралы келісім жасалса талап қоюды қараусыз қалдырады.

Заңның 10-бабына сәйкес төрелік талқылау нысанасы бойынша талап қою берілген сот, егер төрелік келісім жарамсыз, күшін жойған немесе орындалуы мүмкін болмайтын деп таппаса, егер тараптардың кез келгені бұл туралы өтінсе, даудың мәні бойынша өзінің алғашқы өтінішін ұсынудан кешіктірмей тараптарды төрелікке жіберуге тиіс.

Заңның 10-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген талап қоюға қарамастан, төрелік талқылау басталуы немесе жалғасуы мүмкін және сот төрелік талқылау нысанасының оған соттылығы туралы мәселені қараған кезде төрелік шешім шығарылуы мүмкін.

Жоғарыда келтірілген құқық нормасының сөзбе-сөз мазмұнынан, егер тараптардың арасында заңға сәйкес төрелік келісім жасалса, егер мұндай келісім жарамды болса, күші жойылмаса және орындалуы мүмкін болса, судья талап қоюды қайтаруы керек.

Егер судья төрелік келісімнің жарамсыз екенін, күші жойылғанын немесе оны орындау мүмкін еместігін анықтаса, онда ол талап қоюды қайтармауға немесе оны қараусыз қалдырмауға тиіс.

Заңның 10-бабы Нью-Йорк конвенциясы мен Сыртқы сауда төрелігі туралы Еуропалық конвенцияның ережелеріне толық сәйкес келеді, бұл төрелік келісімнің жойылмайтын ақауларына байланысты төрелік дауды қарай алмайтын патологиялық төрелік ескертулер мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

Бап тараптардың арасында жасалған төрелік келісімнің болуына қарамастан, дауды төреліктің қарауына болмайтын үш жағдайды көздейді:

- 1) төрелік келісім жарамсыз;
- 2) төрелік келісімнің күші жойылған;
- 3) төрелік келісімді орындау мүмкін емес.

Төрелік келісімнің жарамдылығы туралы мәселе, кез келген басқа шарт сияқты, оған қолданылатын құқық бойынша шешілуі тиіс. Тиісінше, бұл мәселе тараптар тиісті төрелік келісімді жасаған құқық бойынша немесе төрелік құқығы бойынша шешілуі керек.

Төрелік келісімнің күші жойылған жағдайларды төрелік келісімнің жарамсыздығынан да ажырату керек. Төрелік келісімнің күші жойылатын ең көп таралған ерекше жағдайлар төрелік келісімнің қолданылу мерзімінің аяқталу жағдайлары және күшін жою шарты болып табылады. Бұл ретте төрелік келісімнің дербестігі қағидатына байланысты негізгі келісімнің күшін жою, өзгерту немесе жарамсыз деп тану төрелік ескертудің тоқтатылуына, өзгертілуіне немесе жарамсыз деп танылуына әкеп соқпайды.

Төрелік келісімнің, егер Тараптардың бірде бірі оған дербес қарсылық білдірмесе дауды мемлекеттік сотқа беру кезінде де күші жойылады.

Мысалы, төрелік ескертпеде дау туындаған кезде өз қызметін тоқтатқан тұрақты жұмыс істейтін төрелік мекеме көзделгенде іс жүзінде төрелік келісімді орындау мүмкіндігі болмайды.

**а) Төрелік ескертпе және қосылу шарты**

Заңның 8-бабының 4-тармағы шарт бойынша дауды шешу туралы төрелік келісімнің шарттары Тараптардың бірінде формулярларда немесе өзге де стандартты нысандарда айқындалған және екінші Тарап ұсынылған шартқа тұтастай қосылу жолымен ғана қабылдауы мүмкін екендігін көрсетумен толықтырылды (қосылу шарты) шын мәнінде, егер мұндай келісім талап қою үшін негіздер пайда болғаннан кейін жасалды.

Осылайша, Заңның 8-бабының 4-тармағында көрсетілген жағдайларда, егер тараптар талап қою үшін негіздер туындағаннан кейін дауды төрелікке беруге келісім жасаса ғана, дауды төрелік қарауы мүмкін.

Қорыту тараптар соттарға жүгінетіндігін және шартқа қол қойылған сәтте, яғни талап қою үшін негіздер туындағанға дейін туристік қызмет көрсетуге арналған үлгілік шартқа енгізілген төрелік келісімді (ескертпені) жарамсыз деп тануды сұрайтындығын көрсетті.

Мысалы, Р.-ның «Е» ЖШС-ға талап қоюы бойынша, Б.-ның «Е» ЖШС-ға талап қоюы бойынша, А.-ның «Е» ЖШС-ға талап қоюы бойынша, М.-ның «Е» ЖШС-ға, «L» ЖШС-ға талап қоюы бойынша.

Алматы қаласы Медеу аудандық сотының 2022 жылғы 31 наурыздағы, 31 мамырдағы, 20 шілдедегі, 18 қазандағы ұйғарымдарымен және Нұр-Сұлтан қаласы Есіл аудандық сотының 2022 жылғы 25 шілдедегі ұйғарымымен аталған талап қою арыздары соттарға даудың қараусыз қалуына байланысты өтініш берушілерге қайтарылды немесе қараусыз қалдырылды, өйткені шартта барлық дауларды төрелікте қаралатыны туралы талап қамтылған.

Соттар талап қоюларды АПК-нің 152-бабы бірінші бөлігінің 7) тармақшасының негізінде қайтарған немесе 279-бабының 5) тармақшасының негізінде қараусыз қалдырған.

Ұйғарымдарға апелляциялық сатыдағы сотқа шағым жасалды және заңды әрі негізді түрде енгізілген деп өзгертусіз қалдырылды.

Соттар мына құқық нормаларын ескермеген.

Сонымен, АК-нің 389-бабының 1-тармағына сәйкес ережелерін тараптардың біреуі формулярларда немесе өзге стандартты нысандарда белгілеген және басқа тарап оны ұсынылған шартқа тұтастай қосылу жолы деп қабылдай алатын шарт қосылу шарты деп танылады.

«Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының 1-тармағында туристік қызметтер көрсету шарт негізінде жүзеге асырылады. Туристік қызмет көрсету шарты, гидпен және экскурсоводпен жасалатын шарттарды қоспағанда, жазбаша нысанда жасалады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес болуға тиіс деп көзделген. Туристік қызмет көрсетуге арналған шарттың елеулі талаптары Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен үлгілік шартта белгіленеді.



«Туристiк қызмет көрсетуге арналған үлгiлiк шартты бекiту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрiнiң 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 81 бұйрығымен туристiк қызмет көрсетуге арналған үлгiлiк шарт бекiтiлдi.

Сонымен қатар, үлгiлiк шарттың 7-тарауында туристiк қызмет көрсетуге арналған шартты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтiн өзге де талаптармен толықтыруға жол берiлетiнi көзделген.

Төрелiк ескертпе қосылу шартының мәтiнiне енгiзiлгенде, қосылатын тарапты ерiк бiлдiруден iс жүзiнде айырады.

Осылайша, талап қою үшiн негiздер туындағанға дейiн туристiк қызмет көрсетуге арналған Үлгiлiк шартқа енгiзiлген төрелiк ескертпе АК-нiң 158-бабының 1-тармағына сәйкес мазмұны төрелiк туралы заңнаманың талаптарына сәйкес келмейтiн мәмiле ретiнде жарамсыз деп танылуы мүмкiн.

Бұл ретте соттар АК-нiң 161-бабында соттың барлық мәмiленi емес, оның қандай да бiр заңсыз бөлiгiн ғана жарамсыз деп тану мүмкiндiгi көзделгенiн ескеруге тиiс.

Алайда, соттар талап қою үшiн негiздер туындағанға дейiн туристiк қызмет көрсету шартына енгiзiлген төрелiк келiсiмнiң жарамсыздығына қарамастан, АПК-нiң 152-бабы бiрiншi бөлiгiнiң 7) тармақшасына немесе 279-бабының 5) тармақшасына сiлтеме жасай отырып, талап қоюды қайтарады.

Даулардың осы санаты бойынша соттар Заңның 10-бабына сәйкес төрелiк талқылау нысанасы бойынша талап қою берiлген сот, егер төрелiк келiсiм жарамсыз, күшiн жойған немесе орындалуы мүмкiн емес деп тапса, егер тараптардың кез келгенi бұл туралы өтiнсе, даудың мәнi бойынша өзiнiң алғашқы өтiнiшiн ұсынудан кешiктiрмей тараптарды төрелiкке жiберуге тиiс екендiгiн ескермейдi.

Осы баптың бiрiншi бөлiгiнде көрсетiлген талап қою берiлгенiне қарамастан, сот төрелiк талқылау нысанасының оған соттылығы туралы мәселенi қарап жатқанда, төрелiк талқылау басталуы немесе жалғасуы және төрелiк шешiм шығарылуы мүмкiн.

Сондықтан, егер талап қоюшы дауды мәнi бойынша шешуге талап қою кезiнде сотқа талап қою үшiн негiздер туындағанға дейiн туристiк қызмет көрсету шартына енгiзiлген төрелiк келiсiмдi жарамсыз деп тану туралы сотқа дербес талапты мәлiмдемесе, онда сот Заңның 10-бабының ережелерiн қолдануға және дауды мәнi бойынша қарауға тиiс, өйткенi сот мұндай төрелiк ескертпенiң жарамсыз деп таныды.

Егер талап қоюшы сотқа талап қою кезiнде талап қою үшiн негiздер туындағанға дейiн туристiк қызмет көрсету шартына енгiзiлген төрелiк келiсiмдi жарамсыз деп тану туралы талапты бiр мезгiлде мәлiмдесе және

дауды мәні бойынша шешуді сұраса, мысалы, залалды өндіріп алуды сұраса, онда сот мұндай дауды қарауға міндетті емес. Бұл жағдайда сот тараптарды төрелікке жіберіп, соттың ұйғарымында Заңның 20-бабының ережелерін түсіндіреді.

Заңның 20-бабының 1-тармағына сәйкес төрелік өзіне шешуге берілген дауды қарауға өкілеттіктері (юрисдикциясы) бар немесе жоқ екендігі туралы мәселені, оның ішінде тараптардың бірі төрелік келісім жарамсыз деген себеппен төрелік талқылауға қарсылық білдірген жағдайда дербес шешеді. Бұл мақсат үшін шарттың бір бөлігі болып табылатын төрелік ескертпе, шарттың басқа талаптарына тәуелді емес келісім ретінде түсіндіріледі. Төреліктің шарттың жарамсыздығы туралы шешім шығаруы төрелік ескертпенің жарамсыздығына әкеп соқпайды.

Егер төрелік өз құзыретінің болуына қатысты, жарамсыз төрелік ескертпе болған кезде туристік қызмет көрсету шартынан дауды қарауға қатысты дұрыс шешім қабылдасамаса, онда сот Заңның 8-бабының 4-тармағына сәйкес мұндай төрелік шешімді мәжбүрлеп орындатудан бас тартуы не Заңның 52-бабы 2-тармағының негізі бойынша оның күшін жоюы мүмкін.

Заңның 52-бабының 2-тармағына сәйкес төрелік шешім шығарылған дау Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша төрелік талқылаудың нысанасы бола алмайтыны айқындалған жағдайда сот төрелік шешімнің күшін жояды.

Дау, егер, біріншіден, төрелік келісім болмаса, ол жарамсыз болса, күші жойылса немесе орындалуы мүмкін болмаса (Төрелік туралы заңның 8-бабының 1-тармағына сәйкес тараптардың арасында жасалған төрелік келісім болған кезде дау төреліктің қарауына берілуі мүмкін), екіншіден, төрелік даулардың белгілі бір санатын қарауға құқығы жоқ болса (Заңның 8-бабының 8 және 9-тармақтары), төрелік талқылаудың нысанасы бола алмайды.

Осыған ұқсас норма Заңның 57-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген.

Бұл ретте соттар Заңның 20-бабының 2-тармағына сәйкес тарап даудың мәні бойынша алғашқы өтініш берілгенге дейін төреліктің өзіне шешуге берілген дауды қарауға төреліктің өкілеттіктері жоқ екені туралы мәлімдеуге құқылы.

Бұл ретте Заңның 20-тармағының 1-бабы 2) тармақшасына сәйкес тарап өзі даудың мәні бойынша бірінші өтінішті бергенге дейін төрелікке шешуге берілген дауды қарауға оның өкілеттігі жоқтығы туралы мәлімдеуге құқылы.

Осылайша, егер төрелік келісімнің жарамсыздығы туралы мәлімдеген тарап бір мезгілде қосылу шарты түрінде жасалған туристік қызмет көрсету шартынан туындаған даудың мәні бойынша талаптарды мәлімдесе, онда

мұндай тарап төреліктің құзыретін іс жүзінде мойындайды және Заңның 9-бабының 2-тармағына сәйкес тараптар төрелік келісімді талап қоюды алмасу және талап қоюды қайтарып алу арқылы талап қою үшін негіздер туындағаннан кейін іс жүзінде жасады деп саналады.

**б) Төрелік ескертпе және қарыз шарттары**

Құқықтық актілер туралы заңның 43-бабының 1, 2-тармақтарына сәйкес, егер Заңның бұрын пайда болған қатынастарға қолданылуы туралы арнайы ескерту болмаса, қабылданған заңның кері күші болмайды.

2019 жылғы 21 қаңтардағы Заңмен Заңның 8-бабының 4-тармағы коммерциялық ұйым мен дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлға арасындағы қарыз шарты бойынша дауды шешу туралы төрелік келісімнің, егер мұндай келісім талап қою үшін негіздер туындағаннан кейін жасалса, жарамды болатын нормамен толықтырылды.

Мұндай өзгерісті заң шығарушы дара кәсіпкер болып табылмайтын қарыз шартындағы әлсіз тарапты қорғау үшін қабылдады.

2019 жылғы 21 қаңтардағы аталған Заңда заңның кері күші туралы ереже жоқ, сондықтан бұл өзгерістер тек 2019 жылдың 3 ақпанынан бастап жасалған төрелік келісімдерге қолданылады.

Бұл көрсетілген уақыттан бастап коммерциялық ұйым мен дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлға арасында жасалған қарыз шартына төрелік ескертпе енгізілген жағдайда, талап қою үшін негіздер туындағанға дейін мұндай төрелік келісім жарамсыз болып табылатынын білдіреді.

Төрелікте қарыз шарты бойынша дауларды шешу үшін талап қою үшін негіздер пайда болғаннан кейін (яғни дау туындағаннан кейін) төрелік келісім жасасу қажет. Мұндай келісім қосымша келісім түрінде ресімделуі мүмкін.

Талап қою үшін негіздер туындағаннан кейін төрелік келісім болмаған жағдайда, мұндай даулар жалпы юрисдикциядағы сотта шешіледі.

Бұл ретте, егер шартта талап қою үшін негіздер туындағанға дейін енгізілген төрелік ескертпе болса, онда бұл ескертпенің заңды күші болмайды.

2019 жылғы 21 қаңтардағы Заңның аталған ережесінің күші заң өзгерістері 2019 жылғы 3 ақпанда күшіне енген күннен кейін жасалған тиісті қарыз шарттарына қолданылады.

2019 жылғы 3 ақпанға дейін жасалған және төрелік ескертпесі бар қарыз шарттары бойынша даулар тиісті төрелікте қаралуға жатады.

Мысалы, Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2019 жылғы 19 маусымдағы қаулысымен Алматы қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының С.-ның (бұдан әрі – талап қоюшы) «Р-Финанс «А» ЖШС-ға (бұдан әрі – ЖШС) 2018 жылғы 15 наурыздағы қарыз шартындағы (бұдан әрі – шарт) төрелік ескертпені жарамсыз деп

тану туралы талап қою арызын қараусыз қалдыру туралы 2019 жылғы 6 наурыздағы ұйғарымы күшінде қалдырылды.

Іс бойынша 2018 жылғы 15 наурызда талап қоюшы мен ЖШС-ның арасында 1.1-тармаққа сәйкес шарт жасалғаны анықталды. ЖШС талап қоюшыға 2018 жылғы 15 наурыздан 15 маусымға дейін 92 күн мерзімге 2 600 000 теңге сомасында қысқа мерзімді қарыз берді.

Талап қоюшының қарыз нысанасын уақтылы қайтару жөніндегі міндеттемелерін орындамауына байланысты ЖШС 2018 жылғы 13 маусымда талап қоюшының атына міндеттемелердің орындалмағаны және борыш өтелмеген жағдайда талап қоюды төрелікке жіберетіні туралы хабарлама жолдаған.

С. сотқа шағыммен жүгінуі үшін даудың төреліктің ведомстволық қарауына жатпайтындығына, өйткені Заңның 8-бабына сәйкес төрелік ескертпе, егер ол талап қою үшін негіздер пайда болғаннан кейін жасалған болса, жарамды болады деп уәж келтірген.

Апелляциялық сатыдағы сот бұл даудың жалпы юрисдикциядағы соттардың ведомстволық қарауына жатпайтыны туралы қорытындыға келді, осыған байланысты бірінші сатыдағы соттың соттылығы бойынша істі беру туралы ұйғарымының күшін жойып, талапты қараусыз қалдырды.

Кассациялық сатыдағы сот соттың ұйғарымын күшінде қалдырып, шарт тараптары осы даудың төрелікке ведомстволық қарауына жататындығын айқындады, сондықтан төрелік ескертпені жарамсыз деп тану туралы талапты шартта тараптар айқындаған төрелік қарауға тиіс деген қорытындыға келді.

Бұл ретте талап қоюшының даулы қатынастарға Заңның 8-бабын жаңа редакцияда қолдануға дәлелдері дәрменсіз деп танылды, өйткені Заңға өзгерістер 2019 жылғы 21 қаңтарда енгізілді және 2018 жылғы тамызда орындалуына байланысты қолданысы тоқтатылған 2018 жылғы 15 наурыздағы шарттан туындаған тараптардың құқықтық қатынастарына қолданылмайды.

Аталған құқық нормасына енгізілген толықтыруларға байланысты төреліктердің кепілге қойылған мүлікке өндіріп алу туралы талап қоюларды қарауға құқығының бар-жоғы туралы пікірталас мәселесі енді өзекті емес.

Заңның 8-бабының 8-10-тармақтарында қандай даулар төреліктің ведомстволық қарауына жатпайтыны көзделген.

Борышкердің мүлкіне өндіріп алуды қолдануға байланысты даулар бұл тізбеде жоқ, яғни тікелей тыйым салынбаған, сондықтан төреліктер мұндай дауларды Заңның 8-бабының 4-тармағындағы ережелер сақталған жағдайда қарауға құқылы.

## **Төрелік ескертпе және цессия шарттары**

Сот практикасында АҚ-нің 341-бабын қолданудың әртүрлі сот практикасы қалыптасты.

Кейбір соттар цессия шартын жасасқан сәттен бастап төрелік келісім өз күшін жояды және төрелікте туындаған даулар қаралмайды деп санайды.

Мұндай сот практикасы дұрыс емес, ол АҚ-нің 341-бабының ережелеріне сәйкес келмейді.

Мысалы, Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 18 мамырдағы қаулысымен Алматы қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі алқасының 2022 жылғы 1 ақпандағы ұйғарымының күші жойылды және «К» ЖШС-ның (бұдан әрі – ЖШС) С.-ға берешекті өндіріп алу талап қоюы бойынша Еуразиялық экономикалық төреліктің 2021 жылғы 25 қазандағы шешімінің күшін жою туралы С.-ның өтінішхатын қанағаттандырудан бас тартылды.

Іс бойынша 2020 жылғы 29 маусымда «О» МҚҰ» ЖШС мен С.-ның арасында 30 күн мерзімге 130 000 теңге мөлшерінде микрокредит беру туралы шарт (бұдан әрі – қарыз шарты) жасалғаны анықталды, оның 6-тармағында барлық даулар келіссөздер жүргізу арқылы шешілетіні көзделген. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Еуразиялық экономикалық төрелікте оның Регламентіне сәйкес шешіледі, оның шешімі тараптар үшін түпкілікті және міндетті болып табылады.

2021 жылғы 1 шілдедегі цессия шартының негізінде ЖШС-ға С.-мен жасалған қарыз шарты бойынша талап ету құқығы берілді.

Қарыз алушының қарызды қайтару жөніндегі міндеттемелерін орындамауына байланысты, қарыз шартының 6-тармағына сәйкес ЖШС төрелікке талап қойып жүгінді, оның шешімімен талап қою қанағаттандырылды.

Апелляциялық сатыдағы сот төрелік шешімнің күшін жойып, оны жоюға цессия шарты жасалған сәттен бастап бұрынғы кредитор борышкермен шарттық қатынастардың субъектісі болуды тоқтатқаны себеп болғаны жөнінде уәж келтірген. Талап қоюшыда міндеттемелерді орындауды материалдық талап ету құқығы қарыз шартының негізінде ғана емес, сонымен қатар талап ету құқығын беру шартына байланысты да туындады, ал С. оның тарапы болып табылмайды.

Мұндай тұжырымдар құқық нормаларына сәйкес келмейді.

Кассациялық сатыдағы сот апелляциялық сатыдағы сот актісінің күшін жоя отырып, Заңның 8-бабының 1-тармағына сәйкес тараптардың арасында жасалған төрелік келісім болған кезде дау төреліктің қарауына берілуі мүмкін деп негіздеді. Төрелік келісімнің ұғымы Заңның 9-бабының 1-тармағында берілген.

АК-нің 339-бабының 1-тармағына сәйкес міндеттеме негізінде кредиторға тиесілі құқықтың (талап етудің) ол мәміле (талап етуді беру) бойынша басқа адамға берілуі немесе ол құқық заң құжатының негізінде басқа адамға ауыстырылуы мүмкін.

Кредитордың басқа адамға берілген құқықтарының көлемін бағалау кезінде АК-нің 341-бабының ережелерін басшылыққа алу қажет.

Азаматтық кодекстің 341-бабына сәйкес, егер заң құжаттарында немесе шартта өзгеше көзделмесе, бастапқы несие берушінің құқығы жаңа несие берушіге құқықтың ауысуы кезінде болған көлемде және сондай жағдайларда ауысады. Атап айтқанда, жаңа несие берушіге міндеттемені орындауды қамтамасыз ететін, сондай-ақ басқа да құқықты, соның ішінде алынбаған сыйақыға (мүддеге) құқықты талап етуге байланысты құқықтар ауысады.

Осыған байланысты бастапқы кредитор мен қарыз алушының арасындағы жазбаша шартта көзделген төрелік ескертпе осы Шарттың бөлігі және оны орындау шарты болып табылады.

Кейінгі цессия шарттарында төрелік ескертпе туралы шарттарда бұрын келісілген шартты алып тастайтын қандай да бір ескертпелер болған кезде ерекшеліктер болуы мүмкін.

Осылайша, заңнаманы талдау цессия шартын жасасу кезінде жаңа кредитор Шарттан туындайтын кредитордың барлық құқықтарын, оның ішінде төрелікке талап қою құқығын алатынын көрсетеді, сондықтан соттар аталған санаттағы істерді қарау кезінде Жоғарғы Соттың осы ұстанымын негізге алуы қажет.

### **Сырттай төрелік шешім**

Төреліктердің сырттай төрелік шешім шығаруы бар.

Заңда «сырттай төрелік шешім» деген ұғым жоқ, бірақ тиісті түрде хабарланған жауапкер болмаған кезде дауды мәні бойынша қарау мүмкіндігі Заңның 29-бабында тікелей көзделген.

Заңның 29-бабының 1-тармағына сәйкес құжаттар мен өзге де материалдарды ұсынбау, оның ішінде төрелік отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабардар етілген тараптардың бірінің немесе олардың өкілдерінің төрелік отырысына келмей қалуы, егер құжаттар мен өзге де материалдардың ұсынылмау себептерін немесе тараптардың төрелік отырысына келмей қалуын ол дәлелсіз деп таныса, ұсынылып отырған материалдар мен дәлелдемелер негізінде төрелік талқылау және төреліктің шешім қабылдауы үшін кедергі болып табылмайды.

Төреліктер жауапкердің қатысуынсыз төрелік шешім шығара алады, оны сырттай шешім деп атамаған жөн.

Соттардың төрелік шығарған сырттай төрелік шешімдердің күшін жоюға құқығы жоқ, өйткені төрелік шешімнің күшін жою үшін негіздер Заңның 52-бабында көзделген, заңда мұндай негіздер көзделмеген.

Сондықтан төреліктер сырттай шешім шығарудың қате практикасын болдырмауы керек.

### **Төрелік шешімнің күшін жоюдың заңдық салдары**

Егер сот осы уақытқа дейін орындалған төрелік шешімнің күшін жойса, соттар қандай әрекет жасау қажет екендігін түсіндіруді сұрады. Төрелік шешімнің орындалуын бұру мүмкін бе және оны қалай жүзеге асыруға болады?

АПК-нің 248-бабына сәйкес бұрын шығарылған шешім толық немесе бір бөлігінде орындалған іс бойынша жаңа шешім шығарған сот шешімнің орындалғаны туралы дәлелдемелер ұсынылған кезде жаңа шешімде жауапкердің орындалуды бұру туралы арызын қарайды және шешеді.

Төрелік шешімнің күшін жою туралы өтінішхатты қарайтын сот жаңа шешім шығаруға құқылы емес. Бұл жағдайда және заңда жауапкердің әрекеттері реттелмеген.

Мұндай жағдайда АҚ-нің 953-бабына сәйкес жауапкердің негізсіз баюдан алынғанды қайтару талап ету құқығы туындауы мүмкін.

### **Дәлелдеуден босату негіздері**

АПК-нің 76-бабының екінші бөлігіне сәйкес соттың бұрын қаралған азаматтық іс бойынша заңды күшіне енген шешімімен немесе қаулысымен анықталған мән-жайлар сот үшін міндетті. Мұндай мән-жайлар тап сол тұлғалар қатысатын басқа да азаматтық істерді талқылау кезінде қайта дәлелденбейді.

Осы құқық нормасының сөзбе-сөз мазмұны төрелік шешім алдын-ала болжам жасамайды деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді, өйткені аталған құқық нормасында соттың шешімі немесе қаулысы туралы айтылады, ал заңның өзінде мұндай ереже жоқ.

### **Сот актілерін жасау сапасы**

Соттарда негізгі ұғымдарды дұрыс көрсетпейтін сот актілері кездеседі. Сот актілерінде қолданылатын тұжырымдамалар мен терминдерді жазудағы дәлсіздік түсінуді қиындатады және сот актісін құру логикасын бұзады.

Заңның 2-бабында төреліктер мен соттар қолдануы тиіс негізгі ұғымдар реттелген.

Мысалы, төрелік сот емес, төрелік деп, шешім немесе төрелік соттың шешімі емес, төрелік шешім деп, сот талқылауы емес, төрелік талқылау деп көрсеткен дұрыс болады.

Сондай-ақ сот актілерін зерделеу кезінде Алматы қалалық сотында мемлекеттік бажды төлемеу себебінен төрелік шешімнің күшін жою туралы өтінішхатты қайтару кезінде судьялар АПК-нің 269-бабын бұза отырып, сот актілерін шығаратыны анықталды. Адамдар, соттың уәждері және заңға (істерге) сілтемелер көрсетілмейді (№ 7599-22-3-9/213, № 7599-22-3-9/224 істер).

## **2.Төрелік шешімді мәжбүрлеп орындату туралы өтініш бойынша іс жүргізу**

Төрелік шешім төрелік талқылау тараптары үшін міндетті болып табылады, сондықтан ол төрелік келісімнің мәнінен туындайтын ерікті түрде орындалуы тиіс.

Заңның 47-бабы 2-тармағының 10) тармақшасына сәйкес төрелік шешімде қажет болған жағдайда қабылданған шешімді орындау мерзімі мен тәртібі көрсетілуге тиіс.

Егер мерзім көрсетілмесе, онда мұндай төрелік шешім дереу орындалуға тиіс (Заңның 54-бабының 2-тармағы).

Егер тарап төрелік шешімді өз еркімен орындаудан бас тартқан жағдайда, ол атқару парағын беру туралы сотқа өтініш беру арқылы мәжбүрлеп орындалады.

Мұндай өтініш сотқа «Төрелік шешімді орындау» деген АПК-нің 20-тарауында көзделген талаптарды сақтай отырып беріледі. Аталған тарау төрелік шешімді Қазақстан Республикасының төреліктері шығарған кездегі құқықтық қатынастарға қолданылады.

Соттар төрелік шешімнің ерекшеліктерін білуі керек, өйткені олар сот шешімінен айтарлықтай ерекшеленеді.

Заңның 45-бабының 3-тармағына сәйкес төрелік шешім төреліктің талқылау орнында қабылданған болып есептеледі және оған төреші (төрешілер) қол қойған күні күшіне енеді. Бұл ретте соттар Заңның 47-бабы 2-тармағының екінші бөлігіне сәйкес, егер төрелік талқылау алқалы түрде жүзеге асырылса, онда қандай да бір төрешінің қолы болмаған жағдайда оның болмау себебі көрсетілетінін назарда ұстаған жөн. Төрелік шешімге ерекше пікірі бар төреші қол қоймауы мүмкін, ол жазбаша нысанда төрелік шешімге қоса берілуге тиіс.

## **Соттылық**

АПК-нің 253-бабының бірінші бөлігіне сәйкес төрелік шешімді мәжбүрлеп орындату туралы өтініш:

- төрелік дауды қарау орны бойынша;



- борышкердің тұрғылықты жері бойынша;
- заңды тұлға органының орналасқан жері бойынша;
- борышкер мүлкінің орналасқан жері бойынша (егер борышкердің тұрғылықты жері немесе орналасқан жері белгісіз болса) беріледі.

Сонымен бірге соттар соттылықты дұрыс анықтамау жағдайлары да кездеседі.

Мысалы, Нұр-Сұлтан қаласының Есіл аудандық сотының 2020 жылғы 28 желтоқсандағы ұйғарымымен «Е» ЖШС-дан борыш пен төрелік алым сомасын өндіріп алу туралы Нұр-Сұлтан қаласының тұрақты жұмыс істейтін төрелігінің 2020 жылғы 23 қарашадағы шешімі бойынша атқару парағын беру туралы Т.-ның өтініші қайтарылды.

Соттың қорытындысы бойынша өтініш осы соттың қарауына жатпайды, өйткені Нұр-Сұлтан қаласында тұрақты жұмыс істейтін төреліктің орналасқан жері аумақтылығы бойынша Нұр-Сұлтан қаласының Байқоңыр ауданына жатады, борышкер «Е» ЖШС Алматы қаласында тіркелген.

Нұр-Сұлтан қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылғы 28 қаңтардағы ұйғарымымен соттың ұйғарымының күші жойылды, өтініш сол соттың жаңадан қарауына жіберілді, өйткені сот Нұр-Сұлтан қаласының төрелігі Есіл ауданының аумағында екенін анықтады. Сондықтан Есіл аудандық сотында өтінішті қайтаруға негіздер болмаған.

Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының 2019 жылғы 20 тамыздағы ұйғарымымен «Е» ЖШС-дан берешек сомасын өндіріп алу туралы төрелік шешім бойынша атқару парағын беру туралы «А» ЖШС-ның өтініші кері қайтарылды.

Соттың өтінішті қайтару туралы қорытындылары осы дау бойынша тараптардың заңды тұлғалары болып табылатындығына негізделеді, осыған байланысты атқару парағын беру туралы мәселені Нұр-Сұлтан қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты қарауға тиіс.

Апелляциялық сатыдағы сот соттың ұйғарымдарының күшін жойды, өйткені шешім шығарған төрелік Сарыарқа ауданында тіркелген, осыған байланысты өтініш соттылығы бойынша Нұр-Сұлтан қаласының Сарыарқа аудандық сотына жатады.

Соттар соттылықты дұрыс анықтамай, әуре-сарсаңға салады.

### **Мемлекеттік баж**

АПК-нің 253-бабының екінші бөлігінде құжаттарды қоса тіркеу қажеттілігімен қатар, өндіріп алушының мемлекеттік бажды төлеу міндеттілігі көзделген.

Салық кодексінің 610-бабы 1-тармағының 11) тармақшасына сәйкес атқару парағының телнұсқасын беру туралы өтініштерден, төрелік және шетелдік соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындатуға атқару парақтарын беру туралы өтініштерден мемлекеттік баж 5 АЕК мөлшерінде алынады.

Егер мемлекеттік баж төленбесе, онда мұндай өтініш АПК-нің 152-бабының екінші бөлігінде көзделген тәртіппен АПК-нің 253-бабының екінші бөлігі негізінде өтініш берушіге қараусыз қайтарылады.

Салық кодексінің талаптарына сәйкес келмейтін мөлшерде мемлекеттік баж төлеу де өтінішті қайтару үшін негіз болып табылады.

Сот практикасын талдау соттардың мемлекеттік баж салығын төлеу туралы заңнаманы сақтайтындығын көрсетті.

### **Өтінішпен жүгіну субъектісі**

АПК-нің 253-бабының бірінші бөлігіне сәйкес пайдасына төрелік шешім шығарылған төрелік талқылау тарабы (өндіріп алушы) төрелік шешімді мәжбүрлеп орындату туралы өтінішхатпен сотқа жүгінуге құқылы.

Басқа адамдардың мұндай құқығы жоқ.

Мысалы, «Бірінші Экономикалық Төрелік» ЖШС жауапкерлердің төрелік шешімді ерікті түрде орындамауына сілтеме жасай отырып, төрелік алымды өндіріп алу бойынша атқару парағын беру туралы сотқа өтініш түсірді.

Шымкент қаласы Қаратау аудандық сотының 2022 жылғы 14 қазандағы ұйғарымымен өтініш қанағаттандырылды, «О» ЖШС-дан, С.-дан «А» АҚ-ның пайдасына 629 128 189,66 теңге мөлшерінде борыш сомасын, 12 582 563,79 теңге мөлшерінде төрелік алымды біріктіріп өндіріп алу туралы атқару парағы берілді.

Шымкент қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 15 желтоқсандағы ұйғарымымен ұйғарымның күші жойылды, өтінішті қанағаттандырудан бас тартылды. Сот актісінің күшін жоя отырып, атқару парағын беру туралы өтінішпен жүгіну құқығына пайдасына төрелік шешім шығарылған төрелік талқылау тарапы ғана ие болатыны, бұл жағдайда өндіріп алушы «А» АҚ екендігіне уәж келтірді

«Б» ЖШС өтінішпен жүгіну қажеттілігіне сот шығындарын өндіріп алу себеп болғанын көрсетті.

Кассациялық сатыдағы сот апелляциялық сатыдағы соттың қорытындыларымен келісті. Сот қорытындыларын даудың төрелікте шешілуіне байланысты шығыстарды, оның ішінде төрешілердің алымдарын және төрелік талқылаудың өзге де шығыстарын өтеу мәселелері Заңның 5-тарауымен регламенттелгенін негіздеді. Төрешілер тараптардан даулардың төрелікте шешілуіне байланысты төрешілер шеккен шығыстарды қамтамасыз етуді талап етуге құқылы. Бұл төрелік шешімді төрелік

шығыстарды өтеу бөлігінде орындау мақсатында төрелік талқылау тараптарынан қамтамасыз етуді беруді талап етуге құқылы екенін білдіреді.

Осылайша, төрелік талқылау тарабы пайдасына төрелік шешім шығарған (өндіріп алушы) атқару парағын беру туралы өтініш берген жағдайда, мұндай өтініш қараусыз қайтарылуға жатады.

Заңның 2-бабында «төрелік», «төреші» ұғымдары берілген.

Төрелік - бұл белгілі бір дауды қарау үшін арнайы құрылған немесе тұрақты жұмыс істейтін төрелік.

Төреші - дауды шешу үшін тараптар сайлаған немесе осы Заңға және (немесе) тиісті төреліктің регламентіне сәйкес тағайындалған жеке тұлға.

Осылайша, төреші төрелік талқылау тараптарына жатпайды. Сондықтан оның АПК-нің 253-бабының негізінде атқару парағын беру туралы өтінішпен сотқа жүгінуге құқығы жоқ.

### **Атқару парағын беру туралы өтініштің нысаны мен мазмұны**

АПК-нің 253-бабының екінші бөлігіне сәйкес атқару парағын беру туралы өтініш АПК-нің 148-бабының екінші бөлігі 1), 2), 3), 5), 7) және 8) тармақшаларының және төртінші бөлігінің талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Атқару парағын беру туралы өтінішке:

1) төрелік шешімнің түпнұсқасы немесе көшірмесі қоса беріледі. Тұрақты жұмыс істейтін төрелік шешімінің көшірмесін осы төреліктің басшысы куәландырады. Нақты дауды шешу үшін төрелік шешімнің көшірмесі нотариалды куәландырылуға тиіс;

2) заңда белгіленген тәртіппен жасалған төрелік келісімнің түпнұсқасы немесе нотариат куәландырған көшірмесі қоса беріледі.

Айта кету керек, АПК-дегі бұл нормалар құзыретті сотқа тек екі құжатты – шешімнің өзін және төрелік ескертпені ұсыну туралы талап бөлігінде Нью-Йорк конвенциясының талаптарына толық сәйкес келеді.

Сотқа берілген өтініш АПК-нің 253-бабы екінші бөлігінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, ол АПК-нің 152-бабының екінші бөлігінде белгіленген тәртіппен қараусыз қайтарылуға жатады (2020 жылғы 10 маусымда өзгерістер енгізілді).

АПК-нің 253-бабының екінші бөлігінде көзделген құжаттарды қоса тіркеу төрелік шешімді мәжбүрлеп орындату туралы өтініштің мәні бойынша қарау үшін міндетті шарт болып табылады.

Төрелік шешімдегі белгіні немесе оның заңды күшіне енгені туралы анықтаманы талап етіп алдыртуға болмайды. Соттың мұндай нұсқаулары процестік заңнаманы бұзғанын көрсетеді.

АПК-де өтінішке қоса тіркелуге жататын құжаттардың тізбесін ғана емес, сондай-ақ көшірмелерде ұсынылатын құжаттарды куәландыру нысанына қойылатын талаптар да қамтылған:

- тұрақты жұмыс істейтін төрелік шешімінің көшірмесін осы төреліктің басшысы куәландыруы тиіс;
- нақты дауды шешу үшін төрелік шешімнің көшірмесі нотариалды куәландырылуға тиіс;
- төрелік келісімнің көшірмесі нотариалды куәландырылуға тиіс.

Мысалы, Ақмола облысы Степногорск қалалық сотының 2019 жылғы 7 наурыздағы ұйғарымымен Х.-дан 140 000 теңге мөлшерінде соманы өндіріп алу туралы Батыс Қазақстан облысы бойынша халықаралық төреліктің шешімі бойынша атқару парағын беру туралы «Д» ЖШС-ның өтініші қанағаттандырылды.

Материалдан көрініп тұрғандай, өтінішке төрелік келісімнің және төрелік шешімнің көшірмелері қоса берілген, алайда көшірменің түпнұсқалығы АПК-нің 253-бабының екінші бөлігінде көзделген тәртіппен және нысанда расталмаған.

Сондықтан мұндай жағдайларда АПК-нің 152-бабының екінші бөлігіне сәйкес атқару парағын беру туралы өтініштерді қайтаратын соттар дұрыс әрекет етеді.

«QFS» ЖШС «А» халықаралық төрелік сотының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы шешімін мәжбүрлеп орындату туралы атқару парағын беру туралы өтінішпен сотқа жүгінді.

Апелляциялық сатыдағы сот өзгеріссіз қалдырған Алматы қаласы МАЭС-тің 2021 жылғы 16 ақпандағы ұйғарымымен өтініш қайтарылған, өйткені өтінішке қоса берілген төрелік шешімді осы төреліктің басшысы куәландырмаған, өтініш берушіде сілтеме жасайтын төрелік келісім болмаған.

«L» ЖШС (бұдан әрі – ЖШС) 2022 жылғы 15 маусымдағы «Әділеттік сот» төрелік сотының шешімі бойынша Ж.-дан ЖШС-ның пайдасына 50 000 теңге мөлшерінде берешекті, 18 378 теңге мөлшерінде төрелік алымды өндіріп алу туралы атқару парағын беру туралы өтінішпен жүгінді.

Апелляциялық сатыдағы сот өзгеріссіз қалдырған Алматы облысы Қарасай аудандық сотының 2022 жылғы 19 тамыздағы ұйғарымымен өтініш қайтарылды, себебі ЖШС мен Ж.-ның арасында жасалған төрелік келісімнің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі қоса берілмеген.

Соттар кейіннен қараусыз қалдыра отырып, АПК-нің 235-бабы екінші бөлігінің талаптарына сәйкес келмейтін өтініштерді қарауға жол береді.

Боян Тркуля «А» облыстық футбол командасы» ЖШС-мен жасалған және тұрақты жұмыс істейтін орган, аралық (төрелік) сот болып табылатын ФИФА/FIFA дауларын шешу жөніндегі палата бекіткен бітімгершілік келісімді орындату туралы атқару парағын беру туралы өтінішпен сотқа жүгінді.

Атырау облысы Атырау қалалық сотының 2019 жылғы 10 шілдедегі ұйғарымымен өтінішке төрелік келісім қоса берілмегендіктен, өтініш қараусыз қалдырылды.

Сот аталған өтінішті сот отырысында қарады, бұл ретте тараптарды сот талқылауы туралы хабардар етті.

Осылайша, жалпы республика бойынша сот практикасы әртүрлі. Кейбір соттар өтініштерді қабылдау сатысынан қайтарады, ал басқалары мұндай өтініштерді сот отырысында қарайды және қараусыз қалдырады.

Сотқа берілген өтініш АПК-нің 253-бабының екінші бөлігінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, ол АПК-нің 152-бабының екінші бөлігінде белгіленген тәртіппен қараусыз қайтарылуға жатады.

Заң шығарушының АПК-нің 152-бабының екінші бөлігінде көзделген тәртіпті сақтау қажеттілігіне сілтемесі өтінішті қабылдау сатысында өтінішті қайтару мүмкіндігін, оның ішінде өтінішті қайтару туралы мәселені шешу кезінде мерзімді сақтау қажеттігін куәландырады.

Көбінесе атқару парағын беру туралы өтініштер сотқа электрондық форматта жіберіледі, бұған АПК-де жол берілген.

Мәселен, Шығыс Қазақстан облысы Семей қалалық сотының 2020 жылғы 9 қыркүйектегі ұйғарымымен «Д» ЖШС-ның А.-ға қатысты атқару парағын беру туралы өтініші қайтарылды.

Электрондық форматта жіберілген өтінішке төрелік келісімнің түпнұсқасы немесе оның нотариалды куәландырылған көшірмесі қоса берілмегені, тараптар 2016 жылғы 22 қарашадағы қарыз қорытындысына офертаның қоса берілген көшірмесіне қол қоймағаны қайтаруға негіз болды.

Мұндай жағдайларда соттар формальды түрде қарауға тиіс емес, электрондық форматта берілген өтініштерді қарау кезінде соттар АПК-нің 253-бабының екінші бөлігінде көзделген құжаттарды тараптан талап етуге міндетті.

## **АПК-нің 253-бабы екінші бөлігінің 2) тармақшасын қолдану және түсіндіру**

АПК-нің 253-бабы екінші бөлігінің 2) тармақшасын қолдану мен түсіндіруде әртүрлі практика орын алады, оған сәйкес атқару парағын беру туралы өтінішке заңда белгіленген тәртіппен жасалған төрелік келісімнің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі қоса беріледі.

Өндіріп алушылар төрелік шешімді мәжбүрлеп орындату туралы өтінішпен соттарға жүгінген кезде жекелеген соттар төрелік келісімді ұсынбауға байланысты аталған әрекеттерді жасаудан бас тартады. Алайда, өтінішке қоса берілген шартта төрелік ескертпе қамтылған. Осыған байланысты судьялар төрелік келісім ұғымы нені білдіретінін түсінуі тиіс.

Заңның 8-бабының 1-тармағына сәйкес тараптардың арасында жасалған төрелік келісім болған кезде дау төреліктің қарауына берілуі мүмкін.

Заңның 2-бабының 4) тармақшасына сәйкес төрелік келісім – бұл тараптардың азаматтық-құқықтық қатынастардан туындаған немесе туындауы мүмкін дауды төрелікке қарауға беру туралы жазбаша келісімі.

Заңның 9-бабының бірінші бөлігіне сәйкес төрелік келісім, егер ол тараптар қол қойған құжатта төрелік ескерту түрінде қамтылса не субъектілерді және олардың ерік білдіруінің мазмұнын айқындайтын хаттар, жеделхаттар, телефонограммалар, факстар, электрондық құжаттар немесе өзге де құжаттар алмасу жолымен жасалған болса, жазбаша нысанда жасалды деп есептеледі.

Заңның 9-бабының нормалары төрелік келісімнің нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарды регламенттейді. Мәселен, Заңның 9-бабының 3-тармағына сәйкес Шарттағы дауды төреліктің шешуіне беру туралы талапты қамтитын құжатқа сілтеме, шарт жазбаша нысанда жасалған және бұл сілтеме төрелік келісімді шарттың бір бөлігі ретінде қарастырған жағдайда, төрелік келісім болып табылады.

Жоғарыда келтірілген нормаларды ескере отырып, АПК-нің 253-бабы екінші бөлігі 2) тармақшасының талаптарын орындау үшін төрелік ескертпесі бар шартты қоса тіркеу жеткілікті.

Төрелік келісім туралы мәселеге қатысты, соттың қарауына жататын бірінші және маңызды мәселе төрелік келісім жасасу мәселесі болып табылады. Заң шығарушының мұндай құжатты өтінішке қосу міндетін жүктеуі кездейсоқ емес, өйткені төрелік келісім төрелік келісімнің тараптары үшін заңды салдарға әкеп соғады және оның төрелік талқылауды жүргізуге өкілеттігін растай отырып, төрелік үшін заңды маңызы бар.

Төрелік келісім ұғымы және оны жасасу тәртібі мен нысаны туралы келтірілген нормалар мынадай тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді, бұл төрелік келісім бір құжатта жасалғанда, тараптар қол қойғанда және тараптардың дауды төрелікке беру туралы ниетін қамтығанда, төреліктің қарауына жататын нысана, нақты төрелік көрсетілгенде қиындық туғызбайды.

Сонымен қатар, заң субъектілерді және олардың ерік білдіруінің мазмұнын айқындайтын хаттар, жеделхаттар, телефонограммалар, факстар, электрондық және өзге де құжаттар алмасу арқылы төрелік келісім жасасуға мүмкіндік беретініне назар аударған жөн. Сот практикасында төреліктің істерді қарауы кездеседі, онда тараптар арасындағы төрелік келісімнің қорытындысы ретінде жауапкердің істі төреліктің қарауына келісетіні туралы өтініші қабылданған. Мұндай өтініштердің басым көпшілігінде төрелік келісімнің міндетті шарттары жоқ: төрелік қарауға жататын затты

көрсету және нақты төрелікті көрсету, оны сот тараптар арасында төрелік келісім жасаспау деп бағалауы тиіс.

АПК-нің 253-бабы екінші бөлігі 2) тармақшасының талаптарын орындау үшін мұндай шартты, яғни төрелік ескертуді қоса тіркеу жеткілікті.

Сондықтан, шартта төрелік ескерту болған кезде атқару парағын беруден бас тартатын соттардың әрекеті дұрыс емес.

### **Атқару парағын беру туралы өтініш беру мерзімі**

АПК-нің 253-бабының үшінші, төртінші бөліктеріне сәйкес атқару парағын беру туралы өтініш төрелік шешімді ерікті түрде орындау үшін мерзім аяқталған күннен бастап үш жылдан кешіктірілмей берілуі мүмкін.

Мерзімін қалпына келтіру туралы өтінішхат және растайтын құжаттар қоса берілмеген, белгіленген мерзімді өткізіп алу арқылы берілген атқару парағын беру туралы өтінішті сот қараусыз қайтарады, ол туралы ұйғарым шығарылады.

Ұйғарымға жеке шағым берілуі, прокурор апелляциялық сатыдағы сотқа өтінішхат келтіруі мүмкін, апелляциялық сотының шешімі түпкілікті болып табылады.

Егер атқару парағын орындау мерзімін өткізіп алған болса, соттардың өтініштерді қайтаруы дұрыс.

Мәселен, тұрақты жұмыс істейтін Алматы төрелігінің 2018 жылғы 7 қыркүйектегі шешімімен «А» АҚ-ның (бұдан әрі – Банк) Е.-ге, Р.-ға берешек сомасын бірлесіп өндіріп алу туралы талабы ішінара қанағаттандырылды.

Банктің тарату комиссиясы дебиторлық берешектің бар екендігі туралы банктің уақытша әкімшілігі берген қабылдау-тапсыру актісінен 2019 жылдың 1 наурызында ғана белгілі болғанын көрсете отырып, атқару парағын беру туралы өтінішпен сотқа жүгінді.

Апелляциялық сатыдағы сот өзгеріссіз қалдырған Алматы қаласы Медеу аудандық сотының 2022 жылғы 24 наурыздағы ұйғарымымен өтініш қайтарылды. Сот өтінішті қайтарудың негіздерінің бірі ретінде осындай өтінішті беру мерзімін өткізіп алуды көрсетті.

АПК-нің 126-бабының екінші бөлігіне байланысты, егер олар сот дәлелді деп таныған себептер бойынша өткізілмесе, АПК белгілеген мерзімдерді сот қалпына келтіре алады.

Сонымен бірге, сот себептерді дәлелді емес деп санады, өйткені банктің тарату комиссиясы құрылғанға дейін атқару парағын беру туралы сотқа жүгінуге жеткілікті уақыты болды.

Сол сияқты, сол негіздер бойынша сот банктің тарату комиссиясының және борышкер А.-ға қатысты (№ 7517-22-002м/1344) өтінішін қайтарды.

АПК-нің 253-бабының 5-1-бөлігіне сәйкес, егер АПК-нің 464-бабының бірінші бөлігінде белгіленген шағымдану мерзімі аяқталмаған болса, сот өндіріп алушыға атқару парағын беру туралы өтінішті қайтарады (ҚР 10.06.20 ж. № 342-VI Заңымен бап 5-1-бөлікпен толықтырылды).

Бүгінгі таңда соттар мұндай мәлімдемелерді келесі уәжбен қайтарады.

Мысалы, Атырау облысы Атырау қалалық соты судьясының 2021 жылғы 24 тамыздағы ұйғарымымен ДК Ж.-ның «Б» ДК-ге қатысты атқару парағын беру туралы өтініші қайтарылды. Сот АПК-нің 253-бабының 5-1-бөлігін, 464-бабының бірінші бөлігін басшылыққа ала отырып, өтінішке төрелік шешімнің күшін жою туралы өтінішхат беруге мерзімдерді есептеуге қажетті жауапкердің шешімді алғаны туралы дәлелдемелер қоса берілмегендігіне уәж келтірді.

Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданы № 2 аудандық соты судьясының 2021 жылғы 25 қарашадағы ұйғарымымен Р.-ға қатысты атқару парағын беру туралы «А» ЖШС-ның өтініші қайтарылды.

Сот АПК-нің 253-бабының 5-1-бөлігін, 464-бабының бірінші бөлігін басшылыққа ала отырып, өтінішке борышкердің төрелік шешімге шағымдану мерзімін есептеу үшін қажетті төрелік шешімді алғанын растайтын құжаттар қоса берілмегенін көрсетті.

Ақмола облысының МАЭС судьясының 2022 жылғы 28 наурыздағы ұйғарымымен «М» ЖШС-дан борыш сомасын өндіріп алу туралы төрелік шешім бойынша атқару парағын беру туралы «Е» ЖШС-ның өтініші қайтарылды. АПК-нің 253-бабының 5-1-бөлігін, 464-бабының бірінші бөлігін басшылыққа ала отырып, сот төрелік шешімді мәжбүрлеп орындату туралы өтініш төрелік шешімге шағымдану мерзімі аяқталғанға дейін берілді деген қорытындыға келді.

Соттар Заңның 45-бабының 3-тармағына сәйкес төрелік шешімге төреші (төрешілер) қол қойған күні күшіне енетінін назарда ұстаған жөн. Сондықтан, осы сәттен бастап ол орындалуға, соның ішінде мәжбүрлі түрде орындалуға жатады.

### **Өтінішті қарау нәтижелері бойынша ұйғарымның мазмұны**

АПК-нің 253-бабының тоғызыншы бөлігіне сәйкес арызды қарау нәтижелері бойынша сот атқару парағын беру туралы не оны беруден бас тарту туралы ұйғарым шығарады.

Анықтаманың мазмұны АПК-нің 269-бабы бірінші бөлігінің талаптарына сәйкес келуге тиіс.

Ұйғарымды жазу кезінде соттар өтінішті қанағаттандыруға қатысты немесе одан бас тарту туралы тұжырымдарды, өтініш АПК-нің 253-бабының екінші, үшінші бөліктерінің талаптарына сәйкес келетіні-келмейтінін көрсетпейді, сонымен қатар өтінішті бергені үшін мемлекеттік бажды және



қосымша шығыстарды өтеу жөніндегі мәселені шешу туралы соттардың тұжырымдары жоқ (Заңның 56-бабы).

Мысалы, «Т» Халықаралық төрелік агенттігінің 2018 жылғы 29 қазандағы шешімімен М. «З» ЖШС-ның пайдасына 174 250 теңге мөлшерінде берешек өндірілді. «З» ЖШС төрелік шешімін мәжбүрлеп орындату және атқару парағын беру туралы өтінішпен сотқа жүгінді.

Нұр-Сұлтан қаласы Алматы аудандық сотының 2019 жылғы 11 қарашадағы ұйғарымымен атқару парағы берілді.

Алайда, сот ұйғарымның қарар бөлігінде өтінішті қанағаттандыру туралы көрсетілмеген.

Сонымен қатар, сот ұйғарымның уәждеу бөлігінде тек заңдардың нормаларын тізіп, өтініштің негізділігі туралы қорытынды жасады, іс жүзінде қабылданған процесік шешімнің себептері көрсетілмеген.

Ақтөбе (№ 1510-19-00-2м/1946, № 1532-20-00-2м/181), Шығыс Қазақстан (№ 6368-19-00-2м/1635, № 6368-20-00-2м/479), Қарағанды (№ 3512-19-00-2м/8930) облыстар.

### **Шақыртулар мен хабарламалар**

Қорыту көрсеткендей, соттар борышкерге атқару парағын беру туралы келіп түскен өтінішті қарау туралы хабарламай, атқару парағын беру туралы өтініштерді қарау кезінде АПК-нің ережелерін бұзатын материалдар кездеседі.

Мәселен, Алматы қаласы Әуезов ауданының № 2 аудандық сотының 2020 жылғы 29 желтоқсандағы ұйғарымымен «О» ЖШС-ның Т.-дан берешек сомасын өндіріп алу туралы төрелік шешімді орындау бойынша атқару парағын беру туралы өтініші қанағаттандырылды.

Алматы қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылғы 22 маусымдағы ұйғарымымен материалды сол соттың жаңа қарауына жібере отырып, ұйғарымның күші жойылды.

Сот аудандық сот төрелік шешімді мәжбүрлеп орындатуға атқару парағын беру тәртібіне қатысты процесік құқық нормаларын бұзғанын көрсетті, өйткені өтінішті қарау кезінде сот борышкерді сот отырысының уақыты туралы хабардар ету жөнінде шаралар қолданбағаны анықталды. Материалда мұндай дәлелдемелер жоқ.

Атқару парағын беру туралы өтінішті қарау кезінде осыған ұқсас бұзушылықтарға (борышкерді хабардар етпеу) Атырау (№ 2310-19-00-2м/3118), Маңғыстау (№ 47-11-19-00-2м/2004), Жамбыл (№ 3110-21-00-2м/4346) облыстарының соттары жол берген.

**Төрелік шешімді мәжбүрлеп орындатуға атқару парағын беру туралы өтінішті қарау кезінде сот төрелік шешімді мәні бойынша қайта қарауға құқылы емес**

АПК-нің 253-бабының сегізінші бөлігіне сәйкес сот төрелік шешімді мәжбүрлеп орындатуға арналған атқару парағын беру туралы өтінішті қараған кезде төрелік шешімді мәні бойынша қайта қарауға құқылы емес. Осыған ұқсас талап ЮНСИТРАЛ үлгілік Заңында және Заңның 52-бабының 3-тармағында қамтылған.

Соттар көрсетілген норманың ережелерін дұрыс түсінеді, төрелік шешімдерді қайта қарау фактілері анықталмады.

### **АПК-нің 255-бабы бірінші бөлігінің ережелерін қолдану**

Сот, егер өзіне қарсы төрелік шешім қабылданған тарап сотқа:

- төрелік келісімнің – тараптар оны көндірген мемлекеттің заңдары бойынша, ал мұндай нұқсау болмаған кезде – шешім шығарылған елдің заңы бойынша жарамсыз болып табылатынына;

- төрелік шешім төрелік келісімде көзделмеген немесе оның шарттарына тура келмейтін дау бойынша шығарылғандығының не төрелік келісімнің шегінен шығатын мәселелер бойынша қаулылардан тұратынының, сондай-ақ даудың төреліктің ведомстволығына жатпайтыны салдарының;

- төрелік келісім тараптарының біреуін соттың әрекетке қабілетсіз не әрекет қабілеті шектеулі деп танығанының;

- өзіне қарсы шешім шығарылған тарап төрешінің тағайындалуы туралы немесе төрелік талқылау туралы тиісті түрде хабардар етілмегенінің немесе төрелікке сот дәлелді деп таныған басқа да себептермен өз түсініктерін бере алмағанының;

- сол бір тараптардың арасындағы дау бойынша, сол бір нысана туралы және сол бір негіздер бойынша шығарылған, заңды күшіне енген соттың шешімі немесе төрелік шешім не талап қоюшының талап қоюдан бас тартуына байланысты іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы соттың немесе төреліктің ұйғарымы болғанының;

- төрелік құрамы немесе талқылаудың төрелік рәсімі тараптардың келісіміне сәйкес келмегенінің немесе мұндай болмаған кезде төрелік талқылау өткізілген елдің заңдарына сәйкес келмегенінің;

- шешімнің әлі тараптар үшін міндетті болмағанының немесе оның күші жойылғанының немесе оның орындалуын заңына сәйкес ол шығарылған елдің соты тоқтата тұрғанының дәлелдемелерін ұсынса, төрелік шешімді мәжбүрлеп орындатуға арналған атқару парағын беруден бас тарту туралы ұйғарым шығарады.

Осылайша, ұйғарымда сот атқару парағын беруден бас тарту туралы қорытындыға келудің нақты негіздерін көрсету керек. Негіздердің тізімі заңда көзделген, сондықтан оны кеңейтіп түсіндіруге жатпайды.

АПК-нің 255-бабы бірінші бөлігінің 1) тармақшасының сөзбе-сөз мазмұны атқару парағын беруден бас тарту үшін оған қарсы төрелік шешім қабылданған тарап сотқа осындай негіздердің бар екендігі туралы дәлелдемелерді ұсынуға міндетті деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, соттар мұндай құжаттарды өтініш берушілер сотқа ұсынуы тиіс деп қате пайымдайтын және соның себебінен атқару парағын беру туралы өтінішті қанағаттандырудан бас тартатын сот актілері кездеседі. Ал бұған жол берілуі тиіс емес, өйткені мұндай тұжырымдар АПК-нің 255-бабы бірінші бөлігінің 1) тармақшасына сәйкес келмейді.

Мысалы: «І» коллекторлық агенттігі» ЖШС жауапкердің ерікті түрде шешім орындамағанына уәж келтіріп, өндіріп алушыны ауыстыру және Г.-ден берешекті және төрелік алымды өндіріп алу туралы төрелік шешімді орындау бойынша атқару парағын беру туралы өтінішпен сотқа жүгінді.

Алматы қаласы Әуезов ауданының № 2 аудандық сотының 2021 жылғы 21 маусымдағы ұйғарымымен өндіріп алушыны ауыстырудан және атқару парағын беруден бас тартылды, бұл борышкерді төрелік талқылау туралы тиісті хабардар ету туралы мәліметтердің болмауына негізделген.

Мұндай жағдайда бірінші сатыдағы сот бас тартты, өйткені өндіріп алушы борышкерді төрелік талқылау туралы тиісті хабардар еткені жөніндегі дәлелдемелер ұсынбады, ал Заңның тікелей көрсетілуіне байланысты мұндай дәлелдемелерді борышкер ұсынуы керек.

Сондықтан апелляциялық соттың мұндай тұжырымдармен келіспеуі дұрыс. Апелляциялық сатыдағы сот төрелік істің материалдарын зерттей отырып, төрелік борышкерге төрелік талқылаудың өткізілетіні туралы тиісті түрде хабарлағанын анықтады.

Сонымен қатар, борышкер Г. 2019 жылы сотқа төрелік шешімнің күшін жою туралы өтініш бергені анықталды, оның өтініші кері қайтарылған.

Көрсетілген мән-жайлар бірінші сатыдағы соттың ұйғарымының күшін жоюға негіз болды.

Осы іс сияқты «І» коллекторлық агенттігі ЖШС өндіріп алушыны ауыстыру және К.-ден борыш пен төрелік алым сомасын өндіріп алу туралы төрелік шешімді орындау бойынша атқару парағын беру туралы өтінішпен бірінші сатыдағы сотқа жүгінді.

Алматы қаласы Әуезов ауданының № 2 аудандық сотының 2021 жылғы 21 маусымдағы ұйғарымымен осы өтінішті қанағаттандырудан бас тартылды.

Сот АПК-нің 255-бабының бірінші бөлігіне сілтеме жасай отырып, атқару парағын беруден бас тарту үшін негіздемемен атқару парағын беру туралы өтініште жауапкерді тиісінше хабардар ету, оның смс-хабарлама

алуы не хабарламаны оның электрондық поштасына жіберілгені туралы мәліметтердің жоқ екенін көрсетті.

Апелляциялық сатыдағы сот мұндай тұжырымдармен келіспеді, бұл бірінші сатыдағы сот Заңның талаптарын бұрмалағанын, сонымен қатар борышкердің дәлелдерін тексеру үшін төрелік істі талап етпегенін көрсетті.

Апелляциялық сатыдағы сот төрелік істі талап етіп алдыртып, оның материалдарынан К.-нің тиісті түрде хабардар болмағаны, төрешінің тағайындалғаны немесе төрелік талқылау туралы дәлелдемелерді ұсынғаны анықталмады.

Бұған қоса, сот «І» коллекторлық агенттігі ЖШС-ның өндіріп алушыны ауыстыру туралы талабын қарамаған.

Сондықтан апелляциялық алқа мәселені бірінші сатыдағы соттың жаңа қарауына жібере отырып, ұйғарымның күші жойылуға жатады деген қорытындыға келді.

АПК-нің 255-бабы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген құжаттарды дәлелдеу ауыртпалығын сот өзіне жүктеген сот актілері кездеседі.

Сот практикасын талдау көрсетіп отырғандай, егер борышкердің төрелік талқылауға қатысуы қамтамасыз етілмеген жағдайда, сот тиісінше хабарлау мәселелерін және борышкер тарапынан өтініштер болмаған кезде борышкердің төрелік талқылауға өз бетінше келмеу себептерін анықтайтынын және төрешіні тағайындау және төрелік талқылауды өткізу туралы тиісті хабарламаның дәлелдері болмаған жағдайда атқару парағын беруден бас тартады, бұл дәлелдеу ауыртпалығы жағына түскен кезде АПК-нің 255-бабы бірінші бөлігінің 1) тармақшасының ережелеріне сәйкес келмейді, аталған ережелер бойынша дәлелдеу ауыртпалығы қарсы төрелік шешім шыққан тарапқа жүктеледі.

Алайда, бұл заңды бұзу болып саналмайды және мұндай тәсіл соттың формальды рөлін болдырмайды (АПК-нің 15-бабының төртінші бөлігі).

Мысалы, Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданының № 2 аудандық сотының 2021 жылғы 28 желтоқсандағы ұйғарымымен «Э» микроқаржы ұйымы» ЖШС-ның (бұдан әрі – ЖШС) В.-дан берешекті және төрелік алымды өндіріп алу туралы төрелік шешімді орындау бойынша атқару парағын беру туралы өтінішін қанағаттандырудан бас тартылды.

Соттың қорытындысы бойынша борышкерге төрелік талқылау туралы хабарланбаған. Бұл тұжырым борышкер В.-ның 2021 жылғы 25 қазанға төрелік талқылауды тағайындалғаны туралы SMS-хабарламаны, шақыру қағазын алмағаны жөнінде берген түсініктемелеріне, өндіріп алушы сотқа қарсы дәлелдемелер бермеуіне байланысты жасалған.

Қарағанды облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 16 наурыздағы ұйғарымымен соттың ұйғарымының күші жойылды, өтініш жаңа қарауға жіберілді.

Апелляциялық сатыдағы сот «О» ЖШС-дан істің материалдарын сұратты.

Іс материалдарын зерделеу арқылы төреші Б.-ның 2021 жылғы 22 қазанда +7-747-XXXXXXX ұялы телефон нөмірінен борышкердің 8-777-XXXXXXX ұялы телефон нөміріне 2021 жылғы 25 қазанға сағат 09:30-да төрелік отырысқа шақыру туралы мәтіндік смс-хабарлама жібергені анықталды. Бұл хабарлама 2021 жылғы 22 қазанда 11 сағат 11 мин. жеткізілді.

Қарсы төрелік шешім қабылданған төрелік талқылау тарабы, яғни борышкер В. сотқа осы хабарламаны алмағаны туралы дәлелдемелер ұсынбады.

Осылайша, апелляциялық сатыдағы сот бірінші сатыдағы сот борышкердің түсіндірмелерін тексермей, өндіріп алушыға атқару парағын беруден тек негізсіз мәлімдемелер негізінде бас тартты деген қорытындыға келді.

Сондықтан, осы іс бойынша сот заңды және әділ сот актісін шығару мақсатында іске қажетті мән-жайларды дербес анықтады. Төреліктің төрешіні тағайындау туралы немесе төрелік талқылау туралы тиісінше хабарламауы атқару парағын беруден бас тарту және төрелік шешімнің күшін жою үшін негіз болып табылады. Бұл ретте сот тараптың осындай негіздердің болуы туралы дәлелдемелерін және іске қатысатын адамдарды заң талаптарына хабардар ету жөніндегі төрелік әрекеттерінің сәйкестігін тексеруге міндетті.

Көптеген жағдайларда атқару парағын беруден бас тартуға негіз болған және процесік заңнаманың ережелерін әртүрлі түсіндіретін кейбір негіздерге толығырақ тоқталған жөн.

**1) Қарсы шешім шығарылған тарап төреліктің тағайындалуы туралы немесе төрелік талқылау туралы тиісті түрде хабардар болмаған немесе сот дәлелді деп таныған басқа да себептер бойынша төрелікке өз түсіндірулерін бере алмаған.**

Осы орайда бірнеше мән-жайларға байланысты төрелік талқылау жөнінде хабардар болмау және оған қатысуды қамтамасыз етпеу туралы сөз қозғалып отыр:

а) төреліктің төрешіні тағайындау туралы немесе төрелік талқылау туралы тиісінше хабарламауы.

Бұл ретте сот тараптың дәлелдерін және іске қатысатын адамдарды заң талаптарына хабардар ету жөніндегі төрелік әрекеттерінің сәйкестігін тексеруге міндетті.

б) Тарапқа төрешінің тағайындалуы және төрелік талқылау туралы хабарланды, бірақ ол объективті мән-жайларға байланысты өз түсініктемелерін бере алмады.

Бұл жағдайда қарсы төрелік шешім қабылданған тарап түсініктеме беруге кедергі келтіретін дәлелді себептердің бар екендігін дәлелдеуге міндетті. Бұл ретте пікір ұсынуды ғана білдірмейді, өйткені жауапкер туралы ғана емес, сонымен бірге қарсы шешім қабылданған тарап туралы сөз қозғалып отыр, бұған қоса түсініктемелер сот отырысында жүзеге асырылатын ауызша да болуы мүмкін.

**2) АПК-нің 255-бабы бірінші бөлігі 1) тармақшасының 7-абзацын дұрыс қолданбау**

Сот актілерін зерделеу кезінде соттар «шешім тараптар үшін әлі міндетті болған жоқ» негізі бойынша атқару парақтарын беру туралы өтініштерді қанағаттандырудан қате бас тартатыны анықталды.

АПК-нің 255-бабы бірінші бөлігі 1) тармақшасының 7-абзацына сәйкес, егер шешім тараптар үшін міндетті болып табылмаған жағдайда, төрелік шешімді мәжбүрлеп орындатуға атқару парағын беруден бас тартылуы мүмкін.

Осыған ұқсас норма Заңның 57-бабы 1-тармағы 1) тармақшасының 8-абзацының мазмұнына енгізілген.

Мысалы, «Қ» ЖШС А.-дан берешекті өндіріп алу туралы Батыс Қазақстан облысы бойынша халықаралық төреліктің 2020 жылғы 21 сәуірдегі шешімін мәжбүрлеп орындатуға атқару парағын беру туралы сотқа өтініш білдірді.

Борышкер сот отырысында өтінішпен келіспеді, оның берген түсіндіруі бойынша төреліктің шешімін алмаған, 340 000 теңге мөлшерінде өндіріп алынған қарыз сомасы туралы алғаш рет естіп отырған, шешімге дау айтуға ниеті бар, өйткені ол нақты 170 000 теңге сомасында қарыз алған.

Сотқа ұсынылған іс материалдарында борышкер А.-ға шешімнің көшірмесін тапсыру фактісін растайтын құжаттар жоқ, оның жіберілгені туралы мәліметтер ғана бар.

Сот пошта жөнелтілімінің ШПИ-кодын тексерді, «Қ» АҚ мәліметтері бойынша адресатқа пошта хабарламасы табыс етілмеген.

Осылайша, А.-ның шешім алмағаны туралы дәлелдері расталды.

Сот атқару парағын беру туралы өтінішті қанағаттандырудан бас тарту туралы қорытындыға келді. Сот өз қорытындысында төреліктің шешімі тараптар үшін әлі де міндетті емес деп уәждеді.

Көрсетілген жағдайда сот АПК-нің 255-бабы бірінші бөлігі 1) тармақшасының 6-абзацында және Заңның 57-бабы 1-тармағы 1) тармақшасының 7-абзацында көзделген негіз бойынша өтінішті қанағаттандырудан бас тартуы қажет болды (төреліктің құрамы немесе талқылаудың төрелік рәсімі тараптардың келісіміне сәйкес келмеді немесе ол болмаған кезде төрелік талқылау жүргізілген елдің заңдарына сәйкес келмеді).

Мәселен, Заңның 45-бабының 1-тармағына сәйкес істің мән-жайларын зерттегеннен кейін төрелік құрамына кіретін төрешілердің көпшілік даусымен шешім қабылдайды.

Егер регламентте өзгеше көзделмесе, шешім төрелік отырысында жарияланады. Төрелік шешімнің қарар бөлігін ғана жариялауға құқылы. Бұл жағдайда, егер Тараптардың регламентінде немесе келісімінде өзгеше мерзім белгіленбесе, дәлелді шешім шешімнің қарар бөлігі жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде тараптарға жіберілуге тиіс.

Соттар төрелік шешімнің тараптарға жіберілмегенін төрелік талқылау рәсімінің сәйкессіздігі ретінде бағалауға тиіс.

Сондықтан аталған іс бойынша соттың төрелік шешім тарап үшін әлі де міндетті болып табылмады деген тұжырымдары заңсыз болып табылады, өйткені сот туындаған құқықтық қатынастарға қолданылмауы тиіс заңды қолданды.

Заң тұжырымдамасына сәйкес төрелік шешім түпкілікті болып табылады және сотта да, төрелікте де мәні бойынша қайта қаралуға жатпайды, бұл Заңның 52-бабының 3-тармағында тікелей көзделген.

Заңның 45-бабының 3-тармағына сәйкес төрелік шешім төрелік талқылау орнында қабылданған болып есептеледі және оған төреші (төрешілер) қол қойған күні күшіне енеді, ал Заңның 54-бабының 1-тармағына сәйкес ол міндетті болып табылады, ол көрсетілген құқық нормасында тікелей көзделген.

Осылайша, «шешім тараптар үшін әлі міндетті болған жоқ» деген негіз бойынша сот қазақстандық төрелік шығарған төрелік шешімді мәжбүрлеп орындатудан бас тарта алмайды. Бас тарту үшін көрсетілген негіздеме шетелдік төрелік шешімдерге қатысты ғана және егер бұл шешім тараптар үшін әлі түпкілікті немесе міндетті болып табылмаған жағдайда ғана қолданылуы мүмкін.

### **Төрелік шешімді орындау Қазақстан Республикасының жария тәртібіне қайшы келеді**

АПК-нің 255-бабы бірінші бөлігі 2) тармақшасының ережелерін қолдану үшін борышкердің тарапынан дәлелдемелер ұсыну талап етілмейді, сотқа төрелік шешімді орындау Қазақстан Республикасының жария тәртібіне қайшы келетінін немесе төрелік шешім шығарылған дау Заңға сәйкес төрелік талқылаудың нысанасы бола алмайтынын анықтау жеткілікті.

Сот практикасында соттар осы негіз бойынша сот актілерін шығармаған.

### **АПК-нің 246-бабының нормасы төрелік шешімдерге қолданылмайды**

Төрелік шешімге АПК-нің 246-бабының нормасы қолданылмайды, бұл ретте соттар оны төрелік шешімдерге қатысты да қолдануда.

Мысалы, жеке сот орындаушысы Е. (бұдан әрі – ЖСС) борышкерлер П.-ға, Л.-ға, С.-ға тиесілі пәтерге өндіріп алуды қолдану жолымен «Қазақстанның үлкен қазылар алқасы» тұрақты жұмыс істейтін төрелігінің 2019 жылғы 15 наурыздағы шешімін орындау тәсілі мен тәртібін өзгерту туралы өтінішхатпен сотқа жүгінді.

Апелляциялық сатыдағы сот өзгеріссіз қалдырған Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық сотының 2019 жылғы 3 желтоқсандағы ұйғарымымен өтініш қанағаттандырылды. Дау айтылған пәтерге өндіріп алу жолымен төрелік шешімді орындау тәсілі мен тәртібі өзгертілді.

Іс материалдарын қарағанда, жоғарыда аталған шешім заңды күшіне енген және мәжбүрлеп орындату қолданылған.

2019 жылғы 24 шілдеде ЖСС атқарушылық іс жүргізуді қозғады. Орындау кезінде борышкерлерде ақшалай қаражаттың, салымдардың және өзге де мүліктің жоқтығы анықталды. Даулы пәтер банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді қамтамасыз етуге берілді, кепіл құны 4 494 000 теңге деп айқындалды.

Жергілікті соттар өтінішхатты қанағаттандырған, олардың келтірген уәж бойынша борышкерлер төрелік шешімді орындауға ешқандай шара қолданбаған, оларда өндіріп алуға болатын ақшалай қаражат, өзге мүліктің жоқтығы, ортақ жауапкершіліктің болуы, бұл ретте борышкерлердің жалғыз тұрғын үйіне өндіріп алуды қолдану үшін қандай да бір кедергілер анықталмаған.

АПК-нің 246-бабының бірінші бөлігіне Іс бойынша шешім немесе сот бұйрығын шығарған сот, сондай-ақ шешім орындалатын жердегі сот, егер атқарушылық әрекеттер жасауды қиындататын немесе мүмкін емес ететін мән-жайлар туындаса, сот орындаушысының өтінішхаты бойынша және (немесе) тараптардың арызы бойынша атқарушылық іс жүргізуде оны орындау тәсілін немесе тәртібін өзгертуі, атқарушылық іс жүргізуде тараптардың арызы бойынша сот шешімін орындауды кейінге қалдыруы немесе оның мерзімін ұзартуы мүмкін.

АПК бойынша атқарушылық іс жүргізу барысында туындаған барлық мәселелерді (орындау тәсілін немесе тәртібін өзгерту, кейінге қалдыру немесе бөліп төлеу және т.б.) сот шешеді, егер атқару парақтары сот актілері негізінде берілсе, яғни сот іс бойынша шешім немесе сот бұйрығын шығаруы тиіс.

Осы санаттағы істер бойынша төрелік шешімді төрелік шығарады, соттар төрелік шешімдердің күшін жоюы немесе күшінде қалдыруы мүмкін.



Сонымен бірге, сот АПК-нің 253-бабының негізінде өндіріп алушының өтініші негізінде төрелік сотты мәжбүрлеп орындатуға атқару парағын береді.

Республика судьяларының пікірлері екіге бөлінді. Кейбір соттар жоғарыда аталған АПК-нің нормасы тек сот актілеріне қолданылады деп санайды. Сондықтан олар қанағаттандырудан бас тартады. Басқа соттар аталған норманы аналогия бойынша қолдануға болады деп санайды.

Бірінші ұстаным дұрыс болады, өйткені АПК-нің 246-бабының сөзбе-сөз мазмұны шешім шығарған сотты болжайды.

Тиісінше, соттар төрелік шешімдерге қатысты төрелік шешімнің орындалуын кейінге қалдыруды, бөліп-бөліп төлеуді қолдана алмайды, өйткені соттар төрелік шешімдерге қатысты АПК-нің 246-бабының нормаларын қолданған жағдайда төрелік заңнаманың тұжырымдамасы бұзылады.

### **Сот шығыстарын бөлу мәселелері**

Заңның 56-бабына сәйкес төрелік шешімді мәжбүрлеп орындатуға байланысты қосымша шығыстар шешімді өз еркімен орындамаған тарапқа жүктеледі.

Салық кодексінің ережелерінде өтініш берушінің мемлекеттік бажды төлеу міндетінің қамтылуына байланысты, ал сотқа жүгіну төрелік шешімді өз еркімен орындамауынан туындандағандықтан, өтініш қанағаттандырылған жағдайда соттың борышкерге мемлекеттік бажды төлеу бойынша шығыстарды өтеу міндетін жүктейтіні заңды деп санаймыз.

Мысалы, Орал қаласының № 2 сотының 2020 жылғы 26 қазандағы ұйғарымы бойынша «Д» ЖШС-ның атқару парағын беру туралы өтініші бойынша сот аталған өтінішті қанағаттандыра отырып, өз еркімен шешімді орындамаған тарап Б.-дан мемлекеттік бажды Заңның 56-бабын басшылыққа алып өндіріп алған.

Алайда, қорыту соттардың басшылыққа алынатын заң нормаларын дұрыс қолдана бермейтіндігін көрсетті.

Мәселен, «У» ЖШС-ның атқару парағын беру туралы өтініші бойынша сот АПК-нің 109-бабын басшылыққа ала отырып, төрелік шешімді өз еркімен орындамаған борышкерден сот шығыстарын өндіріп алған (Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2020 жылғы 10 ақпандағы ұйғарымы).

Бұл жағдайда АПК-нің 109-бабын қолдануға болмайды.

Сот шығыстарын өндіріп алу кезінде Заңның 5-тарауы, сондай-ақ Төрелік регламенттері қолданылуға жатады.

## **Қазақстан Республикасының соттары шетелдік тұлғаларға қатысты атқару парақтарын бере алмайды**

Қазақстан Республикасының сотына шетелдік тұлғаларға қатысты атқару парақтарын беруді сұрайтын өтініштермен жүгіну жағдайлары анықталды. Соттар мұндай өтініштерді қабылдайды және мәні бойынша қарайды, бұған қоса қанағаттандырады, ал бұл АПК-нің 20-тарауының талаптарын өрескел бұзу болып табылады. Мәселен, Нұр-Сұлтан қаласының тұрақты жұмыс істейтін төрелік төрешісінің 2020 жылғы 1 қыркүйектегі шешімімен «Р» ЖШҚ-дан «М» ЖШС пайдасына 259 824 Ресей рубль сомасындағы берешек өндірілді, бұл 1 473 125 теңгеге тең, өкілдің қызметтеріне байланысты шығыстар 25 982 Ресей рубль, бұл 174 312 теңгеге тең, 5 598 Ресей рублінің төрелік алымы 31 736 теңгеге тең.

Төреліктің шешімі ерікті түрде орындалмады.

Нұр-Сұлтан қаласының Есіл аудандық сотының 2020 жылғы 23 қарашадағы ұйғарымымен «М» ЖШС-ның пайдасына жоғарыда аталған сомаларды «Р» ЖШҚ-дан (РФ, Челябинск қаласы) өндіріп алу туралы атқару парағы жазылды.

Атқару парағының жоғалуына байланысты өндіріп алушы көрсетілген ұйғарым бойынша атқару парағының телнұсқасын беру туралы өтінішпен қайтадан сотқа жүгінді.

Нұр-Сұлтан қаласы Есіл аудандық сотының 2021 жылғы 6 қазандағы ұйғарымымен өндіріп алушы Маркет 2050 ЖШС-ға атқару парағының телнұсқасы берілді. Сот өз қорытындысында атқарушы құжаттың жоғалуы өндіріп алушының құқықтарын бұзбауы тиіс деп уәж келтірген.

Осы орайда, сот шетелдік заңды тұлғаларға қатысты атқару парақтарын Қазақстан Республикасының соттары бере алмайтынын ескермеген.

### **3. Шетелдік төреліктердің төрелік шешімдерін тану және орындау**

АПК-нің 501-бабының бірінші, екінші бөліктеріне сәйкес татуласу келісімдерін бекіту туралы шешімдерді, қаулыларды және ұйғарымдарды, шетелдік соттардың сот бұйрықтарын, сондай-ақ шетелдік төреліктердің төрелік шешімдерін, егер осындай актілерді тану және орындау заңнамада және (немесе) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта не өзара негізде көзделсе, Қазақстан Республикасының соттары таниды және орындайды.

Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта өзгеше белгіленбесе, осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген актілерді тану және орындау шарттары мен тәртібі Заңда айқындалады.

Аталған құқық нормасының сөзбе-сөз мазмұны осы бап:

1) татуласу келісімдерін бекіту туралы шешімдерді, қаулылар мен ұйғарымдарды, шетелдік соттардың сот бұйрықтарын;

2) шетелдік төреліктердің төрелік шешімдерін тану және орындау үшін тараптар сотқа жүгінген кезде тараптардың құқықтық қатынастарын реттейді деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

**Қорыту көрсеткендей, соттар мұндай мәлімдемелерді қарау кезінде «шетелдік сот», «шетелдік төрелік», «төрелік», «төрелік сот» ұғымдарының аражігін ажыратпайды.**

Соның салдарынан соттар халықаралық нормаларды дұрыс қолданбайды.

Материалдардың көрсетілген санатын қарау кезінде халықаралық нормаларды (конвенциялар, келісімдер, шарттар және т. б.) дұрыс қолдану өте маңызды, өйткені сотқа қандай құжаттарды ұсыну, мемлекеттік бажды төлеу немесе төлемеу және т. б. байланысты болады.

Кейбір халықаралық нормаларда, мысалы, шаруашылық қызметті жүзеге асыруға байланысты дауларды шешу тәртібі туралы келісімде (Киев, 1992 жылғы 20 наурыз, бұдан әрі – келісім) мемлекет шығарған шешімді орындату туралы өтінішпен сотқа жүгінген кезде мемлекеттік баж төлеу көзделмеген (Келісімнің 8-бабы). Аталған Келісім осы Келісімді ратификациялаған шаруашылық дауларды қарайтын шетелдік мемлекеттік соттардың шешімдеріне қатысты қолданылады.

Нью-Йорк конвенциясы мемлекеттік сот жүйесіне жатпайтын, бірақ нақты дауды шешу үшін тұрақты жұмыс істейтін немесе төрелік (аралық сот) түрінде коммерциялық негізде жұмыс істейтін Қазақстан Республикасының төреліктері де, шетелдік төреліктер де, аралық соттар да шығарған төрелік шешімдерді орындау кезінде қолданылады.

Мысалы, Мәскеу қаласының төрелік сотының шешімімен 2020 жылғы 2 шілдеде «И» ЖШС-дан «Э» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – ЖШС) пайдасына 231 728,10 рубль өндіріп алу туралы шешім шығарылды.

Төрелік соттың шешімі заңды күшіне енгеннен кейін талап қоюшы шетел сотының шешімін орындату туралы Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына (бұдан әрі – МАЭС) жүгінді.

Сот өтінішті қанағаттандырды. Сот ұйғарымының сипаттау бөлігінде сот өтінішті қанағаттандыру туралы өз тұжырымдарын Нью-Йорк конвенциясымен негіздеген.

Дауды төрелік (аралық сот емес) емес, мемлекеттік соттар жүйесіне жататын Мәскеу қаласының төрелік соты қараған. Төрелік соттар мен төреліктер (аралық соттар) бірдей емес. Тиісінше, Нью-Йорк конвенциясы аталған материал бойынша құқықтық қатынастарға қолданылмайды, сот Келісімді басшылыққа алуы керек еді.

ЖШС Ақтау қаласының МАЭС-не көрсетілген өтінішпен жүгінген кезде мемлекеттік баж төледі.

Келісімнің 8-бабына сәйкес шешімді орындау мүдделі тараптың өтінішхаты бойынша жүргізіледі. Өтінішхатқа: шешімді мәжбүрлеп орындату туралы өтінішхат қозғалған шешімнің тиісті түрде куәландырылған көшірмесі; егер шешімнің мәтінінен көрінбесе, шешімнің заңды күшіне енгені туралы ресми құжат; процесс туралы екінші тарапты хабардар етілгені туралы дәлелдемелер; атқарушы құжат қоса беріледі.

Келісімде мемлекеттік бажды төлеу көзделмеген. Сондықтан сот мемлекеттік бажды қайтару мәселесін шешуі тиіс болатын.

Тарап Қазақстан Республикасының сотына Ресей Федерациясының төрелік сотының шешімін тану және орындау туралы өтінішпен жүгінетін және Қазақстан Республикасының соты осындай өтінішті қанағаттандыра отырып, өз тұжырымдарын Заңмен негіздейтін, ал бұл заңды бұзу болып табылатын материалдар кездеседі.

Мысалы, «А» ЖШҚ сотқа Ресей Федерациясының Новосібір облысының төрелік сотының 2021 жылғы 15 қыркүйектегі ұйғарымын тану және оны Қазақстан Республикасының аумағында мәжбүрлеп орындатуды шешу туралы өтінішпен жүгінді.

Астана қаласының МАЭС 2022 жылғы 26 сәуірдегі ұйғарымымен өтініш қанағаттандырылды.

Сот өз қорытындыларын төрелік шешімнің белгіленген мерзімде өз еркімен орындалмағаны, өтініш беруші келісімге сәйкес құжаттарды қоса бергені жөнінде уәж келтірді.

Бұл ретте сот өз тұжырымдарын Қазақстан Республикасының Төрелік туралы Заңына сілтеме жасай отырып негіздеген, алайда бұл жағдайда көрсетілген Заң қолданылмайды, өйткені Ресей Федерациясы Новосібір облысының төрелік соты сот органдарының жүйесіне кіреді, сот Келісімді және АПК-ні басшылыққа алуы тиіс (материал № 7119-22-00-2м/398).

Осындай бұзушылықтарға осы сот № 7119-22-00-2м/763, № 7119-22-00-2м/417, № 7119-22-00-2м/695 материалдары бойынша жол берген.

Халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена конвенциясының 27-бабына сәйкес қатысушы өзінің шартты орындамауын ақтау ретінде өзінің ішкі құқығының ережелеріне сілтеме жасай алмайды.

Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар оның заңдарынан басым болады және тікелей қолданылады (Конституцияның 4-бабы).

Сондықтан сот төрелігін жүзеге асыру кезінде соттар АПК-нің 427-бабының мәні бойынша соттың Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының нормаларын дұрыс қолданбауы сот актісінің күшін жоюға немесе өзгертуге негіз болуы мүмкін екенін назарда ұстауы тиіс. Халықаралық шарттың нормасын дұрыс қолданбау соттардың қолдануға жататын халықаралық шарттардың нормаларын қолданбауы немесе

қолдануға жатпайтын халықаралық шарттардың нормаларын қолданбауы немесе соттар халықаралық шарттардың нормаларын дұрыс түсіндірмеуге жол берген кезде болуы мүмкін.

АПК-де «төрелік» және «шетелдік төрелік» ұғымдарының аражігі ажыратылған. Мәселен, төрелік деп нақты дауды қарау үшін арнайы құрылған Қазақстан Республикасында құрылған және жұмыс істейтін төрелік немесе тұрақты жұмыс істейтін төрелік түсініледі.

Шетелдік төрелік деп Қазақстан Республикасынан тыс жерде құрылған және жұмыс істейтін, сондай-ақ нақты дауды қарау үшін арнайы құрылған төрелік немесе тұрақты жұмыс істейтін төрелік (мысалы, Ресей Федерациясының СӨП жанындағы ХФС және басқалар) түсініледі.

Сондықтан АПК-нің «Төрелік шешімді орындау» деген 20-тарауының (253-255-баптар) нормалары, шешімдері ҚР-да шығарылған төреліктер туралы сөз болғанда қолданылады.

Айта кету керек, АПК-нің 20-тарауының негізгі ережелері Нью-Йорк конвенциясына толық сәйкес келеді.

57-тараудың (501, 503-504-баптар) нормалары шетелдік төрелік шығарған төрелік шешімнің, яғни Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орындалуын реттейді.

Шетелдік төреліктердің төрелік шешімдерін тану және орындау туралы өтінішті қарау кезінде соттар қолдануы тиіс негізгі құжат (атқару парағын беру туралы) – Нью-Йорк конвенциясы.

Нью-Йорк Конвенциясының 1-бабының 1-тармағында осы Конвенция тараптары жеке және заңды тұлғалар болуы мүмкін даулар бойынша осындай шешімдерді тану және орындау сұралатын мемлекеттен өзге мемлекеттің аумағында шығарылған төрелік шешімдерді тануға және орындауға қатысты қолданылатыны тікелей көзделген. Ол сондай-ақ оларды тану және орындау сұралатын мемлекетте ішкі шешімдер болып саналмайтын төрелік шешімдерге қолданылады.

«Төрелік шешімдер» деген термині әрбір жеке іс бойынша тағайындалған төрешілер шығарған төрелік шешімдерді ғана емес, сонымен қатар тараптар жүгінген тұрақты төрелік органдар шығарған төрелік шешімдерді де қамтиды. Көрсетілген Конвенцияның 3-бабына сәйкес «әрбір Уағдаласушы Мемлекет төрелік шешімдерді міндетті деп таниды және оларды осы шешімдердің орындалуы сұралатын аумақтың процестік нормаларына сәйкес төмендегі баптарда жазылған шарттарда орындауға әкеледі».

ICSID Конвенциясының 54-бабының 3-тармағында төрелік шешімді орындау тәртібі аумағында осындай орындау сұралатын мемлекетте қолданылатын сот шешімдерін орындау туралы заңмен айқындалатыны бекітілген.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабында Қазақстан Республикасында халықаралық және шетелдік соттардың, сондай-ақ төрелік соттардың шешімдерін орындау тәртібі Қазақстан Республикасы ратификациялаған тиісті халықаралық шарттарда және осы Заңда айқындалатыны көзделген.

Заңның 7-тарауы Қазақстан Республикасында төрелік шешімдерді тану және орындау тәртібін, сондай-ақ мұндай тану мен орындаудан бас тарту негіздерін реттейді.

АПК-нің 503-бабының бірінші бөлігіне сәйкес пайдасына төрелік шешім шығарылған сот, төрелік талқылау тарабы оларды мәжбүрлеп орындату туралы:

- дауды қарау орны бойынша;
- борышкердің тұрғылықты жері бойынша;
- заңды тұлға органының орналасқан жері бойынша;
- егер тұрғылықты жері немесе орналасқан жері белгісіз болса, онда борышкердің мүлкі орналасқан жерде арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

АПК-нің 503-бабының екінші бөлігіне және Нью-Йорк Конвенциясының 4-бабына сәйкес төреліктің шешімін тануды және орындауды сұрайтын тарап осындай өтініш берген кезде сотқа:

- 1) төрелік шешімнің түпнұсқасы немесе көшірмесін.
- 2) заңда белгіленген тәртіппен жасалған төрелік келісімнің түпнұсқасы немесе нотариат куәландырған көшірмесін ұсынуға міндетті.

Егер төрелік шешім немесе келісім осы шешімді тану және орындау сұралатын елдің ресми тілінде жазылмаса, осы шешімді тану және орындау туралы сұрайтын тарап осы құжаттардың осындай тілге аудармасын ұсынады. Аударманы ресми немесе алқаби аудармашы немесе дипломатиялық немесе консулдық мекеме куәландырады.

Сонымен қатар, «Азаматтық істер бойынша сот шешімі туралы» 2003 жылғы 11 шілдедегі № 5 нормативтік қаулының (бұдан әрі – «Сот шешімі туралы» НК) 30-тармағында шетелдік соттар мен төреліктерді шешімдерін мәжбүрлеп орындату туралы өтінішхатқа, әдетте:

- мәжбүрлеп орындату туралы рұқсат сұралып отырған шешімнің тиісінше куәландырылған көшірмесі;
- шешімнің заңды күшіне енгені туралы ресми құжат, егер осы мән-жай шешім мәтінінен байқалмайтын болса;
- өзіне қарсы шешім шығарылған тараптың іс жүргізу әрекетіне қабілетсіздігі жағдайында тараптың немесе оның өкілінің процесс туралы тиісінше хабардар болғанын растайтын дәлелдемелер;
- шешімнің ішінара орындалғаны туралы белгісі бар атқару құжаты, егер осындай шешім болған жағдайда;

- келісім-шарт бойынша соттылық туралы істер жөнінде тараптардың осы мәселе бойынша келісімін растайтын құжат қоса тіркелетіні көрсетілген.

Осыған байланысты соттар Нью-Йорк конвенциясының ережелерін қолдануы тиіс, өйткені НК-нің 30-тармағында «әдетте» деген сөз қолданылады.

АПК-нің 503-бабының екінші бөлігінде өтінішке қоса тіркелуге жататын құжаттардың тізбесі ғана емес, сондай-ақ көшірмелерде ұсынылатын құжаттарды куәландыру нысанына қойылатын талаптар да қамтылған. Олар куәландырылуы тиіс.

Мысалы, Алматы қаласы МАЭС-нің 2022 жылғы 2 наурыздағы ұйғарымымен «Н» компаниясының (бұдан әрі – Компания) Қазақстан Республикасының аумағында Қытайдың Халықаралық экономикалық және сауда төрелік комиссиясының (СИЕТАС) 2020 жылғы 29 сәуірдегі Төрелік шешімін мәжбүрлеп орындату және «N» ЖШС-дан Компанияның пайдасына берешекті және төрелік алымды өндіріп алу туралы атқару парағын беру туралы өтініші қанағаттандырылды.

Апелляциялық сатыдағы сот аталған сот актісінің күшін жойып, материалды жаңадан қарауға жіберді.

Күшін жою негіздерінің бірі Компанияның өтінішке құжаттардың нотариалды куәландырылған фотокошірмелерін қоса бергені болды.

Қолдарында құжаттардың түпнұсқалары бола тұра, өтініш беруші фотоға түсірген және нотариус куәландырған көшірмелерін жасаған, сонымен нотариус құжаттардың түпнұсқаларының тікелей көшірмелерін емес, осы көшірмелердің фотосуреттерін куәландырған.

Осылайша, бірінші сатыдағы сот сотқа берілген өтініштің жоғарыда аталған талаптарға сәйкестігін тексермей, өтінішті қанағаттандырды.

Мұндай жағдайларда соттың АПК-нің 152-бабының екінші бөлігінде белгіленген тәртіппен өтінішті қайтаруға барлық негіздері болды.

Талап етіп алдырту, төрелік шешімде белгілер немесе оның заңды күшіне енгені туралы анықтама талап етілмейді. Соттың мұндай нұсқаулары процестік заңнаманың бұзылғанын көрсетеді.

Нью-Йорк конвенциясының 3-бабына, Салық кодексінің 609, 610-баптарына сәйкес өтініш білдірген тарап мемлекеттік бажды төлеуге тиіс.

Егер мемлекеттік баж төленбесе немесе қажетті құжаттар қоса берілмесе, мұндай өтініш қабылдау сатысынан бастап АПК-нің 152-бабының екінші бөлігінде белгіленген тәртіппен қайтарылуға тиіс.

АПК-нің 503-бабының үшінші бөлігіне сәйкес атқару парағын беру туралы өтініш актілерді ерікті түрде орындау үшін мерзім аяқталған күннен бастап үш жылдан кешіктірілмей берілуі мүмкін.

АПК-нің 503-бабының төртінші, бесінші, алтыншы бөліктерінде белгіленген мерзімді өткізіп алып берілген не қажетті құжаттар қоса берілмеген атқару парағын беру туралы өтінішті сот қараусыз қайтарады, ол туралы ұйғарым шығарылады, оған жеке шағым берілуі мүмкін, осы Кодексте белгіленген тәртіппен прокурор өтінішхат келтіруі көзделген.

Егер көрсетілген мерзімді өткізіп алу себептерін дәлелді деп тапса, сот атқару парағын беру туралы өтініш беру мерзімін қалпына келтіруге құқылы.

Мұндай өтінішті сот АПК-нің 126-бабына сәйкес қарайды.

Атқару парағын беру туралы өтінішті судья сотқа өтініш келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде жеке-дара қарайды.

АПК-нің 503-бабының жетінші бөлігінде өндіріп алушының осы Кодекстің 501-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген актілерді мәжбүрлеп орындату туралы келіп түскен өтініштері туралы, сондай-ақ олардың сот отырысында қаралатын орны мен уақыты туралы сот борышкерді хабардар ететіні көзделген. Өндіріп алушыға оның өтініші қаралатын орны мен уақыты туралы да хабарланады. Борышкердің немесе өндіріп алушының сот отырысына келмеуі, егер борышкерден сот отырысына келе алмаудың дәлелді себептерін көрсете отырып, өтінішті қарауды кейінге қалдыру туралы өтініш түспесе, өтінішті қарауға кедергі болып табылмайды.

Өтінішті қарау нәтижелері бойынша сот атқару парағын беру туралы не оны беруден бас тарту туралы ұйғарым шығарады.

Атқару парағын беру туралы соттың ұйғарымы дереу орындалуға тиіс.

**АПК-нің 503-бабының сегізінші бөлігіне сәйкес, төрелік шешімді мәжбүрлеп орындатуға атқару парағын беру туралы өтінішті қарай отырып, сот төреліктің шешімін мәні бойынша қайта қарауға құқылы емес, бұл АПК-нің 503-бабының сегізінші бөлігінде және ЮНСИТРАЛ үлгілік Заңында тікелей регламенттелген.**

Мәселен, Павлодар облысы МАЭС-нің 2020 жылғы 11 тамыздағы ұйғарымымен «Д» ЖАҚ-тың Қазақстан Республикасының аумағында «Е» ЖШС-дан берешекті, өсімпұлды және төрелік алымды өндіріп алу және атқару парағын беру туралы Украинаның Сауда-өнеркәсіп палатасы жанындағы халықаралық коммерциялық төрелік сотының 2016 жылғы 2 маусымдағы шешімін мәжбүрлеп орындату туралы өтініші қанағаттандырылды.

Сот қарау кезінде борышкердің борыш сомасымен келіспеу бөлігінде қарсылығын қабылдамады және мұндай өтінішті қарау кезінде соттың төрелік шешімді мәні бойынша қайта қарауға құқығы жоқ екенін дұрыс көрсетті.

Сонымен бірге сот шетелдік төреліктер шығарған төрелік шешімдерді орындау кезінде қолданылмайтын 2002 жылғы 7 қазандағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық



катынастар туралы халықаралық нормаларды, келісімді және конвенцияны (Кишинев қ.) басшылыққа алған.

**АПК-нің 504-бабына сәйкес атқару парағын беруден бас тарту және беру осы Кодекстің 20-тарауында көзделген қағидалар бойынша жүзеге асырылады.**

АПК-нің 253-бабының тоғызыншы бөлігіне сәйкес арызды қарау нәтижелері бойынша сот төрелік шешімді келтіру және орындау туралы және атқару парағын беру туралы не оны беруден бас тарту туралы ұйғарым шығарады. Атқару парағын беру туралы соттың ұйғарымы дереу орындалуға тиіс.

АПК-нің 504-бабына сәйкес атқару парағын беруден бас тарту және беру осы Кодекстің 20-тарауында көзделген қағидалар бойынша жүзеге асырылады деп көзделген.

Бұл ретте бас тарту Нью-Йорк Конвенциясының 5-бабында көзделген негіздер бойынша ғана мүмкін болады.

Атқару парағын беруден бас тарту Нью-Йорк конвенциясында көзделген нақты негізді көрсете отырып, дәлелді болуға тиіс.

Өтінішті қарау нәтижелері бойынша сот мыналарды шығарады:

- қайтару туралы ұйғарым;
- сот шешімін тану және орындауға рұқсат беру және атқару парағын беру туралы ұйғарым;
- халықаралық шартта көрсетілген негіздер бойынша бас тарту туралы ұйғарым.

Жалпы алғанда, соттар негізінен Нью-Йорк Конвенциясының ережелерін дұрыс қолданады және шетелдік төрелік шешімді орындаудан бас тартқан жағдайда, аталған Конвенцияның ережелеріне сілтеме жасай отырып, бас тартуды негіздейді.

### **Жеке ұйғарымдар**

2019-2022 жылдар аралығында республика соттары материалдардың қорытылатын санаты бойынша 3 жеке ұйғарым шығарды, оның 2-нің кассациялық сатыдағы сот күшін жойды, өйткені сот актілерінде көрсетілген бұзушылықтар орын алмаған.

Мәселен, 2020 жылғы 20 наурызда Батыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы «Батыс Қазақстан облысы бойынша Халықаралық төрелік» ЖШС-ға қатысты жеке ұйғарым шығарды.

Апелляциялық сатыдағы сот «Батыс Қазақстан облысы бойынша Халықаралық төрелік» ЖШС-ның азаматтық-құқықтық дауларды заңсыз шешуіне қатысты заңды тұлғаның жауапкершілігі туралы мәселені қарау қажеттігіне Қазақстан Республикасы Әділет министрінің назарын аударды.

Сондай-ақ тиісті тексеру жүргізу және кінәлі тұлғаларға ден қою шараларын қабылдау үшін заң бұзушылық фактілері туралы Батыс Қазақстан облысы прокурорының назарына жеткізілді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2020 жылғы 3 қарашадағы қаулысымен Батыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2020 жылғы 20 наурыздағы жеке ұйғарымының күші жойылды, өйткені аталған төреліктің ведомстволық қарауына жатпайтын дауды қарау фактісі орын алмаған. Осыған байланысты бірінші сатыдағы соттың ұйғарымы күшінде қалдырылды, апелляциялық сатының қаулысының күші жойылды.

Сондай-ақ Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылғы 21 сәуірдегі қаулысымен Батыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2020 жылғы 27 қарашадағы «Ғ» төрелік соты ЖШС-ның (бұдан әрі – ЖШС) өтінішхаты бойынша келіп түскен жеке ұйғарымының күші жойылды, өйткені жеке ұйғарымда көрсетілген ЖШС-ның тарапынан бұзушылық орын алмаған.

Кассациялық саты күшін жойған жеке ұйғарымдар АПК-нің 269-бабының талаптарын бұза отырып шығарылған. Оларда апелляциялық сатыдағы соттың пікірі бойынша жеке ұйғарым шығарылған тарап бұзған нақты нормативтік-құқықтық актілер көрсетілмеген. Ең бастысы, заң бұзушылықтар орын алмаған, соттың бұл бөлімдегі қорытындылары негізсіз сипатта болды, бұл кассациялық сатыдағы соттың қаулыларында көрсетілген.

АПК-нің 270-бабының бірінші бөлігіне сәйкес сот заңдылықты бұзу жағдайлары анықталған кезде жеке ұйғарым шығарады.

«Соттардың азаматтық істер бойынша жеке ұйғарымдар шығару практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2010 жылғы 25 маусымдағы № 1 нормативтік қаулысының 1, 2-тармақтарында заңдылықты бұзу деп нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келмейтін іс-әрекеттерді түсіну керек екендігі түсіндіріледі.

Осылайша, егер сот дауды қарау кезінде сот жеке ұйғарым шығаруға шешім қабылдаған тараптың қандай нақты құқықтық норманы бұзғанын анықтамаса, онда сотта жеке ұйғарым шығаруға негіз жоқ.

**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының  
азаматтық істер жөніндегі сот алқасы**

**«Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Бюллетені -  
Бюллетень Верховного Суда Республики Казахстан» ресми  
басылымының оқырмандарына арналған  
САУАЛНАМА**

**Құрметті оқырмандар!**

Сіздерден бірнеше сұрақтарға жауап беру арқылы «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Бюллетені – Бюллетень Верховного Суда Республики Казахстан» ресми басылымы (бұдан әрі – Басылым) жұмысының тиімділігін арттыруға атсалысуды өтінеміз.

**Т.А.Ә., жұмыс орны, байланыс деректері (қалауы бойынша  
толтырылады)**

---

1. Басылымда жарияланатын материалдардың сапасы Сіздің көңіліңізден шыға ма?

---

2. Басылымның көлеміне көңіліңіз тола ма? Сіздің ұсыныстарыңыз?

---

3. Басылымды шығару мерзіміне қатысты ойларыңызбен бөліссеңіз. Сіздің ұсынысыңыз (ай сайын, тоқсан сайын, жартыжылда бір рет немесе басқа нұсқа). Қай нұсқаны қолдайсыз?

---

4. Сізді қандай материалдар қызықтырады (сұхбат, сұрақ-жауап форматы, ғылыми мақалалар, шешімдер, нақты істер бойынша қаулылар, сот практикасына шолулар, басқалар).

---

5. Алдағы уақытта басылымда қандай материалдардың (айдарлардың) жарияланғанын қалайсыз?

6. Басылымның жұмысын жақсарту жөніндегі өзге де ұсыныстарыңыз бен тілектеріңіз:

---

---

---

---

## *Құрметті оқығандар!*

Біз «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Бюллетені – Бюллетень Верховного Суда Республики Казахстан» басылымының жаңа нөмірлерін дайындау кезінде Сіздердің ұсыныстарыңыз бен тілектеріңізді міндетті түрде ескереміз.

Толтырылған сауалнаманы, сондай-ақ ұсыныстарыңыз бен тілектеріңізді 2023 жылғы 25 маусымға дейін мына байланыс телефонына: 8 (7172) 71-02-06 немесе 707-0206@sud.kz, tusupbekovavs@mail.ru мекенжайы бойынша эл.почтаға жіберуді сұраймыз.

**Құрметпен, редакция ұжымы**

**АНКЕТА**  
**для читателей официального издания «Қазақстан Республикасы**  
**Жоғарғы Сотының Бюллетені – Бюллетень Верховного Суда**  
**Республики Казахстан»**

**Уважаемые читатели!**

Просим Вас, ответив на несколько вопросов, оказать содействие в повышении эффективности работы официального издания «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Бюллетені – Бюллетень Верховного Суда Республики Казахстан» (далее – Бюллетень).

**Ф.И.О., место работы, контактные данные (заполняется по желанию)**

---

1. Удовлетворяет ли Вас качество публикуемых в Бюллетене материалов?

---

2. Устраивает ли Вас объем журнала? Ваши предложения?

---

3. Поделитесь мыслями относительно периодичности выхода журнала. Ваши предложения (ежемесячно, ежеквартально, полугодие и другие варианты). Какой вариант поддерживаете?

---

4. Какие материалы Вас интересуют (интервью, формат вопрос – ответ, научные статьи, решения, постановления по конкретным делам, обзоры судебной практики, другое)?

---

5. Какие материалы (рубрика) Вы бы хотели видеть на страницах издания в ближайшее время?

---

6. Иные Ваши предложения и пожелания по совершенствованию работы издания:

---

---

---

---

## *Дорогие читатели!*

При подготовке новых номеров издания «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Бюллетені – Бюллетень Верховного Суда Республики Казахстан» мы непременно учтем все ваши предложения и пожелания.

Просим Вас направить заполненную анкету, а также Ваши предложения и пожелания по контактному телефону: 8 (7172) 71-02-06 либо на эл.почту по адресам: [707-0206@sud.kz](mailto:707-0206@sud.kz), [tusupbekovavs@mail.ru](mailto:tusupbekovavs@mail.ru) до 25 июня 2023 года.

**С уважением, коллектив редакции**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ  
СОТЫНЫҢ БЮЛЛЕТЕНІ**  
ресми басылым

**БЮЛЛЕТЕНЬ**  
**ВЕРХОВНОГО СУДА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**  
официальное издание

Басуға 05.05.2023 ж. қол қойылды.  
Пішімі 60x84 <sup>1</sup>/<sub>8</sub>. Қаріп түрі “Times New Roman”  
Офсеттік басылым. Таралымы 1 792 дана. Тапсырыс № 602.

Подписано в печать 05.05.2023 г.  
Формат 60x84 <sup>1</sup>/<sub>8</sub>. Шрифт “Times New Roman”  
Печать офсетная. Тираж 1 792 экз. Заказ № 602.

«Big Dream» ЖШС баспаханасында басылды.  
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, К.Байсейітова көшесі, 114/2.  
Тел.: 37-70-74